**Аннотация:** В условиях дальнейшего развития рыночных отношений особую актуальность приобретают внутренние организационно-структурные вопросы правовой системы. Важность своевременного решения вопроса о правовой системе и ее компонентах вытекает из необходимости повышения эффективности права в регулировании общественных отношений и обеспечении надлежащего применения его норм.

С момента обретения независимости Республика Казахстан разработала политику «открытых дверей» для иностранных инвесторов, желающих вкладывать средства в экономику страны. Со временем изменившиеся подходы и механизмы создали благоприятную среду для инвесторов, а также соответствующие поправки в законодательство. Сегодня Казахстан – динамично

развивающаяся страна с большим потенциалом. Безусловно, становление и развитие инвестиционного права происходило не в одночасье, а основывалось на разрешении давних споров и проблем.

В данной статье рассматривается, что система инвестиционного права как комплексной отрасли права состоит из правовых институтов, которые характеризуются своим влиянием на инвестиционные отношения и различаются по размеру. При этом институты инвестиционного права характеризуются тем, что их нормы одновременно составляют сущность регулирования других (базовых) отраслей права.

Ключевые слова: инвестиции, инвестиционное законодательство, иностранные инвестиции, инвестиционное право, инвестиционные отношения

## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

**Annotation.** In the context of further development of market relations, the internal organizational and structural issues of the legal system are particularly relevant. The importance of timely resolution of the issue of the legal system and its components arises from the need to increase the effectiveness of law in regulating public relations and ensuring the proper use of its norms.

Since gaining independence, the Republic of Kazakhstan has developed an "open door" policy for foreign investors willing to invest in the country's economy. Over time, the changed approaches and mechanisms have created a favorable environment for investors, as well as appropriate amendments to the legislation. Today, Kazakhstan is a rapidly developing country with great potential. Of course, the formation and development of investment law did not appear overnight, but was based on the resolution of long-standing disputes and problems.

This article considers that the system of investment law as a complex branch of law is composed of legal institutions that are characterized by their impact on investment relations and differ in size. In this case, the institutions of investment law are characterized by the fact that their rules simultaneously form the essence of the regulation of other (basic) areas of law.

**Key words:** investment, investment legislation, foreign investment, investment law, investment relations

Инвестициялық құқық құқықтың кешенді саласы ретінде құқықтың әртүрлі салаларымен тығыз өзара байланысты. Құқық жүйесінің құрамдас элементтері ретінде құқықтың салалары бір-бірімен түйіседі және өзара әрекеттер жасайды. Құқық жүйесінің көп деңгейлілігі әртүрлі деңгейдегі байланыстарды тудырады.

Инвестициялық және азаматтық құқық - инвестициялық құқық үшін азаматтық құқық - «аналық» сала, немесе инвестициялық-құқықтық нормалардың «негізгі тіркелген орны». Инвестициялық қатынастардың едәуір бөлігі - азаматтық-құқықтық қатынастар, тараптардың теңдігінде емес, бағану билігіне негізделген қатынастар-инвестициялық жалпылама-құқықтық

қатынастар. Демек, инвестициялық және азаматтық құқық арасында шектеулер құқықтық реттеу әдісімен жүргізіледі.

Инвестициялық және әкімшілік құқық - бұлардың өзгешеліктері құқықтық реттеудің табиғи мәні мен әдісінен көрінеді. Императивтік әдістің көмегімен реттелетін инвестициялық қатынастар - инвестициялық жалпылама-құқықтық қатынастар; олардың атқарушы билік саласында (мемлекеттік басқару) пайда болған түрлері - әкімшілік қатынастарға жатады: мемлекеттік басқарудағы инвестициялық қатынастар және инвестициялық қызметтің мемлекеттік реттеудегі қатынастар, оның ішінде инвестицияларды лицензиялау, сертификаттау, мемлекеттік қолдау, инвесторлардың әкімшілік жауапкершілігі, т.б.

Инвестициялық және халықаралық жалпылама құқық - инвестициялық және халықаралық құқықтың өзара іс-әрекеті халықаралық инвестициялық жалпылама құқықтың пайда болуына жеткізді. Халықаралық инвестициялық жалпылама құқықтың реттеу саласына халықаралық жалпылама құқық субъектілері арасында, шетел инвестициялары саласында ең алдымен мемлекеттер, халықаралық ұйымдар мен халықаралық жалпылама құқықтың басқа да субъектілерімен арасында туындайтын қатынастар жатады.

Инвестициялық және халықаралық жекеменшік құқық - олардың шектелу негізіне құқықтық реттеудің табиғи мәні мен әдісі алынады, мұндағы халықаралық жалпылама құқықтан өзгешелігі сол - шетел инвестициялары жөніндегі халықаралық инвестициялық жеке меншік құқықтың субъектілері арасында қатынастар пайда болады. Олардың өзара іс-әрекеті нәтижесінде аралас құқықтық институт - халықаралық инвестициялық жеке меншік құқығы қалыптасады.

Инвестициялық және қаржылық құқық- инвестициялық және қаржылық құқықтың ортақтығы мемлекет пен әртүрлі халықаралық қаржы ұйымдарының (МБРР, МФК, МАР, МАГИ, т.б.) инвестициялық қызметке кеңінен қатысуымен сыпатталады. Мұнда мемлекеттік (бюджеттік) инвестицияларды жоспарлау мен жүзеге асыруда пайда болатын қатынастар инвестициялық қатынастардың өзіндік тобын құрайды. Инвестициялық және қаржылық құқық шеңберінде кейін мемлекеттік қарыз мемлекеттік (бюджеттік инвестициялаудың) аралас құқықтық институттар құрылды.

Инвестициялық және тау-кен құқығы - бұлар өзара тығыз байланысты, жер қойнауын пайдалану саласындағы инвестициялық қатынастар құқықтың екі саласының реттеу мәні. Бұлардың өзара іс-әрекеті нәтижесінде жер қойнауы саласында инвестициялардың құқықтық реттеуі ретінде аралас құқықтық институттар инвесторлардың жер қойнауын пайдалану құқығы, жер қойнауын пайдалануға инвестициялық келісімшарттар - концессия, өнім бөлісі жөніндегі келісім, сервистік келісімшарт, т.б. пайда болды.

Ең соңында инвестициялық құқық (қылмыстық инвесторлардың заңнаманы бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілігі) құқықпен, еңбек (инвесторлардың тәртіптік және материалдық жауапкершілігі) құқығымен, экологиялық (инвесторлардың қызметті жүзеге асыруда экологиялық талаптарды сақтауы) құқық пен жер (инвесторлардың жер пайдалану құқы)

құқығымен өзара іс-әрекет жасайды. Егер құқықтың негізгі саласына сыпаттама беруде оның бір саласын екіншісінен шектеу проблемасы басты болып келсе, құқықтың кешенді саласына сыпаттама жасауда оның құқықтың аралас салаларымен өзара байланысы мен өзара іс-әрекетін көрсету маңызды [1, 42б.].

Құқық функциялары - оның құқық субъектілерінің қызмет әрекеттеріне ықпал етудің негізгі бағыттары. Құқық теориясында құқықтың реттеушілік, қорғаушы, тәрбиелік және идеологиялық функциялары дәстүрлі болып келеді. Бұл соңғысына - идеологиялық функцияға ерекше екіпін жасалған: идеология функция қоғамдық қатынастар мен адам өмірінің рухани саласын [2, 123б.] реттеу мен қорғауға бағытталады деп саналды.

Қазіргі уақытта құқық функцияларының негізгі бөлінісі - реттеушілік және қорғаушылық функциялар сақталған. Құқық-қоғамдық қатынастардың негізгі реттеушілерінің бірі, іс-әрекеттің белгілі бір ережелерін белгілейді, сөйтіп қоғамдық қатынастарды реттейді (реттеушілік функция).

Құқықтың қорғаушылық функциясы құқықтың өзін-өзі қорғауынан көрініс алады, егер құқықтық талаптар бұзылған жағдайда оны бұзғандар үшін тиісті құқықтық зардаптар туындайды. Шын мәнінде құқық реттеуші және қорғаушылық функция атқарады, бірақ, біздің ойымызша, бұл жерде құқықтың тәрбиелік функциясының маңызын бағаламауға болмайды. Сонымен бірге құқық қоғамдық қатынастарды реттейді және құқықтық нормаларды мемлекеттік мәжбүр ету шараларымен қамтамасыз етеді, сондай-ақ азаматтарды заңды құрметтеу және оның талаптарын еркімен орындауға тәрбиелейді. Жалпы құқықтық нигилизмнің қазіргі жағдайында құқықтың тәрбиелік рөлі ерекше жоғары. Заң алдындағы жауапкершіліктің басталғанын анықтайтын қорғаушылық нормаларды орнықтыру көмегімен ғана құқықтық талаптардың орындалуын қамтамасыз ету мүмкін емес, ерекше әлеуметтік құбылыс ретінде құқықтың мақсатын толық көлемінде жүзеге асыру керек. Осы функцияға қандай анықтама берілетін болады (егер «тәрбиелік функция» термині қолайлырақ деп табылмаса), мәселе онда емес, азаматтардың заңды құрметтеу сезімін қалыптастырудың, оны тиісінше орындаудың тиісті алғышарттарын объективті түрде жасау керек.

Сонымен, инвестициялық құқық реттеушілік, қорғаушылық және тәрбиелік функцияларды атқарады. Инвестициялық құқықтың реттеушілік функциясы инвестициялық құқық инвестицияларды жүзеге асырудың тәртібі мен негіздерін анықтауына байланысты. Инвестициялық құқықтық қорғаушылық функциясының мәні мынада: инвестициялық құқық инвесторлардың, инвестициялық қатынастарға қатысушылардың субъективтік құқықтары мен міндеттерін қорғайды және оларды қалпына келтіруге ықпал жасайды. Инвестициялық құқықтың тәрбиелік функциясының мәні мынадан көрініс алады: инвестициялық құқық азаматтарды заңды құрметтеуге тәрбиелейді, өйткені өркениетті елде заңға мойынұсынушылық - норма.

Инвестициялық құқықтың табиғаты мен құқықтық реттеу әдісіне анықтама берумен бірге, оның негізгі принциптеріне сыпаттама берудің маңызы да кем емес. Инвестициялық құқықтың принциптері инвестициялық қатынастарды реттеу мен регламентациясын жүзеге асырудағы анағұрлым елеулі сәттер мен

идеялардан көрініс алады.

Құқықтың жалпықұқықтық принциптері мемлекеттің Негізгі заңы - Конституцияда көрініс алады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Конституциясында мынадай принциптер тұжырымдалған: демократия, халық билігі, Конституция мен заңдардың мәртебелілігі, идеологиялық және саяси көптектілік, меншіктің барлық нысандарының теңдігі, халықаралық құқық принциптері мен нормаларын құрметтеу, жеке бастың құқықтары мен бостандығын құрметтеу, тең құқылық, құқықтық әдеттілік (Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясының 1, 3, 4, 5, 6, 8, 12, 13 баптары[3]). Алайда, идеологиялық және саяси көптектілікті құқықтың принципі ретінде көрсетудің қажеті бар ма екен. Халықаралық құқық принциптері мен нормаларын құрметтеу принципіне қатысы бар, мұнда мемлекеттің сыртқы ішкі саясатының принциптері сөз етіліп отырған болар. Соңғы ережеге де нақтылық керек сияқты, ұлттық құқық нормалары алдында халықаралық нормалардың басым принципі деп нақтылаған дұрыс сияқты.

Жалпықұқықтық принциптер өз тарапынан құқықтың жеке салаларына тән принциптерді анықтайды. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінде[4] (2 бап) бекітілген Азаматтық құқық принциптері: азаматтық заңнамамен реттелетін қатынастарға қатысушылардың теңдік принципі; келісімшарт еркіндігінің принципі; жеке меншік істеріне өрескелдікпен араласуға жол бермеу принципі; азаматтық құқықтарды кедергісіз жүзеге асыру принципі; азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру принципі; азаматтардың құқықтарын сот арқылы қорғау принципі, тең құқылық, меншік нысандарының теңдігі, жеке бастың құқықтары мен бостандығын құрметтеу, құқықтық әділеттілік жалпықұқықтық принциптермен; демократизм, құқық пен заңдылықтың үстемдігі жанама принциптермен қорғалады. Жекеменшік-құқықтық салалар ретіндегі құқық салаларының жекеменшік-құқықтық, жалпылама-құқықтық сыпаты бар, сонымен бірге құқықтың бірыңғай және басқа кешенді саласының принциптері - бір басқа.

Құқық принциптерін оның қалыптасуы мен дамуының басталуы мен негізгі идеялары деп түсінеді. Сондықтан құқық принциптерінің қалыптасу үрдісінің объективтілігін танумен бірге олардың мазмұнын анықтайтын экономикалық және әлеуметтік заңдылықтардың бірқалыпты сыпатын ескеру керек. Қоғамдық дамудың заңдылықтарының өзгеруі нәтижесінде негізгі құқықтық принциптердің өзгерістері болады, бұл экономикалық қатынастардың сыпатына байланысты. Мұның ең алдымен, құқықтың негізгі (іргелі) салаларына қатысы бар, осы салалардың жекеленген принциптері социализм кезінде де болды, нарықтық қатынастардың қалыптасу және даму жағдайында экономиканың дамуының объективті заңдарын дәл көрсете алатын басқа да принциптермен (әкімшілік-жарлықтық жүйенің социалистік принциптері деп аталатын) өзгертілді.

Жылдам дамушы нарықтық қатынастар өмірге құқықтың классикалық (немесе дәстүрлі) салаларының жаңа принциптерін ғана емес, құқықтың тұтас құқықтық институттары, қосалқы салалары мен салаларын әкелді. Қазақстан Республикасында тәуелсіздік алғаннан бері құқықтың бүкіл жүйесі қайта



құрылды, атап айтқанда, құқықтың кешенді сапасы ретінде инвестициялық құқықтық қалыптасты.

Жалпыға белгілі болғандай, құқықтық нормаларға енген ережелер ғана құқық принциптері болады. Инвестициялық қатынастардың әр түрлерінің құқықтық реттелуінің тепе-теңдігінде байқалатын (инвестицияларды, бағалы қағаздарға айналдырылған инвестицияларды жүзеге асыруға байланысты) инвестициялық заңнаманың жетілдірілмеуіне орай, инвестициялық құқықтың жалпы принциптерін жасау көп жағдайда теориялық сыпат алады. Біздің ойымызша, бұл - тек инвестициялық заңнаманың ғана емес, республиканың бүкіл заң жүйесінің кемшілігі. Өйткені инвестициялық қызметтің, инвестициялық саясаттың негізгі бастауларын заң жүзінде айқындамайынша, мемлекетте экономика мен әлеуметтік саланың қалыпты қызмет істеуін қамтамасыз етуге болмайды.

Қолданылып жүрген инвестициялық заңнаманың нормаларындағы принциптердің құқықтық нысаны жоқ, оларды тек негізгі ережелерді талдау көмегімен айқындауға болады. Мынаны атап өткен жөн: осы принциптер өзінің мазмұны бойынша әртүрлі және инвестициялық құқықтың құқықтық институттарының салалық принциптерінің дербес топтарын құрайды. Инвестицияларды жүзеге асыру шеңберінде мына принциптерді бөліп шығаруға болады: қызметін жүзеге асыру үшін инвестордың нысандар мен тәсілдері еркін таңдау принципі; инвесторлардың құқықтарын толық және сөзсіз қорғау принципі; кірістерді пайдалану кепілдігінің принципі; мемлекеттік органдардың инвесторлармен жұмыс істеудегі қызметінің жариялылық принципі; мемлекет меншігіне алу мен реквизициялауда инвесторлардың құқықтарының кепілдігі принципі. Сондай-ақ салалық принцип ретінде халықаралық шарттар (келісімдер) нормаларының ұлттық инвестициялық заңнамалар алдында артықшылық принципін атауға болады.

Жоғарыда аталған принциптер инвестициялық құқықтың әртүрлі құқықтық институттарына тән ішкі салалық болып табылады. Құқықтық институттардың кез келгенінің шеңберінде олардың әрқайсысына тән принциптерді атауға болады, мысалы, мемлекеттік қаржыларды ұқыпты және тиімді пайдалану принципі; инвестицияларды мемлекеттік қорғау институты үшін преференциялар беру принципі тән.

Солай бола тұрса да, осы принциптердің кейбіреулері салааралық сыпатқа иелік етеді, халықаралық шарттар (келісімдер) нормаларының ұлттық заңнамалар нормалары алдындағы артық принципін алалық: егер Қазақстан Республикасы мақұлдап бекіткен халықаралық шартпен басқа ережелер белгіленген болса, халықаралық шарттың ережелері қолданылады. Сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау принципі де салааралық принцип ретінде қолданылады, өйткені экологиялық құқық пен табиғат ресурстары салалары (жер, су, тау-кен, орман т.б. құқықтар) үшін қоршаған ортаны қорғау принципі маңызды, сонымен бірге инвестициялық құқық үшін жер қойнауын жедел пайдалану мен товарлар мен қызмет түрлерін дамыту маңызды, мұның өзі елде қалыптасқан экологиялық жүйені бұзуға әкеп соқпауы керек.

Инвестициялық құқықта салааралық қана емес, жалпы құқықтық

принциптер де көрініс алады. Мысалы, демократизм, құқық, заңдылық, теңқұқылықтың, меншіктің барлық нысандарының теңдік, жеке тұлғаның құқықтары мен бостандығының, құқық әділеттігінің мәртебесі. Аталған принциптер инвестициялық құқықтың сыпаттамалық ерекшеліктерін көрсетеді, атап айтқанда, жеке тұлғаның құқықтары мен бостандығы принципі инвестордың құқықтары мен мүдделерін толық және сөзсіз қорғау принципіне көрініс алады.

Инвестициялық құқықтың негізгі принциптерінің қатарына инвестициялық құқық субъектілерінің теңдігі принципі де жатады, өйткені ол инвестициялық құқықтың бар мазмұнына ықпал жасайды. Осы принцип инвесторлардың инвестициялық қызметті жүзеге асыруда құқықтарының теңдігінен көрінеді. Азаматтық құқықтан айырмашылығы сол - бұл принцип өзінше көрінеді, өйткені инвестициялық құқықтың субъектілерінің бір тобы басқаларынан көлемінің мол болуымен ерекшеленеді. Соған қарамастан, инвесторлардың теңдік принципі Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік кодексінде негізгі принцип ретінде бекітілген [5, 56б.].

Инвестициялық құқықтық азаматтық-құқықтық принципі ретінде келісімшарт еркіндігінің принципі көрініс алады. Келісім шарт еркіндігінің принципі азаматтық құқықтың бүкіл жүйесі арқылы өтеді. Егер әкімшілік - жарлық жүйесі жағдайында әдеттегідей келісімшарттар жоспарлы сыпат алса, ал нарықтық қатынастар жағдайында ол анағұрлым толық мәнінде көрінеді. Солай бола тұрса да, келісімшарт еркіндігі шексіз болмайды, ол әділеттілік, адалдық, салиқалық[45] арқылы белгіленген белгілі бір табиғи шеңберде жұмыс істейді. Инвестициялық құқықта келісімшарт бірге басқа да өзіндік белгілерге иелік етеді, нарықтық қатынастар (оның ішінде инвестициялық қатынастар да) - бұл азаматтық-құқықтық (немесе жекеменшік-құқықтық) қатынастар ғана емес, жалпылама-құқықтық қатынастар. Сондықтан жекеменшік-құқықтық инвестициялық қатынастарда келісімшарт еркіндігі толық көлемінде көрінеді, ал жалпылама-құқықтық инвестициялық қатынастарда шектеулі, көлемде байқалады.

### Пайдаланылған қайнар көздер тізімі

1 Кулагин Г.П., Перельман М.Г. Управление инвестиционным процессом в европейских странах СЭВ. – Москва., 2014 . – 328 с.

2 Scharzenberger G. Foreign Investments and International Law. - London., 2003. – 765 с.

3 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз (2019.23.03. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) // <https://adilet.zan.kz>

4 Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ // <https://adilet.zan.kz>

3. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ. // <https://adilet.zan.kz>

5 Баталова Н. В. Правовые вопросы инвестиционных соглашений. Правовое регулирование внешнеэкономической деятельности. - М., 2011. – 635 с.

УДК 347.77.043

*Жангазиев Т.Т.*

*Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясы, Қазақстан Республикасы, Алматы қ-сы, temirlan.zhangaziev @narhoz.kz*

## ЛИЦЕНЗИЯЛАУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

**Түйіндеме.** Мақалада лицензиялау институтының мәні туралы мәселе талданады. Осы мақсатта Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген лицензиялау мақсаттары мен критерийлері қарастырылады. Лицензиялаушы органдардың қызметін құқықтық реттеуге байланысты құқықтық және ұйымдастырушылық сипаттағы мәселелер зерттеу пәні болып табылады. Автор қазіргі уақытта лицензиялау саласында қолданылып жүрген негізгі нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ оларды қолдануға байланысты туындайтын кейбір мәселелерге талдау жасады.

**Түйін сөздер:** лицензиялау, лицензиялық бақылау, лицензиялау туралы ереже, лицензиялық талаптардың бұзылуы, мемлекеттік бақылау, лицензиялау органы, нормативтік-құқықтық реттеу.

## ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ ИНСТИТУТА ЛИЦЕНЗИРОВАНИЯ

**Аннотация.** В статье анализируется вопрос о сущности института лицензирования. В этих целях подвергнуты разбору цели и критерии лицензирования, предусмотренные законами Республики Казахстан. В статье рассмотрены общие проблемы лицензирования отдельных видов предпринимательской деятельности. Предметом исследования являются проблемы правового и организационного характера, связанные с правовым регулированием деятельности лицензирующих органов. Автором проанализированы основные нормативные правовые акты, действующие в настоящее время в сфере лицензирования, а также некоторые проблемы, возникающие в связи с их применением.

**Ключевые слова:** лицензирование, лицензионный контроль, положение о лицензировании, нарушения лицензионных требований, государственный контроль, лицензирующий орган, государственное управление, нормативно-правовое регулирование.

## LEGAL ASPECTS OF THE LICENSING INSTITUTE

**Abstract.** The article analyzes the question of the essence of the institution of licensing. For these purposes, the goals and criteria for licensing, provided for by the laws of the Republic of Kazakhstan, were analyzed. The article deals with the general

problems of licensing certain types of entrepreneurial activity. The research subject includes legal and organizational problems of regulation of the activities of licensing authorities. The author analyzes the basic statutory instruments in the sphere of licensing, and some problems of their application. The author detects the problems of licensing supervision, including the absence of a precise list of compulsory licensing requirements.

**Keywords:** licensing, public licensing violation, licensing regulation, licensing supervision, licensing authority, government control, normative regulation.

Лицензиялаудың құқықтық институтының маңыздылығы оның лицензиялау жүйесінің бөлігі бола отырып, қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тиімді құралы ретінде әрекет етуінде. Оның нормаларымен реттелетін лицензиялау қызметін жүзеге асыру нәтижесінде лицензияға үміткерлер мен лицензиясы бар заңды және жеке тұлғалар ерекше құқықтық мәртебеге ие болады, бұл да лицензиаттың құқық бұзуға әкімшілік қабілетінің кеңейімімен байланысты.

Кең көлемді құқықтық-нормативтік базаға қарамастан, лицензиялау институтының құқықтық аспектісі толық зерттелмеген. Бұл қоғамда институттың табиғаты мен құқықтық табиғаты туралы мәселе пікірталас тудырады. Мүмкін біз онымен келісе аламыз, бірақ ішінара ғана. Лицензиялауды кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерін заңдастырудың бір түрі десек әлдеқайда дұрысырақ болар еді.

Жалпы, бұл көзқарастар лицензиялау құбылысының бірнеше аспектілерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда:

Біріншіден, рәсімдеу процедурасы ретінде лицензиялау лицензиатта лицензияланатын қызмет түрі саласында ерекше әрекетке қабілеттіліктің және деликттік әрекетке қабілеттіліктің пайда болуының міндетті шарты болып табылады.

Екіншіден, лицензиялау құқықтық институт ретінде лицензияларды беру, қайтарып алу, күшін жою, тоқтата тұру, лицензиялық қатынастар субъектілерінің лицензиялық ережелерді орындауын қадағалау және осы ережелерді бұзушыларды жауапкершілікке тарту саласындағы қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жүйесі болып табылады.

Үшіншіден, лицензиялау мемлекеттік басқару нысаны, мемлекеттік саясат құралы ретінде белгілі бір қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде кәсіпкерлердің қызметіне ықпал етудің белгілі бір тұтқасы ретінде қарастырылады.


Төртіншіден, лицензиялау құзыретті органдар қызметінің ерекше түрі ретінде мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын лицензияларды беру, қайтарып алу, тоқтата тұру жөніндегі шаралар кешені болып табылады.

Бұл жерде, біздің ойымызша, лицензиялау мемлекеттік органдардың іс-әрекеттерінің кешені болып табылатынын жақтайтын «бюрократиялық» бейтараптық жасалған сияқты. Көбінесе лицензиялау жеке құқық қызметі саласындағы ұлттық мүдделерді қамтамасыз етудің кең таралған тәсілдерінің бірі болып табылады.

«Лицензия» термині латын тілінен аударғанда «licentia» «бостандық, құқық» деген түсінікті береді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 19 бабы 5 пунктiне сәйкес лицензия Қазақстан Республикасының «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» заңнамасында белгіленген тәртіппен беріледі [1].

Қазақстан Республикасының «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» заңына сәйкес лицензиялау – лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны және лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасын беруге және қайта ресімдеуге, рұқсатты бақылауды жүзеге асыруға, лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға, қайта ресімдеуге және тоқтатуға байланысты іс-шаралар кешені және (немесе) лицензияға қосымшалар болып табылады [2]. Аталған заңның 33-бабына сәйкес лицензияны немесе лицензияға қосымшаны қайта ресімделуге жататын жағдайлар 1-суретте көрсетілген.



Сурет 1. Лицензияны немесе лицензияға қосымшаны қайта ресімделуге жататын жағдайлар

Ескерту – [2] әдебиет негізінде автормен құрастырылған

Лицензиялау - қоғамдық қатынастарды реттеудің ерекше әдісі: лицензиаттың лицензиялау органдарымен, мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарымен қарым-қатынасы билікке бағынуға негізделген. Лицензия талап етілетін қызмет түрлері аталған заңның 28-бабында көзделген. Егер қызмет

Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынғандарды қоспағанда заңда көрсетілген тізімде жоқ болса, оны жүзеге асыру үшін рұқсат талап етілмейді.

Лицензия алу процедурасы бірнеше кезең арқылы өтеді. Заңның 29-бабына сәйкес лицензиялар лицензиардың орналасқан жері бойынша беріледі. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін өтініш беруші белгілі бір қызмет түріне лицензия алу шарттарына сәйкес құжаттарды ұсынады.

Лицензияны тікелей алғаннан кейін лицензиат өзінің атын өзгерту, заңды мекенжайын өзгерту және лицензияны қайта ресімдеу тәртібі заңның 33-бабында көзделген. Сондай-ақ, аталған заңның 4-тармағында лицензияны немесе лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу туралы өтінішті, жағдайларда, өтініш берушінің өтініші туындаған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде беруге тиіс екендігі айқындалған. лицензияны немесе лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер қарастырылады. Лицензияны және немесе лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуді лицензиар құжаттарды тапсырған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Лицензия беруден бас тарту Заңның 32-бабында көзделген, сондықтан лицензияны немесе лицензияға қосымшаны беруде талаптарға сәйкессіздіктер толықтай көрсетіліп негіздеме жасалады.

Лицензиялау процесі мемлекет белгілі бір шарттарды немесе талаптарды алға қоюына байланысты жүзеге асырылады, олардың сақталуы сатылатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруды қамтамасыз етеді. Осы қарапайым процедураның арқасында тек нағыз кәсіби ұйымдар мен компаниялар жұмыс істей алады. Лицензиялауды жүзеге асыру үшін ең жақсы қызметкерлер таңдалады, өйткені олар қателессе, лицензияланған компаниямен байланысы бар көптеген компаниялар зардап шегуі мүмкін. Мемлекеттік лицензия алу белгілі бір дәрежеде тануға қол жеткізуді білдіреді. Оны алмаған жағдайда, тиісті нарыққа кіру процесі айтарлықтай қиындауы мүмкін.

Жоғарыда айтылғандай, дұрыс жүргізілген лицензиялау белгілі бір стандарттарға сәйкес келмейтін шаруашылықты жүргізуші субъектілерді жоюға мүмкіндік береді, осылайша қарапайым азаматтар біліктілігі жеткіліксіз кәсіпкерлерден қорғалады. Егер кәсіпкер лицензиялаудың тиісті ережелерін нақты сақтаса және оның өндірісіндегі барлық нәрсе барлық қажетті ережелер мен ережелерге сәйкес келсе, лицензиялау процесі оның бизнесінің дамуын тым аз болса да қиындатпай, тез және оңай өтеді. Басқаша айтқанда, лицензиялау сапаны бақылау құралы болып табылады, бірақ тыйым салатын құрал емес.

Негізінен құқықтық әдебиеттерде лицензиялау кәсіпкерлікті заңдастыру нысанын мемлекеттік тіркеумен қатар қарастырылады [3].

Лицензия алған кәсіпкердің өзі өз бизнесін адал бәсекелестіктен қорғаудың кепілі болып табылатын мемлекеттің қолдауымен тиісті нарыққа оңай кіре алады. Мемлекет бақылаушы және реттеуші орган болып табылады, ол өз аумағында лицензиялау жүргізе отырып, нарықтардың қалыпты жұмыс істеуі үшін барлық қажетті жағдайларды жасайды, соның арқасында мемлекет қазынасына тұрақты түсімдер қамтамасыз етіледі.

Ғылыми ортада Қазақстан Республикасының «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» заңымен реттелген лицензиялау саласындағы құқықтық қатынастардың субъективті құрамын кеңінен түсіндіретін көзқарастар бар. Сонымен, лицензиялық қатынастарға барлық мемлекеттік билік органдары, атап айтқанда: Парламент атынан заң шығарушы билік органдары, түрлі министрліктердің атқарушы билік органдары, ҚР соттары қатысатынын атап өту қажет.

Жоғарыда аталған органдардың барлығы жанама түрде лицензиялық қатынастардың субъектілері болып табылатын сияқты: олар лицензиялау саласында жалпы құқықтық нормаларды қабылдайды, лицензиялау мәселелері бойынша сот ісін қарайды. Алайда олар түсіндірме берілген Заңмен қамтылатын лицензиялық қатынастарға тікелей қатыспайды, өйткені аталған нормативтік акт қызметтің жекелеген түрлерін лицензиялауға байланысты туындайтын құқықтық қатынастардың субъектілерін нақты айқындайды.

Лицензиялау туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 463-бабына сәйкес кәсіпкерлік немесе өзге де қызметпен айналысқаны, сол сияқты іс-әрекеттерді тіркеусіз, рұқсатсыз жүзеге асырғаны, сондай-ақ өтінішті жібермегені үшін туындайды. Сондықтан рұқсат беру, тіркеу, хабарлама жіберу міндетті жағдайларда, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын әрекет белгілері болмаса, - жеке тұлғаларға он бес, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жиырма бес мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Әкімшілік құқық бұзушылықтар жасау, кәсіпкерлікпен айналысу үшін заттары тәркіленіп немесе алынбай, орта кәсіпкерлік субъектілері үшін – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілері үшін – жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде; әкімшілік құқықбұзушылық нәтижесінде алынған құжаттар немесе лицензиясыз өзге де қызмет табыстарды (дивидендтерді), ақшаны, құндылықтарды тәркілеуге әкеледі.

Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған дәл сол әрекеттер – жеке тұлғаларға – отыз, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне сексен, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттеледі [4].

Қылмыстық кодекстің 214-бабына сәйкес заңсыз кәсіпкерлік, заңсыз банк қызметі, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметтің тыйым салынған түрлерімен айналысу, егер бұл әрекеттер азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі зиян келтірсе немесе табыс алумен байланысты болса ірі көлемде немесе акцизделетін тауарларды үлкен көлемде өндіру, сақтау, тасымалдау немесе өткізуге жауаптылық көзделген. Жалпы бұл әрекеттер екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. мүлкін тәркілеу болып табылады. Осы қылмыстың саралау белгілері болса мүлкін тәркілеумен, бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады [5].

Түптеп келгенде, лицензиялау пәні – лицензияларды беру, қайтарып алу, тоқтата тұру, қайтарып алу, лицензиялау ережелерінің орындалуын қадағалау және лицензиялық қатынастарды бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту бойынша кәсіби қызмет процесінде дамитын қоғамдық қатынастардың ерекше шеңбері болып табылады. Яғни басқаша айтқанда, біз белгілі бір қызмет түрімен айналысатын субъектілерге мемлекеттің ықпалы тұрғысынан қоғамдық қатынастар туралы айтып отырмыз.

Сонымен бірге лицензиялық құқықтық қатынастарды ашу кезінде пайда болатын ерекшеліктерін байқау қиынға түседі

- біріншіден, субъектілердегі ерекшеліктер (бір жағынан, мемлекеттік орган, ал екінші жағынан - кәсіпкер);
- екіншіден, белгілі бір қызмет түріне қатысты ерекшеліктер;
- үшіншіден, осы қатынастарға қатысушылардың субъективті құқықтары мен заңды міндеттеріндегі ерекшеліктер [6, 371б.].

Лицензиялаудың заңды сипаттамалары үшін реттеуші және қорғанғыс функцияларын қамтитын функционалды критерийді қарастыру қызықты. Сонымен қатар жүйенің лицензиялау критерийлері лицензиялау принциптерін де қамтиды.

Жоғарыда айтылғандардың бәрі практикалық мәселелердің шешімін алдын-ала анықтай алатын екі маңызды теориялық тұжырым жасауға мүмкіндік береді:

1. Кез келген жағдайда қызметтің бір бөлігін лицензиялау немесе бір қызметті жүзеге асыру үшін бірнеше лицензияны талап ету мүмкін емес; Осылайша, қосымша лицензияларды пайдалану, мысалы, алкоголь өнімдерін сатып алуға немесе сақтауға, Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдаған нормативтік құқықтық актілерге қайшы келетін кәсіпкерлікті жүргізу үшін қосымша әкімшілік кедергілерді қалыптастыру болып табылады.
2. Лицензиялаудың жалпы үлгісіне және белгілі бір саладағы қызмет мазмұнына сәйкес лицензиялау бақылаудың басқа нысандарымен қамтылмаған қызмет түрлеріне ғана жатады; сондықтан лицензия тек алкогольді сатып алу, сақтау және жеткізу үшін ғана емес, сонымен қатар бөлшек сауда мақсатында да талап етілуі керек. Бажсыз лицензиялау негізінен еңбек пен қаражаттың негізсіз жұмсалыуына әкеліп соғатын және кәсіпкерлердің құқықтарын шектейтін қажетсіз механизм болып табылады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №268-ХІІІ. (01.01.2022 жаңартылған) / [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000\\_/history](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_/history)
2. Рұқсаттар және хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202-V ҚРЗ. (07.03.2022 жаңартылған) / <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000202/history>
3. .Алексеева О.Е. Правовые проблемы легитимации предпринимательства // Государство и право. 2019. N 5. С. 146 - 152.



4. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ. (02.03.2022 жаңартылған) / <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235/history>

5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ. (02.03.2022 жаңартылған) / <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K140000022>

6. Актуальные проблемы гражданского права. Выпуск 14: сборник работ выпускников Российской школы частного права / А. В. Егоров, А. Г. Федько, И. А. Галяутдинова.— М. : Статут, 2019. — 511 с.

УДК 347.65

*Жетев Р. Д.*

*Магистрант Евразийской юридической академии им. Д.А. Қунаева  
Алматы қ., Қазақстан Республикасы, [Zheteu@list.ru](mailto:Zheteu@list.ru)*

## НАСЛЕДСТВЕННОЕ ПРАВООТНОШЕНИЕ

**Аннотация:** Значение наследования и состоит в том, что каждому члену общества должна быть гарантирована возможность жить и работать с сознанием того, что после его смерти все приобретенное в материальных и духовных благах перейдет согласно его воле, а если он ее не выразит, то согласно воле закона к близким ему людям.

Наследственное право, несмотря на свою консервативность, было, остается и будет актуальным в любом государстве. Каждый человек рано или поздно сталкивается с неизбежностью – становится наследником (получая завещанное или перешедшее к нему по закону имущество своего родственника) и единожды наследодателем (при этом еще при жизни имея возможность распорядиться, кому из наследников завещать свое имущество).

Все правовые системы мира исходят из сочетания двух основополагающих принципов: свободы завещания и охраны интересов семьи. Урегулировать все вопросы передачи имущества наследникам, конечно же, предпочтительнее до смерти наследодателя.

В данной научной статье упоминается, что появление частной собственности у граждан Казахстана сформировало новое отношение к вопросу ее передачи другим лицам в случае смерти собственника. Традиционно наибольшее количество споров между наследниками возникает, если в наследство входят объекты недвижимости. Именно в этой ситуации между наследниками возникает наибольшее количество споров, избежать которых можно, имея представление об основных положениях наследственного права.

**Ключевые слова:** наследование, завещание, наследственное правоотношение, завещательное правоотношение, правоотношение с подназначением наследника, правоотношение по приращению наследственных долей.

## МҰРАГЕРЛІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАР

**Түйіндеме:** Мұрагерліктің маңызы мынада: қоғамның әрбір мүшесіне ол қайтыс болғаннан кейін материалдық және рухани байлықта жинағанның бәрі оның еркіне қарай өтетінін, ал егер ол оны білдірмесе, оның өмір сүруіне және жұмыс істеуіне кепілдік беру керек. , содан кейін заңның еркіне сәйкес жақын адамдарға.

Мұрагерлік құқық өзінің консерватизміне қарамастан, кез келген мемлекетте өзекті болды, қалады және болады. Әрбір адам ерте ме, кеш пе, сөзсіз жағдайға тап болады – ол мұрагер (өз туысының өсиет еткен немесе заң бойынша өзіне берілген мүлкін алатын) және бір рет мұра қалдырушы (мұрагерлердің қайсысына өз мүлкін өсиет етіп қалдыруға билік ету мүмкіндігі болған кезде) болады. .

Әлемнің барлық құқықтық жүйелері екі іргелі қағидаттардың: ерік бостандығы мен отбасының мүдделерін қорғаудың жиынтығынан туындайды. Әрине, мұра қалдырушы қайтыс болғанға дейін мүлікті мұрагерлерге берудің барлық мәселелерін шешкен дұрыс.

Бұл ғылыми мақалада Қазақстан азаматтарының арасында жеке меншіктің пайда болуы меншік иесі қайтыс болған жағдайда оны басқа тұлғаларға беру мәселесіне жаңаша көзқарас қалыптастырғаны туралы айтылады. Дәстүрлі түрде мұрагерлер арасындағы даулардың ең көп саны мұраға жылжымайтын мүлік кіретін болса туындайды. Дәл осы жағдайда мұрагерлер арасында даулардың ең көп саны мұрагерлік құқықтың негізгі ережелерін білу арқылы болдырмауға болады.

**Түйін сөздер:** мұрагерлік, өсиет, мұрагерлік құқықтық қатынас, өсиеттік құқықтық қатынас, мұрагерді қосалқы тағайындаумен құқықтық қатынас, мұрагерлік үлестерді ұлғайту жөніндегі құқықтық қатынас.

## HEREDITARY LEGAL RELATIONSHIP

**Annotation:** The significance of inheritance lies in the fact that each member of society must be guaranteed the opportunity to live and work with the knowledge that after his death everything acquired in material and spiritual wealth will pass according to his will, and if he does not express it, then according to the will of the law to people close to him.

Inheritance law, despite its conservatism, was, remains and will be relevant in any state. Each person sooner or later faces the inevitability - he becomes an heir (receiving the property of his relative bequeathed or transferred to him by law) and once a testator (while still having the opportunity to dispose of which of the heirs to bequeath his property).

All legal systems of the world proceed from a combination of two fundamental principles: freedom of will and protection of the interests of the family. It is, of course, preferable to settle all issues of transferring property to heirs before the death of the testator.

This scientific article mentions that the emergence of private property among the citizens of Kazakhstan has formed a new attitude towards the issue of its transfer to other persons in the event of the death of the owner. Traditionally, the greatest number of disputes between heirs arises if the inheritance includes real estate. It is in this situation that the greatest number of disputes arise between the heirs, which can be avoided by having an idea of the basic provisions of inheritance law.

**Key words:** inheritance, testament, inheritance legal relationship, testamentary legal relationship, legal relationship with the sub-appointment of the heir, legal relationship for the increment of hereditary shares.

Наследственное правоотношение - это одна из сложных разновидностей гражданских правоотношений, это те общественные отношения, которые связаны с переходом имущества наследодателя к его наследникам.

Наследование - это целый комплекс отношений, возникающих в связи со смертью физического лиц [1, с.41]. Для преемства в правах и обязанностях наследодателя мало наступления одного юридического факта (открытия наследства), необходима система фактов, состав юридических фактов, где наряду с центральным событием (смертью) важное место занимают действия, т. е. волевое поведение людей [2, с.54-68].

В соответствии со ст. 7 Гражданского Кодекса основаниями для возникновения, изменения и прекращения гражданских прав и обязанностей (гражданских правоотношений) являются действия и события [3]. Гражданские права и обязанности не могут существовать вне правоотношений.

В юридической литературе так сложилось, что возникновение наследственных правоотношений связывают с событием - смертью человека, т. е. началом наследственных правоотношений является открытие наследства. Однако по нашему мнению, возникновение наследственных правоотношений следует связывать с таким юридическим фактом, как завещание. Это правоотношение можно назвать завещательным правоотношением. Завещание представляет собой одностороннюю сделку, а сделка, как известно, - юридический факт, который порождает правовые последствия (правоотношения) для многих лиц. Завещательное правоотношение (правоотношение, возникшее в связи с составлением завещания) - это правоотношение, которое возникает до открытия самого наследства, т. е. в то время, когда завещатель был еще жив.

Наследственное правоотношение прекращается, когда наследство или его часть перейдут непосредственно к наследнику. Далее наследник является субъектом уже не наследственных отношений, а отношений собственности, аренды и т. п. - т. е. вещных и обязательственных правоотношений, возникших при жизни и по воле наследодателя [1, с.48].

В целом в состав наследственного правоотношения входят следующие правоотношения: завещательное правоотношение, правоотношение из факта открытия наследства, правоотношение отказа от наследства, правоотношение по исполнению завещания, правоотношение из завещательного отказа, правоотношение из возложения, правоотношения по разделу между

наследниками наследственного имущества, правоотношения кредиторов в отношении наследственного имущества, правоотношение, возникающее в связи с правом представления, правоотношение с подназначением наследника, правоотношение по приращению наследственных долей, правоотношение в связи с охраной и управлением наследства.

Все названные гражданские правоотношения могут по полному праву именоваться наследственными: они возникают по поводу наследства, т. е. опосредуют передачу наследственного имущества от наследодателя к наследникам (или кредиторам). Собственно, весь комплекс наследственных отношений можно назвать наследованием в широком смысле слова. Ведь смена наследодателя как субъекта в любом из существовавших при его жизни правоотношений невозможна без возникновения целого комплекса наследственных отношений, причем если без одних (отношения по охране наследственного имущества, раздел, легат и др.) переход наследственного имущества может быть осуществлен, то без других (открытие наследства) он невозможен [1, с.53].

Субъектами наследственных правоотношений являются наследодатель и наследник [4, с.723].

Наследодателем признается лицо, после смерти которого осуществляется наследственное правопреемство [1, с. 7]. Наследодателями могут быть любые граждане Республики Казахстан, а также лица без гражданства и иностранные граждане, проживающие на территории Республики Казахстан. Наследование после юридического лица невозможно, так как юридические лица не умирают, а прекращаются [4, с.723].

Для наследодателя дееспособность не имеет значения, если это наследование по закону. Иначе обстоит дело при наследовании по завещанию. Если гражданин (наследодатель) сделал в установленной законом форме распоряжение о судьбе принадлежащего ему имущества на случай своей смерти, он называется завещателем, а сам документ, в котором им было сделано такое распоряжение, - завещанием [5, с.52]

Так как завещание является односторонней сделкой, то оно должно удовлетворять всем условиям действительности юридических сделок. А это значит, что совершить сделку, т. е. действие, направленное на установление, изменение или прекращение гражданских прав и обязанностей [3, с. 147], может только лицо, обладающее способностью своими действиями приобретать и осуществлять гражданские права, создавать для себя гражданские обязанности и исполнять их, иначе говоря, обладающее дееспособностью в полном объеме [3, с. 17].

Следует отметить, что дееспособность завещателя важна на момент совершения самого завещания. Завещание, совершенное дееспособным лицом, не станет недействительным, если впоследствии завещатель утратил свою дееспособность (например, в связи с заболеванием душевной болезнью и объявлением его ввиду этого в установленном порядке недееспособным). И наоборот, если завещание было совершено недееспособным, то такое завещание

будет недействительным, даже если впоследствии гражданин стал дееспособным (например, душевнобольной выздоровел).

От того, будет ли завещание впоследствии признано действительным или нет, будет зависеть дальнейшее развитие наследственного правоотношения и его субъектный состав.

Наследник - это лицо, призываемое к наследованию в связи со смертью гражданина (наследодателя). Наследниками могут быть все субъекты гражданских прав. Если для завещателя состояние его дееспособности имеет большое (существенное) значение, то для наследника дееспособность значения не имеет [1, с.291-292].

Для того чтобы стать наследником, достаточно обладать общегражданской правоспособностью. Согласно п. 1 ст. 1044 ГК РК наследниками по завещанию и закону могут быть граждане, находящиеся в живых в момент открытия наследства, а также зачатые при жизни наследодателя и родившиеся живыми после открытия наследства.

Наследниками по закону могут быть только физические лица, а это граждане Республики Казахстан, иностранные граждане и лица без гражданства. Круг наследников по закону и порядок их призвания к наследству четко определен законом. Новеллы Гражданского кодекса предусматривают восемь очередей наследников по закону, в их число могут войти родственники до пятой степени родства.

Наследниками по завещанию могут быть граждане как входящие, так и не входящие в круг наследников по закону, а также юридические лица или государство. Завещатель сам решает судьбу своего имущества и самостоятельно определяет, кого назначить своим преемником. Тем самым завещателю предоставлено право самостоятельно определять дальнейший субъектный состав наследственного правоотношения.

Особым субъектом наследственного правоотношения является государство. Государство может быть наследником как по завещанию, так и по закону.

Дело в том, что существует определенная разница в том, что лежит в основе наследственного преемства - закон или завещание.

Так, если в силу п. 1 ст. 1083 ГК РК наследство признано выморочным, то оно переходит к государству по закону. В случае, если имущество было завещано государству, то оно не признается выморочным, и государство является наследником по завещанию [3, с.293].

Но особого внимания заслуживают такие категории наследников, как *nasciturus*, недостойные и отсутствующие. Рассмотрим по порядку.

Закон признает право наследования за лицами, зачатыми при жизни наследодателя и родившимися после его смерти (*nasciturus*).

Так, согласно п. 4 ст. 1077 ГК РК при наличии зачатого, но не родившегося наследника раздел наследства может быть произведен лишь после рождения такого наследника. Если зачатый наследник рождается живым, то остальные наследники вправе произвести раздел наследства только с выделом причитающейся ему наследственной доли. Для охраны интересов

новорожденного к участию в разделе может быть приглашен представитель органов опеки и попечительства.

Признавая право наследования за лицами, зачатыми при жизни наследодателя и родившимися после его смерти, не следует делать вывод, что не родившийся еще ребенок является субъектом права наследования. Закон охраняет долю в наследстве зачатого, но еще не родившегося ко времени открытия наследства наследника только как будущего, возможного субъекта. Таким образом, эмбриональное состояние человека вовсе не является юридически безразличным фактом. Как отмечается в литературе, «наследственное право было первым, где охранялись права лица зачатого, но еще не родившегося к моменту смерти наследодателя».

Если ребенок рождается живым, он становится наследником и притом с обратной силой ко времени открытия наследства; если же он рождается мертвым, то он считается юридически не существовавшим. Мертворожденные дети наследниками не являются.

В отличие от Гражданского Кодекса некоторых стран, где для признания ребенка наследником требуется, чтобы ребенок родился жизнеспособным, Гражданский Кодекс Республики Казахстан не выдвигает таких требований, ребенок может быть признан наследником, если он прожил после своего рождения хотя бы какое-то время [6, с.54].

Следует учитывать, что к числу таких наследников относятся не только дети наследодателя, но и все потенциальные наследники как по закону, так и по завещанию.

В законе предусмотрены случаи, когда наследники не допускаются к наследованию. Таких наследников называют недостойными наследниками.

В мировой практике уделяется большое внимание этому вопросу. Эвентуальный наследник может совершить такие действия, что допущение его к наследованию противоречило бы чувству справедливости. Так, например, во Франции наследники отстраняются от наследства, как недостойные наследники, в трех случаях (ст. 727 ФГК). В первую очередь отстраняется тот, кто осужден за причинение смерти или за попытку причинить смерть умершему (наследодателю). Во вторую очередь недостойными преемниками признаются лица, предъявившие против умершего (наследодателя) уголовное обвинение, вследствие которого суд приговорил его к смертной казни, а затем это обвинение было признано судом оговором. (С 1982 г. смертная казнь во Франции отменена, следовательно, данное основание отпадает). В третью очередь - это недонесение совершеннолетним наследником полученных им сведений об убийстве наследодателя судебным органам.

По английскому праву от наследования устраняются лица, причинившие смерть наследодателю. Основанием этого является общее правило, по которому выгода, приобретенная от преступной деятельности, является незаконной. Так, лицо, виновное в умышленном убийстве, не может получить выгоды, вытекающей для него из завещания или смерти его жертвы [6, с.30].

В статье 1045 ГК РК, регулирующей наследственные правоотношения по устранению от наследования недостойных наследников, не достойные наследники делятся на три категории.

К первой категории относятся недостойные наследники, которые умышленно лишили жизни наследодателя или кого-либо из возможных наследников либо совершили покушение на их жизнь. Данное положение четко указывает на умысел совершенных действий. В отношении лиц, совершивших противоправные действия такого характера по неосторожности, данная норма применяться не должна.

Ко второй группе относятся лица, которые умышленно препятствовали осуществлению наследодателем последней воли и этим способствовали призванию их самих или близких им лиц к наследованию либо увеличению причитающейся им доли наследства (п. 2 ст. 1045). Для применения данной нормы необходимо, чтобы противоправные действия лица обязательно носили умышленный характер. При этом направленность умысла значения не имеет: лицо может быть отстранено от наследования независимо от того, действовало ли оно в целях получения наследства или его противоправные действия были вызваны другими побуждениями.

Третью группу «недостойных наследников» составляют родители после детей, в отношении которых они лишены родительских прав и не были восстановлены в этих правах к моменту открытия наследства, а также родители (усыновители) и совершеннолетние дети (усыновленные), уклонявшиеся от выполнения возложенных на них в силу закона обязанностей по содержанию наследодателя.

Следует учитывать, что данное правило применимо только к наследованию по закону. В силу того, что завещательное распоряжение отражает волю наследодателя, нельзя не признать право наследования за недостойными родителями и недостойными детьми, если завещатель, простив им их вину, оставил «недостойным наследникам» все свое имущество или его часть.

Все обстоятельства, по которым наследники отстраняются от наследства в качестве недостойных, устанавливаются судом. При этом не имеет значения, в рамках какого судопроизводства гражданин признается недостойным наследником. Обстоятельства недостойности могут быть установлены в порядке уголовного судопроизводства, а также в порядке гражданского.

Заслуга Гражданского Кодекса Республики Казахстан заключается еще в том, что он определил новую категорию наследников - отсутствующие наследники. Отсутствующие наследники - это те лица, место нахождения которых неизвестно. Установление их места нахождения и призвания к наследованию является обязанностью остальных наследников, исполнителя завещания и доверительного управляющего наследством.

Если призванный к наследованию отсутствующий наследник, место нахождения которого установлено, в течение шести месяцев не отказался от наследства, то остальные наследники обязаны известить его о разделе наследственного имущества. В том случае, если через три месяца после такого извещения отсутствующий наследник не выразит своего желания об участии в

разделе наследства, тогда остальные наследники могут произвести раздел самостоятельно, с учетом его доли.

Если через год после открытия наследства отсутствующий наследник не объявится и о его месте нахождения будет неизвестно, то наследники могут произвести раздел наследственного имущества, выделив долю отсутствующего наследника

К числу отсутствующих наследников законодатель относит зачатых, но еще не родившихся наследников. С той разницей, что отсутствующие наследники - это субъекты права, а зачатые, но не родившиеся - это только предполагаемые наследники, с условием, что они родятся живыми.

Так как наследственное правоотношение представляет собой довольно сложный вид гражданских правоотношений, его субъектный состав может претерпевать и другие изменения. Прежде всего, эти изменения связаны с событиями и действиями, т. е. с юридическими фактами. А это - отказ наследника от своей доли в наследстве и призвание к наследованию последующих очередей, либо подназначенного наследника и многое другое [1, с.296-298].

### **Список использованной литературы**

1. Корчеловская Л.И. Объекты наследственного преемства в условиях экономических преобразований. Дис. канд. М., 2011.
2. Акатов А.А. Юридические факты в советском наследственном праве. Дис. канд. Саратов, 2015.
3. Гражданский Кодекс РК (Общая часть) от 27 дек. 1994г. Учебно-практическое пособие. – Алматы: Норма К, 2019.
4. Гражданский кодекс РК (Особенная часть): Комментарий. Изд. 2-е / Отв. ред. М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. Алматы: Жеті жарғы, 2011.
5. Братусь С.Н. Советское гражданское право: Субъекты гражданского права. М.: Юрид. Лит., 1999. с.30.
6. Гренкова О.В. Наследование в Англии и Франции. (Сравнительно-правовое исследование). Дис. кад. М., 2008.



ӘОЖ 343.847

*Жұмбаев Д.У.**Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясы, Қазақстан Республикасы,  
Алматы қ-сы*

## **ТҮЗЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗАНЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Аннотация.** Осы мақалада түзеу жұмыстары түріндегі қылмыстық жазаның Орталық Азия мемлекеттерінің тәжірибесінде құқықтық реттелу ерекшеліктері қарастырылды. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаның Кеңес Одағында пайда болған жазалардың бір түрі екендігін ескеретін болсақ, аталған жаза түрі бұрынғы Кеңес Одағына кірген мемлекеттердің бірқатарының қылмыстық жазалар жүйесінде сақталынып қалды, ал бірқатар мемлекеттер оның ішінде Балтық аумағының мемлекеттері, Молдова осы жаза түрін жазалар жүйесінен алып тастады. Ал Орталық Азия мемлекеттерінің барлығы аталған жаза түрін өздерінің жазалар жүйесінде сақтап қалды. Осы Орта Азиялық мемлекеттердің қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамаларын талдау көрсеткендей түзеу жұмыстары түріндегі жазаның мазмұны, ол жазаны тағайындау, орындау және өтеу тәртібі бойынша ұқсастықтар бар. Тек қырғызстандық заңшығарушылармен қазақстандық заңшығарушылар сияқты аталған жаза түрінің мазмұнына, оны тағайындау, орындау және өтеу тәртіптеріне қатысты ерекшеліктер енгізуге ұмтылыс жасалды.

**Кілт сөздер:** түзеу жұмыстары, жаза, орындау, тағайындау, өтеу, жалақы, сотталған.

## **ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ НАКАЗАНИЯ В ВИДЕ ИСПРАВИТЕЛЬНЫХ РАБОТ В ПРАКТИКЕ ГОСУДАРСТВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ**

**Аннотация.** В данной статье рассмотрены особенности правового регулирования уголовного наказания в виде исправительных работ в практике государств Центральной Азии. Учитывая, что наказание в виде исправительных работ является одним из видов наказаний, возникших в Советском Союзе, данный вид наказания сохранялся в системе уголовных наказаний ряда государств, вступивших в бывший Советский Союз, а ряд государств, в том числе государства Прибалтики, Молдова, исключили данный вид наказания из системы наказаний. А все государства Центральной Азии сохранили данный вид наказания в своей системе наказаний. Анализ уголовного и уголовно-исполнительного законодательства этих среднеазиатских государств показывает, что существуют аналогии по содержанию наказания в виде исправительных работ, порядку его назначения, исполнения и отбывания. Только кыргызстанскими законодателями, как и казахстанскими

законодателями, было предпринято стремление внести исключения в содержание данного вида наказания, порядок его назначения, исполнения и отбывания.

**Ключевые слова:** исправительные работы, наказание, исполнение, назначение, возмещение, заработная плата, осужденный.

## FEATURES OF THE APPLICATION OF PUNISHMENT IN THE FORM OF CORRECTIONAL LABOR IN THE PRACTICE OF CENTRAL ASIAN STATES

**Abstract.** In this article, features of legal regulation of criminal penalties in the form of correctional labor in the practice of Central Asian states were considered. Taking into account the fact that the punishment in the form of correctional labor is a type of punishment that originated in the Soviet Union, this type of punishment was retained in the system of criminal penalties of a number of states that entered the former Soviet Union, and a number of states, including the Baltic states, Moldova, excluded this type of punishment from the system of punishments. And all Central Asian states have retained this type of punishment in their system of punishments. The analysis of the criminal and penal enforcement legislation of these Central Asian states shows that there are similarities in the content of punishment in the form of correctional labor, the procedure for its appointment, execution and serving. Only Kyrgyz legislators, as well as Kazakh legislators, have made an attempt to introduce exceptions to the content of this type of punishment, the procedure for its appointment, execution and serving.

**Keywords:** correctional labor, punishment, execution, appointment, repayment, salary, convicted.

Басқа мемлекеттердің түзеу жұмыстары түріндегі қылмыстық жазаны қолдану тәжірибесін талдау арқылы аталған жаза түріне қатысты өзіміздің отандық нұсқасын жетілдіруге қажетті мәліметтер алуға болады.

Тәжікстанның Қылмыстық заңнамасында түзеу жұмыстары түріндегі жазаны реттеудің өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл ерекшеліктер сотталғанның жалақысынан ұстап қалынатын сома мөлшеріне, осы жаза түрі тағайындалмайтын тұлғаларға, жазаны өтеу орнына қатысты орын алған.

Түзеу жұмыстары жазасын орындау кезінде сотталғанның жалақысынан ұстап қалынатын соманың төменгі шегі жалақының он пайызы, ал жоғарғы шегі жалақының отыз пайызын құрайды. Сонымен қатар бұл жаза түрі сотталғанның жұмыс орнынан басқа, жазаны орындаушы орган белгілейтін сотталғанның тұрғылықты ауданының шегіндегі жұмыс орнында өтелуі мүмкін[1].

Түзеу жұмыстары жазасы тағайындалмайтын тұлғалар шеңбері келесідей:

- әскери қызметшілер;
- он алты жасқа толмаған тұлғалар;
- зейнеткерлік жасқа толған тұлғалар;
- жүкті әйелдер;
- бала күтіміне байланысты демалыстағы тұлғалар;

- бірінші және екінші топтағы мүгедек тұлғалар[1]. Егер осы жаза түрін өтеу кезінде сотталған тұлғалар жоғарыда аталған тұлғалар мәртебесіне иеленетін болса, онда ондай сотталғандар әрі қарай жазасын өтеуден босатылады[1].

Тәжікстанның Қылмыстық жазаларды атқару туралы кодексінің алтыншы тарауы түзеу жұмыстары жазасын орындау тәртібіне арналған. Егер Тәжікстанның Қылмыстық заңында аталған жаза түрі кәмелетке толмағандарға қатысты қолданылмайды деп белгілесе, ал Жазаларды атқару заңында керісінше, кәмелетке толмағандарға қатысты қолдануға болатындығы көрсетілген, сондай-ақ оларға тағайындалған жағдайда олардың жүріс-тұрысына тиісті қадағалауды қамтамасыз ету және олардың өндірістік мамандық алғандығын қамтамасыз ету қажеттегі белгіленген[2].

Басқа орынға жұмысқа орналастырған жағдайда жазаны атқарушы орган мүмкіндігінше сотталған тұлғаның мамандығын ескеруі және оның еңбекке қабілеттілігін ескеруі тиіс. Алайда мамандығына сәйкес келмейтін өзге жұмыс түрлерін ұсынған жағдай сотталған тұлға одан бас тартуға құқығы жоқ.

Осы жаза түріне сотталған тұлғаның жазаны өтеу мерзімі жалпы еңбек өтіліміне есептеледі, бірақ жеңілдік және жалақыға үстеме сома алуға мүмкіндік беретін өтілімге есептелмейді. Ал сотталғанға жазаны өтеу кезінде берілетін жыл сайынғы демалыс мерзімі он сегіз күнмен шектеледі.

Сонымен қатар жалақысынан ұстап қалу түріндегі шектеуден басқа сотталған тұлғаға шектеулер мен тыйым салулар қолданылуы мүмкін:

- белгілі бір уақыт аралығында тұрғын үйінен кетіп қалуға тыйым салынады;

- демалыс күндері, сондай-ақ демалыс кезеңінде тұрғылықты жерінен кетіп қалуға тыйым салу;

- қаланың (ауданның) белгілі бір жерлерінде болуға тыйым салу;

- тіркелу үшін түзеу істері бойынша инспекцияға айына екі рет келуге міндеттеу[2].

Бұл тыйым салуларды қолдану бірқатар шарттарға байланысты, атап айтқанда жасалған қылмыстың қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесіне, сотталғанның жеке басына, жазаны өтеу кезіндегі оның жүріс-тұрысына қарай, сонымен қатар сотталған тарапынан болашақта жасалуы мүмкін құқықбұзушылықтардың алдын алу мақсатында белгіленуі мүмкін, Мұндай тыйым салулар алты айға дейінгі мерзімге тағайындалуы мүмкін және қажет болған жағдайда жазаны өтеу мерзіміне қарай тағы алты айға ұзартылуы мүмкін. Бұл тыйым салу шаралары сотталғанның жұмысының бар жоғына қарамастан қолданыла береді[2].

Сондай-ақ осы жазаға сотталған ұзақтығы төрт айдан асатын мерзімге науқастанатын болса, жазаны орындаушы орган ондай сотталғанды жазаны өтеуден босату туралы ұсыныспен сотқа жүгіне алады.

Аталған жаза түрінің тәжікстандық нұсқасы өте қатаң болып табылады, өйткені жалақыдан ұстап қалу мөлшері басқа мемлекеттермен салыстырғанда өте жоғары, сондай-ақ осы жаза түрінің мазмұнындағы тыйым салушы элементтері түрлерінің көптігі жазаны қатаңдата түседі.

Осы жоғарыда қарастырған мемлекеттердің аталған жазаны қолданудағы тәжірибесінен Қырғыз Республикасының тәжірибесі ерекше десек болады. 2017 жылы қабылданған Қырғыз Республикасының Қылмыстық кодексінің 67-бабында түзеу жұмыстары түріндегі қылмыстық жазаның мазмұнына қатысты ережелер белгіленген[3]. Жалпы қырғыздық нұсқадағы жазалардың басым көпшілігі төрт санатқа бөлінген, мұндай ерекшелік түзеу жұмыстары жазасына қатысты қолданылған. Атап айтқанда

1) I санат: кәмелетке толмаған тұлғалар үшін екі айдан төрт айға дейін, басқа жеке тұлғалар үшін бір жылдан бір жыл алты айға дейінгі мерзім;

2) II санат: кәмелетке толмаған тұлғалар үшін төрт айдан алты айға дейін, басқа жеке тұлғалар үшін бір жыл алты айдан екі жылға дейінгі мерзім;

3) III санат: кәмелетке толмаған тұлғалар үшін алты айдан тоғыз айға дейін, басқа жеке тұлғалар үшін екі жылдан екі жыл алты айға дейінгі мерзім;

4) IV санат: кәмелетке толмаған тұлғалар үшін тоғыз айдан бір жылға дейін, басқа жеке тұлғалар үшін екі жыл алты айдан үш жылға дейінгі мерзім[3].

Сонымен бірге сотталған тұлға негізгі жұмыстан басқа қосымша жұмыс жасайтын болса, онда жазасын негізгі жұмыс орны бойынша өтелетіндігі туралы ережені бөліп көрсеткен, осы жерде айта кетейік, жоғарыда қарастырылған мемлекеттерде мұндай нақтылау орын алған жоқ.

Жалақыдан ұсталатын соманың пайыздық мөлшері жиырмадан жиырма бес пайызға дейінгі мөлшерді қамтыған. Жоғарыда қарастырылған мемлекеттердің ішінде пайыздық соманың төменгі мөлшері ең жоғары мемлекет болып табылады.

Қырғызыстандық нұсқадағы түзеу жұмыстары түріндегі жаза тағайындалатын тұлғалар қатарында тұрақты жұмысы жоқ тұлғалар, екі қабат әйелдер, бала күтіміне байланысты демалыстағы әйелдер мен еркектер, мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілер, осы жазаның мерзімі аяқталғанға дейін зейнеткерлік жасқа толатын тұлғалар қарастырылған. Қырғызыстандық нұсқадағы ерекшелік бала күтіміне байланысты демалыстағы әйелдермен қатар еркектерде жатқызылған, ал мұндай жағдай жоғарыда талданған елдердің заңнамаларында орын алмаған. Сонымен бірге жазаны өтеп жүріп зейнеткерлік жасқа толатын тұлғаларда жатқызылған, біздің ойымызша қырғызыстандық заңгерлер бұл жағдайда өте орынды шешім қабылдаған, себебі, басқа қарастырылған елдердің тәжірибесінде жазаны өтеп жүріп зейнеткерлік жасқа толса, ондай тұлғаларды жазадан босатады немесе басқа жаза түрімен алмастырады, ал қырғызыстандық нұсқада мұндай жағдайдың алдын алу бойынша шаралар қолданылған.

Егер басқа мемлекеттерде аталған жаза түрін өте жүрген кезде сотталған тұлға жұмыстан шығып қалатын болса, онда оған өз бетімен жұмыс табу немесе еңбекпен қамту органдары арқылы жұмысқа орналасу міндеті жүктелсе, қырғызыстандық нұсқада сотталған тұлға жұмыстан шығып қалғаннан кейін жұмысқа орналасуға бір айлық уақыт береді, егер жұмыс таппаса онда жазасы басқа жаза түрімен ауыстырылады және басқа жазаға ауыстыру келесідей тәртіпте жүзеге асады:

1) I санаттағы түзеу жұмыстары - I санаттағы қоғамдық жұмыстарға;

- 2) II санаттағы түзеу жұмыстары - II санаттағы қоғамдық жұмыстарға;
- 3) III санаттағы түзеу жұмыстары - III санаттағы қоғамдық жұмыстарға;
- 4) IV санаттағы түзеу жұмыстары - IV санаттағы қоғамдық жұмыстарға [3].

Аталған жазаны өтеу кезінде сотталған тұлға бала күтіміне байланысты демалысқа шығатын болса, оның жазаы келесідей тәртіпте айыппұл жазасына ауыстырылады:

- 1) I санаттағы түзеу жұмыстары - I санаттағы айыппұлдың елу пайызын;
- 2) II санаттағы түзеу жұмыстары - II санаттағы айыппұлдың елу пайызын;
- 3) III санаттағы түзеу жұмыстары - III санаттағы айыппұлдың елу пайызын;
- 4) IV санаттағы түзеу жұмыстары - IV санаттағы айыппұлдың елу пайызын[3].

Алайда қырғыз заңшығарушылары 2021 жылы жаңа Қылмыстық заңдарын қабылдап үлгірді[4]. Жаңа мазмұндағы түзеу жұмыстары түріндегі жаза енді санаттарға бөлінбейтін болды және қандай қылмыс санаттары бойынша тағайындалатындығы көрсетілді, атап айтқанда онша ауыр емес және ауыр емес қылмыстарға екі айдан үш жылға дейінгі мерзімге, сотталғанның жұмыс орны бойынша өтелетін, ал қосымша жұмыс атақаратын болса, негізгі жұмыс орны бойынша өтелетін жаза түрі ретінде қарастырылған[4].

Ал осы жазатүріне сотталғанның жалақысынан ұстап қалудың төменгі шегі он пайызға дейін төмендетілді, ал жоғарғы шегі бұрынғыдай жиырма бес пайызда қалды.

Түзеу жұмыстары тағайындалмайтын тұлғалардың құрамы толықтырылып, нақтыланды. Атап айтқанда түзеу жұмыстары жазасы келесідей санаттағы тұлғаларға тағайындалмайды:

- еңбекке қабілетсіз деп танылғандарға;
- өндірістен қол үзіп жұмыс жасайтындарға;
- әскери қызметшілерге;
- жазаны өтеу мерзімі аяқталғанған дейін зейнет жасына толатындарға;
- үш жасқа дейін баласы бар әйелдерге;
- үш жасқа дейінгі балалардың жалғыз ата-анасы болып табылатын еркектерге;
- I және II топтағы мүгедектерге;
- тұрақты тұратын жері жоқ тұлғаларға;
- тұрақты жұмыс орны жоқ тұлғаларға[4].

Ал жазасын өте жүрген кезде жұмысын жоғалтқан сотталғандар бір айлық мерзім ішінде өз еркімен жаңа жұмыс таппаса, онда ондай сотталғанның жазасы қырық сағаттан үш жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстар түріндегі жазамен ауыстырылады[4].

Бұл жаза түрін орында жән өтеу тәртібі 2017 жылы 31 қаңтарда қабылданған Қырғыз Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің ережелерімен реттеледі[5]. Осы жаза түрін орындау барысында сотталған жалақысынан ұстап қалу жүргізу кезінде ұсталынған соманың елу пайызы жазаны орындаушы пробацция органының арнайы есеп-шотына аударылады, бұл сол пробацция органының жұмыс жетілдіру мақсатында жасалады[5].

Тағы бір ерекшелік сотталғанның материалдық жағдайының нашарлауымен қатар, еңбекке адал қарағандығы үшін көтермелеу шарасы ретінде сотталғаннан ұсталатын жалақы сомасын азайту туралы сотқа ұсыныс жасалады.

Ал Түркменстандық Қылмыстық заң бойынша да түзеу жұмыстары түріндегі жаза түрі қарастырылған[6], мазмұны жоғарыда бірқатар мемлекеттерде орын алған түзеу жұмыстары жазасының мазмұнына ұқсас келеді, тек бір ерекшелігі жаза бойынша жалақыдан ұстап қалудың мөлшерінің төменгі шегі бойынша ең аз мөлшер белгілеген мемлекеттердің бірі болып табылады және ол бес пайызды ғана құрайды, ал жоғарғы шегі басқа мемлекеттердің қылмыстық заңнамасындағыдай жиырма пайызды құрайды. Осы жаза түрін орындау мен өтеу тәртібі Түркменстандық Қылмыстық-атқару заңнамасында[7] белгіленген және жоғарыда қарастырылған мемлекеттермен салыстырғанда қандай да бір ерекшелік жоқ десек болады. Сонымен бірге 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енетін Түркменстандық Қылмыстық заңнамада аталған жаза түрінің мазмұны елеулі өзгерістерге ұшырамаған, тек аталған жаза түрі тағайындалмайтын тұлғалар қатарында он төрт жасқа толмаған балаларды жалғыз өзі тәрбиелеп отырған ер адамдар белгіленген.

Өзбекстанның жазалар жүйесінде бұл жаза түрі орын алған. Осы жаза түрі орын алатын басқа мемлекеттердің тәжірибесімен салыстырғанда, өзбекстандық нұсқа бойынша аталған жазаның жазалаушы элементтері өте қатал сипатқа ие десек болады, себебі жазаның мерзімінің төменгі шегі алты ай, ал жоғарғы шегі үш жыл, сондай-ақ жалақыдан ұсталуға жататын соманың көлеміде жоғары он пайыздан отыз пайызға дейінгі аралықта[8]. Өзбекстандық нұсқаның бір ерекшелігі бұл жаза жұмысы жоқ тұлғаларға қатысты тағайындалады, ал оларға жұмысты жазаны орындайтын орган анықтайды және ондай жұмыс орны басқа мемлекеттердің тәжірибесіндегідей, сотталғанның тұрып жатқан ауданымен шектелмеген.

Ал жазаны орындау мен өтеу тетігі бойынша өзбекстандық нұсқада да қандай да бір ерекшеліктер мен айырмашылықтар орын алмаған[9].

Біздің қолданыстағы Қылмыстық заңмен белгіленген түзеу жұмысы жоғарыда аталған мемлекеттермен салыстырғанда ең қатаң сипатқа ие болып келеді, себебі жазаның жазалаушы элементі ретінде танылатын жалақыдан ұстап қалудың мөлшері өте жоғары, атап айтқанда он пайыздан елу пайызға дейінгі мөлшерде. Біз қарастырған мемлекеттің басым көпшілігінде ұстап қалуға жататын соманың жоғарғы шегі жиырма бес пайызбен ғана шектелген, тек Тәжікстан Республикасының Қылмыстық заңында ғана бұл сома отыз пайызды ғана құрайды. Сондай-ақ сотталған тұлға жазаны өтеу кезінде еңбекке деген қабілеттілігін жоғалтатын болса, ол осы жазаны әрі қарай өтеуден босатылуы мүмкін не болмаса ол жаза түрі айыппұл жазасымен ауыстырылуы мүмкін. Ал өзіміз білетіндей, жоғарыда қарастырылған мемлекеттердің барлығының қылмыстық заңдарында еңбекке қабілетсіз тұлғаларға бұл жаза түрі тағайындалмайды немесе осы жазаны өтеу кезінде орын алатын болса, оны әрі қарай өтеуден босатылады. Осы жерде түзеу жұмыстарының қазақстандық нұсқасы өте қатаң сипатқа ие деген тоқтамға келуге болады және бұл еліміздің

жүргізіп жатқан кәзіргі қылмыстық жазаларды ізгіліктендіру саясатына қайшы келеді деген ойдамыз.

Сонымен бірге қазақстандық тәжірибеде осы жаза түрін өтеуде де ерекшеліктер орын алған, егер қарастырылған мемлекеттердің барлығының тәжірибесінде жазаны өтеу белгілі бір уақыт аралығымен шектелетін болса, қазақстандық нұсқа айлық есептік көрсеткішпен белгіленетін белгілі соманы өтеуден тұрады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Уголовный кодекс Республики Таджикистан от 21 мая 1998 года № 574 (с изменениями и дополнениями по состоянию на 23.12.2021 г.) // [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30397325&pos=436;-26#pos=436;-26](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30397325&pos=436;-26#pos=436;-26)
2. Кодекс исполнения уголовных наказаний Республики Таджикистан от 6 августа 2001 года (с изменениями и дополнениями по состоянию на 18.07.2017 г.) / [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30586704&pos=327;-54#pos=327;-54](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30586704&pos=327;-54#pos=327;-54)
3. Уголовный кодекс Кыргызской Республики от 2 февраля 2017 года № 19 (с изменениями и дополнениями по состоянию на 22.07.2021 г.)// [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=34350840&pos=938;-56#pos=938;-56](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34350840&pos=938;-56#pos=938;-56)
4. Уголовный Кодекс Кыргызской Республики от 28 октября 2021 года № 127 (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.04.2022 г.) // [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=36675065&show\\_di=1&pos=866;-26#pos=866;-26](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36675065&show_di=1&pos=866;-26#pos=866;-26)
5. Уголовно-исполнительный кодекс Кыргызской Республики от 31 января 2017 года № 17 (Вводится в действие Законом КР от 24 января 2017 года № 10 с 1 января 2019 года) (В редакции Закона КР от 15 мая 2019 года № 62, 10 марта 2021 года № 29, 28 октября 2021 года № 126)// <http://cbd.minjust.gov.kg/act/view/ru-ru/111528>
6. Уголовный кодекс Туркменистана от 12 июня 1997 года № 222-I (с изменениями и дополнениями по состоянию на 13.11.2021 г.)// [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31295286&pos=373;-56#pos=373;-56](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31295286&pos=373;-56#pos=373;-56)
7. Уголовно-исполнительный кодекс Туркменистана от 25 марта 2011 года № 164-IV (с изменениями и дополнениями по состоянию на 08.05.2022 г.) // [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31344356&pos=6;-106#pos=6;-106](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31344356&pos=6;-106#pos=6;-106)
8. Уголовный кодекс Республики Узбекистан (утвержден Законом Республики Узбекистан от 22 сентября 1994 года № 2012-XII) (с изменениями и дополнениями по состоянию на 17.05.2022 г.)// [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30421110&pos=724;-27#pos=724;-27](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30421110&pos=724;-27#pos=724;-27)
9. Уголовно-исполнительный Кодекс Республики Узбекистан (утвержден Законом Республики Узбекистан от 25 апреля 1997 года № 409-I) (с изменениями и дополнениями по состоянию на 17.05.2022 г.)//[https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30421376&pos=349;-46#pos=349;-46](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30421376&pos=349;-46#pos=349;-46)

ӘОЖ 343.847

**Жұмабаев Д.У.***Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясы, Қазақстан Республикасы,  
Алматы қ-сы***ТҮЗЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗАНЫҢ БҰРЫНҒЫ КЕҢЕС  
ОДАҒЫНА КІРГЕН МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ТӘЖІРИБЕСІНДЕ  
ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Түйіндеме..** Бұл мақалада түзеу жұмыстары түріндегі қылмыстық жазаның бұрынғы Кеңес Одағы аумағындағы мемлекеттердің тәжірибесінде қолданылу ерекшеліктері мазмұндалған. Атап айтқанда келесідей мемлекеттердің қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамалары талданды: Грузияның, Азербайжанның, Ресейдің, Беларусьтің, Арменияның және Украинаның.

Аталған жаза түрінің ерекшелігі, ол жаза түрі бұрынғы Кеңес Одағына кірген бірқатар мемлекеттерде ғана қолданылады, ондай мемлекеттердің қатарында Қазақстанда бар.

Осы мемлекеттердің қылмыстық және қылмыстық атқару заңнамаларының түзеу жұмыстары түріндегі қылмыстық жазаға қатысты сәйкес ережелерін талдау арқылы ұлттық жазалар жүйесіндегі түзеу жұмыстары түріндегі қылмыстық жазаны белгілейтін нормаларды жетілдіруге қажетті ұсыныстар қалыптастыруға болады.

Айта кету қажет бұл мемлекеттердің аталған жаза түрін қолдану бойынша салыстырмалы талдаудан түзеу жұмыстары жазасының қазақстандық нұсқасы ерекше деген қорытынды жасауға болады.

**Кілт сөздер:** түзеу жұмыстары, қылмыстық жаза, жазаны атқару, мерзім, жалақы, өтеу, сотталған.

**ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ НАКАЗАНИЯ В ВИДЕ  
ИСПРАВИТЕЛЬНЫХ РАБОТ В ПРАКТИКЕ ГОСУДАРСТВ,  
ВОШЕДШИХ В БЫВШИЙ СОВЕТСКИЙ СОЮЗ**

**Аннотация.** В данной статье изложены особенности применения уголовного наказания в виде исправительных работ в практике государств на территории бывшего Советского Союза. В частности, проанализировано уголовное и уголовно-исполнительное законодательство следующих государств: Грузии, Азербайджана, России, Беларуси, Армении и Украины.

Особенностью данного вида наказания является то, что он применяется только в ряде государств, входивших в бывший Советский Союз, среди которых есть и Казахстан.

Анализируя соответствующие положения Уголовного и Уголовно-исполнительного законодательства этих государств относительно уголовного наказания в виде исправительных работ, можно сформировать необходимые



предложения по совершенствованию норм, устанавливающих уголовное наказание в виде исправительных работ в национальной системе наказаний.

Следует отметить, что из сравнительного анализа этих государств по применению данного вида наказания можно сделать вывод, что казахстанский вариант наказания в виде исправительных работ уникален.

**Ключевые слова:** исправительные работы, уголовное наказание, исполнение наказания, срок, заработная плата, отбывание, осужденный.

## **FEATURES OF THE APPLICATION OF PUNISHMENT IN THE FORM OF CORRECTIONAL LABOR IN THE PRACTICE OF STATES THAT ENTERED THE FORMER SOVIET UNION**

**Annotation.** This article describes the features of the application of criminal punishment in the form of correctional labor in the practice of States on the territory of the former Soviet Union. In particular, the criminal and penal enforcement legislation of the following states was analyzed: Georgia, Azerbaijan, Russia, Belarus, Armenia and Ukraine.

The peculiarity of this type of punishment is that it is applied only in a number of states that were part of the former Soviet Union, among which there is Kazakhstan.

Analyzing the relevant provisions of the Criminal and Penal Enforcement legislation of these States regarding criminal punishment in the form of correctional labor, it is possible to form the necessary proposals for improving the norms establishing criminal punishment in the form of correctional labor in the national system of punishments.

It should be noted that from the comparative analysis of these states on the application of this type of punishment, it can be concluded that the Kazakh version of punishment for correctional labor is unique.

**Keywords:** correctional labor, criminal punishment, execution of punishment, term, salary, serving, convicted.

Түзеу жұмыстары түріндегі жазаның құқықтық табиғатын түсіну үшін, бұл жаза түрінің басқа мемлекеттерде қолданылу тәжірибесін талдау қажетті. Айта кету қажет бұл жаза түрі тек қана бұрынғы Кеңес Одағына мүше болған елдерге тән, ал қалған алыс шетел мемлекеттерінде аталған жаза түрі мүлдем орын алмаған. Осы аталған жағдайға байланысты бұрын Кеңес Одағына мүше болған мемлекеттердің аталған жазаны қолданудағы тәжірибесіне талдау жүргіземіз.

Бұл жаза түрі бұрынғы Кеңес Одағына кірген мемлекеттердің ішінде Молдова Республикасында, Балтық теңізі жағалауындағы мемлекеттерде Литва Республикасында, Латвия Республикасында, Эстония Республикасында қолданылмайды, ал қалған мемлекеттердің жазалар жүйесінде орын алған.

Сондай мемлекеттердің бірі болып Грузия танылады. Грузияның Қылмыстық кодексінің 45-бабында түзеу жұмыстары түріндегі жазаға қатысты ережелер белгіленген және ол ережелер жазаның нақты мерзімдеріне, жалақыдан ұсталатын соманың мөлшеріне, сондай-ақ жазаны өтеуден жалтарудың құқықтық салдарына қатысты мәселелерді қарастырған[1]. Бұл жазаның төменгі

шегі екі ай, ал жоғарғы шегі екі жыл мерзімнен тұрады, өтелу орны сотталғанның жұмыс орны болып табылады, ал сотталғанның жалақысынан ұстап қалынатын сома мөлшері жалақының бес және жиырма пайызы аралығында.

Ал жазаны орындау және өтеу тәртібіне қатысты мәселелер «Қамауға алумен байланысты емес жазаларды орындау тәртібі және пробация туралы» Грузияның Заңында қарастырылған[2]. Осы Заңның IX-тарауы осы жазаны орындау және өтеу тәртібін белгілейді. Түзеу жұмыстары жазасын орындаушы орган ретінде пробация бюросы танылады. Пробация бюросы сот үкімінің көшірмесін өзінің орындауына алғаннан кейін сотталған тұлғаның жұмыс орны әкімшілігіне оның жалақысынан сот үкімінде белгіленген мөлшердегі ұстап қалуды жүргізуді талап етеді. Осы жалақыдан ұстап қалуды жүргізуіне байланысты сотталғанның жұмыс орны әкімшілігіне бірқатар міндеттер жүктеледі:

- сотталғанның жалақысынан уақтылы және дұрыс ұстап қалу жүргізу;
- ұстап қалынған соманы белгіленген тәртіпте аудару;
- сотталғанның жүріс-тұрысына бақылау жүргізу;
- сотталғанға қатысты көтермелеу немесе жазалау шараларын қолдану және ол туралы пробация бюросына хабарлау;
- сотталғанды басқа лауазымға ауыстырғандығы немесе оны жұмыстан шығарғандығы туралы пробация бюросын хабарлау[2].

Сотталған тұлғаға жазаны өтеу кезінде жұмыстан шығуға тыйым салынады, тек негізді жағдайлар орын алғанда және пробация бюросының келісімі болған жағдайда ғана жұмыстан шығуға жол беріледі.

Сонымен қатар жұмыс орнының жоқтығына байланысты немесе басқа да дәлелді себептерге байланысты жазаны әрі қарай орындау мүмкін болмаса, Пробация ұлттық агенттігі өзі құрған кәсіпкерлердің немесе кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушы заңды тұлғаның көмегімен ондай сотталғандарды жұмыспен қамтамасыз етеді. Ал сотталғанның материалдық жағдайы нашарлаған кезде жұмыс беруші және пробация бюросы сотқа жалақыдан ұстап қалудың мөлшерін азайту туралы ұсыныс жасай алады.

Сотталған тұлға жазасын өтеуден өрескел жалтарған жағдайда, оның жазасы бас бостандығынан айыру жазасымен немесе бас бостандығын шектеу жазасымен ауыстырылуы мүмкін, бұл жерде түзеу жұмысының бір күні бас бостандығын шектеудің бір күніне, ал түзеу жұмысының үш күні бас бостандығынан айырудың бір күніне тең деген есеппен ауыстырылады.

Байқап отырғанымыздай, түзеу жұмыстары түріндегі жазаның грузиялық нұсқасына Кеңестік заманда аталған жазаға қатысты орын алған тәжірибе елеулі ықпалын тигізген. Жазаның мерізіміне, ұстап қалу мөлшеріне, жазаны өтеу орнына және т.б. қатысты ережелер Кеңестік кезеңдегі қылмыстық және еңбекпен түзеу заңнамаларында орын алған ережелерден бастау алған десек қателеспейміз. Мұндай үрдіс бұрынғы Кеңес Одағы аумағындағы мемлекеттердің заңнамаларында орын алады.

Арменияның Қылмыстық заңнамасында[3] түзеу жұмыстары жазасы негізгі жаза түрі ретінде белгіленген. Армяндық нұсқадағы бұл жазаның ерекшелігі жазаны өтеу орнында, егер осы жаза түрін өздерінің жазалар

жүйесінде қарастыратын басқа мемлекеттердің басым көпшілігінде, оның ішінде Қазақстанда аталған жаза түрін орындау ретінде сотталғанның негізгі жұмыс орнын қарастырған, ал Арменияда түзеу жұмыстары сотталғанның жұмыс орнынан басқа осы жаза түрін орындайтын органмен белгіленетін сотталғанның тұрғылықты ауданынан басқа жердегі жұмыс орны қарастырылуы мүмкін. Осы жерден Кеңестік кезеңде қолданылған ережелердің сақталғандығына байқауымызға болады.

Азербайжандық жазаларды қолдану тәжірибесінде де аталған жаза түрі қолданылады, бұл елдің Қылмыстық заңы бойынша жазаның мерзімі екі айдан екі жылға дейінгі мерзімді қамтиды, жалақыдан ұстау мөлшеріде басқа мемлекеттердегі секілді бес пайыздан жиырма пайызға дейінгі мөлшерден тұрады. Жазаның орындау сотталғанның жұмыс орны бойынша жүзеге асады. Бұл жаза түрін реттеудегі ерекшелік осы жаза түрінің қандай санаттағы тұлғаларға қатысты қолданылмайтындығы туралы ереже белгіленген, ондай тұлғалар қатарында бірінші дәрежелі мүгедектермен әскери қызметкерлер қарастырылған[4].

Сондай-ақ егер жазаны өтеу барысында сотталған тұлға өзінің бұрынғы жұмыс орнынан жұмыстан шықса және еш жерде жұмыс жасамайтын болса, жазаны орындаушы сотталғанға үш ай ішінде жұмысқа орналасуды ұсынады, қажет болған жағдай оған жұмысқа орналасуға көмектеседі. Ал егер дәлелсіз себебтерге байланысты жұмысқа орналаспаса, сотталғанға қатысты шара қолданады. Жұмыссыз сотталған жұмыспен қамту органына есепке тұруға міндетті және ол орган ұсынған жұмыстан бас тартуға құқығы жоқ[5]. Түзеу жұмыстары жазасын өтеуші сотталған еңбек занамасында белгіленген демалысты пайдалануға құқылы және оның осы жазаны өтеу мерзімі оның жалпы жұмыс өтілім мерзіміне саналады.

Сонымен қатар сотталған тұлға қосымша жұмыс жасайтын болса, оның қосымша жұмыс бойынша алатын жалақысынан да ұстау жүргізіледі. Ұстап қалу келесідей сомалардан жүргізілмейді:

- зейнетақыдан;
- жәрдемақылардан;
- бір рет берілетін төлемдерден;
- іссапарға баруына байланысты өтемақы ретінде төленетін жалақы жүйесінде қарастырылмаған төлемдерден;
- өзгеде төлемдерден[5].

Азербайжан қылмыстық-атқару заңнамасында белгіленген түзеу жұмыстары түріндегі жазаны орындауға қатысты ережелердің басым көпшілігі Кеңестік заманнан келе жатқан ережелер болып табылады.

Аталған жаза түрін қолдануда украиналық тәжірибенің де өзіндік ерекшелігі бар. Жаза мерзімі төменгі шегі алты ай, ал жоғарғы шегі басқа мемлекеттердегі сияқты екі жылды құрайды. Осы жаза түріне сотталған тұлғаның жалақысынан ұстап қалу мөлшерінің төменгі шегі он пайызды құраса, жоғарғы шегі басқа мемлекеттерде бекітілгендей, жиырма пайызды құрайды. Ал осы жаза түрлері тағайындалмайтын тұлғалардың шеңбері басқа

мемлекеттермен салыстырғанда өтек кең десек болады. Атап айтқанда бұл жаза келесідей тұлғаларға қатысты тағайындалмайды:

- екі қабат әйелдерге;
- бала күтіміне байланысты демалыстағы әйелдерге;
- еңбекке жарамсыз тұлғаларға;
- он алты жасқа толмаған тұлғаларға;
- зейнет жасына жеткен тұлғаларға;
- әскери қызметшілерге;
- Украинаның Арнайы байланыс және ақпаратты қорғау мемлекеттік қызметіне;
- құқыққорғау органдарының қызметкерлеріне;
- нотариустарға;
- жеке сот орындаушыларына;
- судьяларға;
- прокурорларға;
- адвокаттарға;
- мемлекеттік қызметкерлерге;
- жергілікті өзін-өзі басқару органдарының лауазымды тұлғаларына[6].

Украина Қылмыстық-атқару кодексінің 9-тарауы осы жаза түрін өтеу және орындау тәртібіне арналған. Жазаны өтеу барысында сотталған тұлғаға еңбек құқығын шектеумен қатар, жүріп-тұруына қатысты шектеу белгіленуі мүмкін. Атап айтқанда Украина Қылмыстық-атқару кодексінің 42-бабының 4-тармағына сәйкес осы жаза түріне сотталған тұлғаларға пробация органдарының келісімінсіз Украинаның аумағынан тыс жерлерге кетуге тыйым салынады[7].

Беларусь Қылмыстық заңнамасы бойынша түзеу жұмыстары алты айдан екі жылға дейінгі мерзімге тағайындалады және сотталғанның жұмыс орны бойынша өтеледі. Осы жаза бойынша сотталғанның жалақысынан ұстап қалу сомасы оның он пайызынан жиырма бес пайызына дейінгі соманы құрайды, бірақ ол ай сайынғы бір базалық өлшемнен төмен болмауы тиіс[8]. Аталған жазаны тағайындауға болмайтын тұлғалардың түрлеріде әртүрлі, атап айтқанда ондай тұлғалар қатарында шетел азаматтары да, Беларусь Республикасында тұрақты тұрмайтын азаматтығы жоқ тұлғаларда, тұрақты жұмысы жоқ туберкулездің ашық нысанымен ауыратын тұлғаларда бар[9].

Беларусьтің Қылмыстық-атқару заңнамасының 7-тарауы түзеу жұмыстары жазасын орындау тәртібіне арналған. Осы жаза түрін белгілейтін сот үкімі күшіне енгенге дейін сотталушы тұлға жұмыссыз қалған жағдайда оған он бес күндік мерзім ішінде өз бетімен жұмыс табу ұсынылады, ал егер аталған мерзім ішінде жұмыс таба алмаса, жергілікті жерлердегі еңбекпен қамту органдарында тіркеледі. Мұндай органдар ұсынған жұмыстардан аталған жаза түріне сотталған тұлғалардың бас тартуына құқықтары жоқ. Бұл ереже жаза өтеп жүрген сотталғандар жазасын өтеу кезінде жұмыстан шығып қалғанда да қолданылады. Беларусь Қылмыстық заңының ережелерімен осы Қылмыстық-атқару заңының[9] ережелері арасында тағы бір қарама-қайшылық орын алуда, атап айтқанда Қылмыстық кодексте аталған жаза түрі кәмелетке толмағандарға тағайындалмайтындығы белгіленген, ал Қылмыстық-атқару кодексінің 37-

бабының 6-тармағында он сегіз жасқа толмаған аталған жаза түріне сотталғандардың жүріс-тұрысына бақылау жүзеге асырылатындығы туралы ереже белгіленген[9].

Беларусь заңшығарушылары да аталған жаза түріне сотталғандардың материалдық жағдайы нашаралаған жағдайда жалақысынан ұсталатын соманың пайыздық мөлшерін азайту мүмкіндігін қарастырған.

Ресейлік тәжірибеде аталған жаза түріне қатысты басқа мемлекеттердің тәжірибесімен салыстырғанда айырмашылық жоқ деуге болады. Ресейлік Қылмыстық заң бойынша бұл жаза түрі жұмысы бар тұлғаларға қатысты да, жұмысы жоқ тұлғаларға қатысты да тағайындалады, егер жұмысы бар тұлғаға тайғайындалатын болса, жаза оның жұмыс орнында өтеледі, ал егер жұмысы жоқ тұлғаға қатысты тағайындалса, жаза қылмыстық-атқару инспекциясымен келісе отырып, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен анықталатын, бірақ сотталғанның тұрғылықты мекен-жайы орналасқан аудан шегіндегі жұмыс орындарында өтейді. Жалақыдан ұстап қалу сомасының төменгі мөлшері бұл елдеде ең төмен болып саналады және бес пайызды құрайды, ал жоғарғы шегі жиырма пайызды құрайды. Жаза түрі тағайындалмайтын тұлғалар ішінде әскери қызметкерлерде қарастырылған, бірақ олардың түрлері нақтыланған, атап айтқанда әскерге шақыру бойынша әскери қызметін өтеп жатқан әскери қызметшілерге, егер олар сот үкімі шығарылған сәтте заңмен белгіленген шақыру бойынша әскери қызметінің мерзімін өтеп болмаса, сондай-ақ қатардағы және сержанттық құрамдағы әскери лауазымдарда контракт бойынша әскери қызметін өтеушілерге тағайындалмайды[10].

Ал аталған жазаны орындау және өтеу тәртібіне қатысты мәселелер бойынша ережелер РФ Қылмыстық-атқару кодексінде[11] қарастырылған. Ресейде де аталған жазаны орындау бойынша ерекшеленетіндей тетіктер белгіленбеген.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Уголовный кодекс Грузии / Законодательный Вестник Грузии-ЗВГ, 41(48), 13/08/1999// <https://matsne.gov.ge/ru/document/view/16426?publication=236>
2. Закон Грузии «О порядке исполнения наказаний, не связанных с заключением под стражу, и пробации»// <https://matsne.gov.ge/en/document/download/21610/29/ru/pdf>
3. Уголовный кодекс Республики Армения/Принят 18.04.2003//<http://www.parliament.am/legislation.php?ID=1349&lang=rus&sel=show#9>
4. Уголовный кодекс Азербайджанской Республики (утвержден Законом Азербайджанской Республики от 30 декабря 1999 года № 787-IQ) (с изменениями и дополнениями по состоянию на 27.12.2021 г.) // [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30420353&pos=776;-43#pos=776;-43](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30420353&pos=776;-43#pos=776;-43)
5. Кодекс Азербайджанской Республики об исполнении наказаний (утвержден Законом Азербайджанской Республики от 14 июля 2000 года № 908-

IQ) (с изменениями и дополнениями по состоянию на 19.05.2020 г.) // [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30420206&pos=350;1#pos=350;1](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30420206&pos=350;1#pos=350;1)

6. Уголовный кодекс Украины от 5 апреля 2001 года № 2341-III (с изменениями и дополнениями по состоянию на 14.04.2022 г.) // [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30418109&pos=429;-47#pos=429;-47](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30418109&pos=429;-47#pos=429;-47)

7. Уголовно-исполнительный кодекс Украины от 11 июля 2003 года № 1129-IV (с изменениями и дополнениями по состоянию на 24.03.2022 г.) // [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30418034&pos=430;-48#pos=430;-48](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30418034&pos=430;-48#pos=430;-48)

8. Уголовный кодекс Республики Беларусь от 9 июля 1999 года № 275-3 (с изменениями и дополнениями по состоянию на 05.01.2022 г.) // [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30414984&pos=553;-54#pos=553;-54](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30414984&pos=553;-54#pos=553;-54)

9. Уголовно-исполнительный кодекс Республики Беларусь от 11 января 2000 года № 365-3 (с изменениями и дополнениями по состоянию на 26.05.2021 г.) // [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30414827&pos=356;-2#pos=356;-2](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30414827&pos=356;-2#pos=356;-2)

10. "Уголовный кодекс Российской Федерации" от 13.06.1996 N 63-ФЗ (ред. от 25.03.2022) // [http://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_10699/](http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_10699/)

11. "Уголовно-исполнительный кодекс Российской Федерации" от 08.01.1997 N 1-ФЗ (ред. от 21.12.2021) // [http://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_12940](http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_12940)

## УДК 459. 01

**Избасарова К.Ж.**

*Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының аға оқытушысы, з.ғ.м.*

**Таужанова Р.Ж.**

*Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының профессоры, з.ғ.к.*

**Кокешбаева М.Р.**

*Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының аға оқытушы, қ.м.*

## ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ҮШІН ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЖАЗАНЫ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

**Түйіндеме..** Бірқатар жағдайларда қылмыстық ұйымдар қатарлас экономикаға немесе айтарлықтай көлемдегі «қара» нарық экономикасына негізделген бәсекелесетін билік құрылымдарын құрады. Олардың мемлекетке және оның өкілдеріне қарсы күш жұмсауға заңмен қарастырылған мемлекеттік монополияға таласатынын білдіреді және олармен келтірілген зиянның көлемі көптеген лаңкестік топтардың қызметінен пайда болатын зиян мөлшерінен айтарлықтай артады. Қылмыстық ұйымдар азаматтық қоғамды бұзады, ішкі саясаттағы кернеулікті қайшыластырады, мемлекеттік басқару мен құқықтық тәртіп сақталуына қатер төндіреді. Егер үкімет әлсіреген немесе тұрақсыз болса, олардың қызметі аса қауіпті. Мемлекеттік басқарудың әлсіздігі немесе олармен

күрес жүргізу бойынша жартылай күш салу жағдайында қылмыстық ұйымдар өз ықпалының көлемін және өз күшін сезінген сайын, осындай топтардың үкіметтік құқық қорғау шараларын бейтараптандыруға ғана бағытталған.

Қылмыстық ұйымдар мемлекетпен тікелей тайталасуға бара бермейді. Баламалы жолдардың бірі – құқық қорғау шараларын бейтараптандыру мақсатында мемлекеттік билік органдарына ену немесе оларды сыбайлас жемқорландыру. Жалпы мақсат – үкімет бетімен жіберуші позицияға тұрып, осындай ұйымдарға қатысты немесе оның қызметін жою үшін күрделі шаралар қолданбайтын жағдай жасау.

## СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ НАКАЗАНИЙ ЗА ПРАВОНАРУШЕНИЯ

**Аннотация.** Конвенция Организации Объединенных Наций против транснациональной организованной преступности не даёт общего определения «организованная преступность». В ней используется операционалистский подход, при котором сложное явление определяется путём описания составляющих его самостоятельных элементов.

Организованные преступные формирования разнообразны, имеют как географическую, так и национальную специфику, и различаются по степени глобализации: они могут действовать в пределах одного города, страны и даже выходить за пределы отдельных государств, становясь транснациональными.

Организованная преступность достаточно часто устанавливала международные контакты, однако до середины XX века эти связи были нерегулярными и обычно кратковременными, их расцвет начался лишь после того, как интернационализация экономики и распространение торговли нелегальными товарами (наркотики, оружие, «живой товар») привели к значительному росту доходов от трансграничных преступных операций..

Помимо перемещения через границы нелегальных товаров (в первую очередь наркотиков), интернационализация организованной преступности связана со стремлением преступных формирований выбрать для себя юрисдикции, где системы уголовного правосудия действуют недостаточно эффективно, где достаточно легко осуществляются операции по легализации преступных доходов (например, «налоговые убежища»).

## COMPARATIVE ANALYSIS OF PUNISHMENTS FOR OFFENSES

зиян келтіру немесе оны жасау қаупін туғызудан тұратын қоғамдық қауіптілік, яғни «не қол сұғушылық қылмыс жасау нәтижесінде қандай зиян келтірілгеніне бағытталған». Кез-келген қылмыс қоғамдық қатынастарға зиян келтіру қаупін тудырады немесе тудырады, оған қол сұғушылық үшін қылмыстық заңның нормаларында көзделген, сондықтан барлық жасалған қылмыстардың жалпы объектісі қылмыстық заңмен қорғалатын әлеуметтік қатынастар болып табылады, яғни арасындағы қатынастар адамдар өздерінің әлеуметтік өмір сүру процесінде. Бұл анықтама ең әмбебап болып көрінеді, оның алдында тұрған теориялық және практикалық міндеттерді жеткілікті түрде орындайды. Қоғамдық қатынастарды қылмыстың бұзу «механизмін» талдау кезінде қатынасқа қатысушылар, оның тақырыбы және қатынасқа қатысушылардың әрекеттері оның құрылымымен ерекшеленеді. Қоғамдық қатынастарды бұзу осы элементтерге әсер ету арқылы жүзеге асырылады. Адамның өміріне немесе денсаулығына физикалық зиян келтіре отырып немесе заңда белгілі бір тәртіппен - бостандық, ар-намыс, қадір-қасиет, конституциялық құқықтар, отбасы және кәмелетке толмағандармен өзін-өзі ұстау мүмкіндігі қарастырылған - өзін-өзі ұстау мүмкіндігі арқылы қылмыскер жалпы қоғамдық қатынастарды бұзады.

ҚР Қылмыстық кодексінің қолданыстағы редакциясындағы қаралып отырған қылмыстар тобының тобы жеке адамды қорғауға бағытталған қоғамдық қатынастар болып табылады. Сонымен қатар, қылмыстың объектісі-қоғамдық қатынастар жүйесінде белгілі бір құқықтар мен міндеттердің тасымалдаушысы ретінде қарастырылатын адам. Белгілері бойынша бұл қылмыстар ҚР Конституциясында жарияланған адам мен азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтарын сақтауды қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар деп аталатын әдебиетте бір тарауға біріктірілген нақты объект болып табылады.

Соңғы жылдары оқу және ғылыми әдебиеттерде қылмыстың объектісі қоғамдық қатынастар болмауы мүмкін немесе тек қоғамдық қатынастар ғана емес белгілі бір таралуға ие болды деген пікір. Бұл көзқарасты қолдаушылар қылмыстың объектісі ретіндегі әлеуметтік қатынастар ұғымы жалпыға ортақ емес екенін атап көрсетеді, өйткені ол жеке адамға қарсы қылмыстарға қатысты «жұмыс істемейді», «биологиялық болмыс ретіндегі адамның абсолютті құнын» төмендетіп ол «әлеуметтік қатынастардың тасымалдаушысына» айналды.

Мәселе, қол сұғу объектісінің тұжырымдамасы туралы мәселені түбегейлі шешудің айырмашылығында емес, бірыңғай терминологияның жоқтығында. Кейбір қазіргі заманғы зерттеушілер қолданатын анықтамалардың кеңдігін ескере отырып, қоғамдық қатынас ретінде қарастырылған қылмыс объектісінің мазмұнын жоғарыда аталған санаттармен ауыстыру немесе қосу пайдалы болмайды. Қылмыстық кодекстің 3-тарауында көзделген қылмыстық қылмыстардың нақты объектісі 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары болып табылады. Сонымен қатар, Конституция меншік құқықтары мен бостандықтарының шеңберін нақты көрсетеді. құқықтар мен бостандықтар шеңбері, әсіресе саяси құқықтар Қазақстан Республикасының кез келген адамына, әрбір және бір азаматына тиесілі. Барлық осы құқықтар мен

бостандықтардың айрықша ерекшелігі-олар кез-келген адамға тән (ал саяси құқықтар Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады) және оның жеке басынан бөлінбейді.

Тікелей объект-бұл белгілі бір конституциялық құқық немесе тиісті қылмыспен бұзылған адам мен азаматтың бостандығы. Олардың кейбіреулері адам өмірі мен денсаулығы сияқты қосымша заттардың болуымен сипатталады.

ҚР ҚК 3-тарауында көзделген жекелеген қылмыстардың тікелей объектісі конституциялық құқықтар мен бостандықтарды іске асырумен байланысты қоғамдық қатынастар болып табылады, оларда құқыққа қарсы қолсұғушылықтар жүзеге асырылады, мысалы, азаматтардың тең құқықтылығын, тұрғын үйге қол сұғылмаушылықты қамтамасыз етуге бағытталған қатынастар.

ҚР Қылмыстық кодексінің 147-бабы, кейбір жағдайларда бұл қылмыстың міндетті белгісі (ҚР Қылмыстық кодексінің 147-бабы).

3-тарауда аталған қылмыстардың объективті жағы, әдетте, сипатталады, алайда олардың көпшілігі ресми элементтер болып табылады және тиісті баптардың ережелерінде көрсетілген іс-әрекеттер жасалған сәттен бастап түпкілікті болып саналады. Қарастырылып отырған топтың бірқатар қылмыстық қылмыстары (ҚР Қылмыстық кодексінің 152-бабының 1-бөлігі) және бірқатар құрылымдарда салдардың пайда болуы маңызды. Бірқатар композицияларда бұл әдіс қылмыстық қылмыстың міндетті белгісі болып табылады (мысалы, ҚР Қылмыстық кодексінің 149-бабында-заңсыз кіру), немесе, керісінше, міндетті (ҚР Қылмыстық кодексінің 147-бабы) немесе біліктілік белгісі (ҚР Қылмыстық кодексінің 151-бабы). Адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстардың субъектісі 16 жасқа толған, есі дұрыс адам болып табылады. Қылмыстық кодекстің осы тарауындағы бірқатар қылмыстарда объект ерекше болып табылады, мысалы, Қылмыстық Кодекстің 159-бабында-адамға ақпарат беруден бас тартқан ресми. Субъективті жағынан конституциялық құқықтар мен бостандықтарға қарсы қылмыстық қылмыстар тікелей ниеттермен сипатталады. Ерекшелік 156-бап (еңбек қауіпсіздігі ережелерін бұзу) абайсызда жасалған. Бірқатар тұжырымдар салдары үшін кінәнің ұқыпсыз түрін көрсетеді.

Конституциялық құқықтары мен бостандықтары бұзылған адамдар (Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар, азаматтығы жоқ адамдар) жәбірленушілер болып табылады.

Бұл мәселеде шет мемлекеттердің қылмыстық заңнамасы айтарлықтай әр түрлі. Бірқатар мемлекеттер - бұрынғы кеңестік республикалар (Ресей, Әзірбайжан, Армения, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан) өздерінің Қылмыстық кодекстерінде I - ресейлік заңды көзқарастарды сақтайды және оларды тараулар (бөлімдер) деп атайды. Ұлыбританияда бұл «конституциялық және басқа да негізгі құқықтар мен бостандықтарға қарсы қылмыс», Молдовада – «саяси, кәсіподақ және басқа да конституциялық құқықтарға қарсы қылмыс», Украинада – «сайлау, еңбек және басқа да жеке құқықтар мен негізгі бостандықтарға қарсы қылмыс»деп аталады. Болгарияның Қылмыстық кодексі «азаматтардың құқықтарына қарсы қылмыстар» үшін жауапкершілікті белгілейді, Латвияның Қылмыстық кодексінде алынған



нормалар «негізгі құқықтар мен бостандықтарға қарсы қылмыстар» тарауында біріктірілген, ал Қытай «демократиялық құқықтар» ұғымын енгізді [4, 446 б.].

Басқа елдерде бұл мәселе басқаша шешіледі. Литваның 2002 жылғы қылмыстық кодекстері, ФРГ (1998 ж. Өзгертулерімен), Испания 1995 ж., Польша 1997 ж. Және Франция 1992 ж. Конституцияларда бекітілген әр түрлі құқықтарға қарсы қылмыстар туралы нормаларды бөлуге тырысады, әр топты - тәуелсіз тарауға бөледі. Сонымен, таңдау қол сұғушылықтың топтық объектісіне негізделеді. Бұл елдердегі заң шығарушылар ар-ождан бостандығына, жеке өмірге қол сұғылмауға, әлеуметтік құқықтарға (қызметкерлердің құқықтарына), сайлау құқықтарына, және т.б. Эстония (2002) мен Литвада теңдікке қарсы қылмыстар туралы арнайы бөлім бар (теңдік қағидаты) Қылмыстық кодекстің Ерекше бөліміндегі тараулар санына қарағанда, Түркияның қылмыстық заңнамасында 64-ке дейін қылмыс объектілері анықталған, топтық қылмыстар қарастырылған, тәжірибе жоғары деңгейдегі қылмыс объектісін тұжырымдау қажет болған кезде туындайтын қиындықтардан арылып, «ең аз қарсылықтың» белгілі бір жолын көрсетті [5].

Қолданыстағы Конституцияда қазіргі заманғы адам құқықтары тұжырымдамасына сүйене отырып, құқықтар мен бостандықтардың тізбесі келесі реттілікпен бекітілген: алдымен жеке, содан кейін саяси, содан кейін әлеуметтік-экономикалық құқықтар мен бостандықтар көрсетілген. Бұл 1948 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясындағы дәйектілік.

Адам құқығы мен азаматтың құқықтары арасындағы айырмашылық жалпы халықаралық және отандық тәжірибеде қабылданған. Азаматтардың саяси құқықтары бар. Тек осы құқықтарға қылмыстық жауаптылықтағы қол сұғушылықтардан олар зардап шегуі мүмкін. Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын адамның саяси (мысалы, сайлау) құқықтарын бұзғаны үшін қылмыстық жауаптылық туралы мәселе туындауы мүмкін емес, өйткені мұндай адамда бұл құқықтар жоқ. Алайда, Қылмыстық кодекстің 3-тарауында тек саяси құқықтарға ғана емес, сонымен бірге белгілі бір мемлекетке заңды тиесілігіне қарамастан барлық адамдарда болатын құқықтарға қол сұғушылық туралы ережелер бар. Әрбір азамат адам болғандықтан, тараудың тақырыбында азаматты бөлек көрсету қажет емес.

Қылмыстық заңдардағы «құқықтар мен бостандықтар», «адам және азамат» тіркестері негізінен декларативті сипатта, заңды емес, саяси мәселелерді шешуге бағытталған. Қылмыстық кодекстің 1-тарауында норма-декларацияның болуы қажет және орынды, ал Ерекше бөлімнің тарауларында қылмыстарды саралау және саралау үшін қажетті және жеткілікті анықтамалар болуы керек.

Қылмыстық кодекстің 3 -тарауында сипатталған, демек, бірыңғай нақты объектіге ие болған қылмыстар іс жүзінде әлеуметтік қатынастардың әр түрлі топтарына - азаматтық, саяси және әлеуметтік (экономикалық, мәдени) адам құқықтарын бұзады. Ғылыми талдау мақсатында, атап айтқанда қылмыстарды жүйелеу мүддесінде қылмыс объектісін одан да бөлшектік бөлу қолданылуы мүмкін сияқты. Жалпылықты дара және жекеменшікті біртұтастықта генералмен білдіретін жеке тұлғаның философиялық категориясының диалектикалық

табиғатынан шыға отырып, біздің ойымызша, кейбір жағдайларда болмыс туралы мәселені қылмыстың нақты объектісі мен топтық объектілері. Бұл жағдайда түр объектісі топтық объект үшін жалпы категория болып табылады. Қылмыстың «топтық объектісі» термині тарауға енгізілген қылмыстардың бір бөлігі үшін бірыңғай объект бола алады. Кейбір жағдайларда топтық объект өзінің атауында немесе көлемінде топқа кіретін қылмыстардың тікелей объектілерімен сәйкес келеді. Алайда, мұндай кездейсоқтық жалпы ереже болып табылмайды және сонымен қатар, Қылмыстық кодекстің шеңберінде әртүрлі топтарға жататын қылмыстарды делимитациялауға кедергі болмайды.

Адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарының сипаты (мазмұны) бойынша қаралатын қылмыстар үш топқа бөлінуі мүмкін:

1. Жеке құқықтар мен бостандықтарға қарсы қылмыстар.
2. Саяси құқықтар мен бостандықтарға қарсы қылмыстар.
3. Еңбек құқықтарына қарсы қылмыстар.

Қорыта келгенде, Қылмыстық кодекстің 3-тарауында қамтылған қылмыстық құқық бұзушылықтарды үш негізгі топқа бөле отырып, оларды төмендегідей жіктеуге болады: адамның және азаматтың жеке құқықтары мен бостандықтарын бұзатын қылмыстық құқық бұзушылықтар (Қылмыстық кодекстің 146, 147, 148, 149, 159 баптар) адамның және азаматтың саяси құқықтары мен бостандықтарын бұзатын қылмыстық құқық бұзушылықтар (Қылмыстық кодекстің 145, 150, 151, 155-баптары), адамның әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен бостандықтарын бұзатын қылмыстық құқық бұзушылықтар және азамат (Қылмыстық кодекстің 152, 153, 154, 156, 157, 158-баптары). Осындай бөлуді жасай отырып, біз Қылмыстық кодексте көзделген құқықтар мен бостандықтардың, бұзушылықтар үшін жауапкершіліктің маңыздылығы мен әлеуметтік мақсаттарынан ашамыз.

Сонымен, конституциялық құқықтардың қылмыстық-құқықтық қамтамасыз етілуі халықаралық-құқықтық құжаттарға, Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және құқықтық демократиялық мемлекеттің негізгі қағидаларының бірі болып табылатын жеке тұлғаның мүдделерін қорғаудың басымдылығын көрсетеді.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамыз (2019.23.03. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)// «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – 2022 // [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000\\_/](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_/)
2. Всеобщая декларация прав человека. Принята резолюцией 217А Генеральной Ассамблеи Организации Объединенных Наций в Париже 10 декабря 1948. <https://www.un.org/ru/universal-declaration-human-rights/>
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. (2022.21.05. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z366>

4. Деревцова, Л. И. Классификация прав и свобод человека и гражданина, основные институты их защиты в современной России // Молодой ученый. — 2019. — №14. — С. 446-449.

5. Егорова, О. А. Европейская конвенция о защите прав человека и основных свобод в судебной практике / О.А. Егорова, Ю.Ф. Беспалов. - М.: Проспект, 2020. - 144 с.

**УДК 348.041**

***Куралова Л.А.***

*Преподаватель Евразийской юридической академии им. Д.А. Кунаева*

***Хавдал К.Х.***

*Ст. преподаватель Евразийской юридической академии им. Д.А. Кунаева*

***Султанова Ж.А.***

*Преподаватель Евразийской юридической академии им. Д.А. Кунаева*

## **ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ ИСЛАМ ДІНІНІҢ НЕГІЗГІ ПОСТУЛАТТАРЫ ЖӘНЕ ОНДАҒЫ ИДЕЯЛАРДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ДАМУ ТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Түйіндеме..** Құран түскелі он төрт ғасырдан бері, ғылым Құранның ақиқатын дәлелдеп келеді. XX ғасырдың ғылыми-техникалық жетістіктері нәтижесінде табиғат құпиялары, терең мұхиттағы тіршілік, аспан әлемінің ғажайыптары туралы бірқатар жаңалықтар енген болатын. Осы жаңалықтар қаншама ғасыр бұрын түскен Құран аяттарында сипатталған. Мұны ғылым дәлелдеп отыр.

Мұсылман құқығының жүйесі басқа құқықтық жүйелерден айтарлықтай ерекшеленеді. Мысалы, салыстырмалы түрде Рим құқығын алатын болсақ, Рим құқығының қайнар көздері адамның әдеттегі қарапайым құқықтары, заңдар, магистраттық құқық, заңгерлердің кеңестері, мемлекет басшысының қаулысы болса, мұсылман құқығында мұсылман қоғамы Алладан келген бұйрықтар мен ережелерді негізге алады. Бұл ережелер басқа құқық жүйесі сияқты өзгеріске ұшырамайды. Оны өзгертуге, жоққа шығаруға болмайды, тек орындалуға жатады.

Алла Елшісі (с.а.у.) Алла Тағаланың тарапынан негізгі мінез-құлқы ережелерін, мұсылмандардың сенімі үшін нормалар қалыптастырды. Бұл нормалар негізінен қоғамдық уағыздарда қалыптасты. Құқықтық маңызы бар нормалардың тағы бір бөлігі Пайғамбардың мінез-құлқы, тіршілік әрекетінің нәтижесінде қалыптасты. Кейінірек сол және басқа да нормалар мұсылман дінінің және заңның негізгі көздерінде көрініс тапты.

**Кілт сөздер:** Құран, постулат, шарифат, заң, куәгер, қылмыс, құқық.

## ОСНОВНЫЕ ПОСТУЛАТЫ ИСЛАМА ПРОТИВ ПРЕСТУПНОСТИ И ПРОБЛЕМЫ ПРАВОВОГО РАЗВИТИЯ ИДЕЙ В НЕМ

**Аннотация:** Со времени поступления Корана, начиная с четырнадцати веков, наука доказывает истинность Корана. В результате научно-технических достижений XX века был представлен ряд открытий о тайнах природы, жизни в глубоком океане, чудесах небесного мира. Эти новости описаны в стихах Корана, которые поступили много веков назад. Это доказывает наука.

Система мусульманского права существенно отличается от других правовых систем. Например, если взять относительно римское право, то источниками римского права являются обычные права человека, законы, магистратное право, советы юристов, постановление главы государства, то в мусульманском праве мусульманское общество исходит из предписаний и положений, исходящих от Аллаха. Эти правила не претерпевают изменений, как другая система права. Оно не может быть изменено, опровергнуто, а только подлежит исполнению.

Посланник Аллаха (с.а.у) сформулировал основные правила поведения со стороны Всевышнего, нормы для веры мусульман. Эти нормы формировались в основном в общественных проповедях. Другая часть норм, имеющих юридическое значение, сформировалась в результате поведения Пророка, жизнедеятельности. Позже те и другие нормы нашли отражение в основных источниках мусульманской религии и права.

**Ключевые слова:** Коран, постулат, шариат, закон, свидетель, преступление, право

## THE MAIN POSTULATES OF ISLAM AGAINST CRIME AND ISSUES OF LEGAL DEVELOPMENT OF IDEAS IN IT

**Annotation:** Since the arrival of the Qur'an, since fourteen centuries, science has been proving the truth of the Qur'an. As a result of scientific and technological achievements of the twentieth century, a number of discoveries about the mysteries of nature, life in the deep ocean, and the wonders of the heavenly world were presented. This news is described in the verses of the Koran, which were received many centuries ago. Science proves it.

The system of Muslim law differs significantly from other legal systems. For example, if we take relatively Roman law, then the sources of Roman law are ordinary human rights, laws, magistrate law, councils of lawyers, the decree of the head of state, then in Muslim law, Muslim society proceeds from the prescriptions and provisions emanating from Allah. These rules do not undergo changes, like another system of law. It cannot be changed, refuted, but only subject to execution.

The Messenger of Allah (S. A. U.) formulated the basic rules of behavior on the part of the Almighty, the norms for the faith of Muslims. These norms were formed mainly in public sermons. Another part of the norms of legal significance was formed as a result of the Prophet's behavior and life activity. Later, these and other norms were reflected in the main sources of the Muslim religion and law.

**Keywords:** Quran, postulate, Sharia, law, witness, crime, law.

Адамды Құдай жаратты. Біз өзіміз жасамаған нәрсемізді танып біле алмағандығымыздай, өз-өзімізді де танып-біле алмаймыз. Мінез - құлқымызды да түсіндіру мүмкін емес. Ендеше, қылмыстық әрекеттердің себептерін түсінуге де шамамыз келмейді. Жақсылық пен жамандықты не біле тұра адам неге кей кезде соңғысын тандайды? Э.А.Поздняков айтқандай, бұл "адамның табиғатының ерекше есерлігінің айғағы, соның салдарынан зардап шегеді, азаптанады және сазайын тартады, өзіне де сол керек" [1, 155-156 б.].

Мүмкін, Құдайдың өзі бойымызға әлдебір рақымсыздық инстингтің дарытқан болар? Бұған байланысты Т.Гоббс былай деп жазған: "Адам жаратылысынан зұлым және деструктивті тіршілік иесі; ол өзінен де мықты адам өлтіргіштен қорыққанда ғана сүйікті кәсібінен тартылатын жан алғышқа ұқсайды" [2].

Періштелер адамның күнәға бататынын және қан ағызатынын Құдайға айтты. Дегенмен, адам болмысының қылмыстық, күнәһар сипат алуына Құдай жаратқан барлық дала хайуандарының ішіндегі ең айлакері болған жылан кінәлі еді, ол Хауа ананы жақсылық пен жамандықты тану ағашы жемісінің дәмін көруге көндірді. Әйел адам Құдай бұл ағаштың жемісін жеуге тиым салғанын, оны жеген адамның өлетінін айтып бас тартады. Жылан: "сендер Құдай сияқты жақсылық пен жамандықты білетін боласындар" - деді. Ақырында Хауа ана Құдайдың бұйрығын бұзып, жемістің дәмін татып, Адам атаға да ұсынады. Нәтижесінде Адам ата мен Хауа ана жақсылық пен жамандықты танып - біліп, өздерінің жалаңаштығын түсініп, Құдайдан жасырынып қалады.

Жақсылық пен жамандықты тану ағашы адамның орнына және адам үшін жақсылық пен жамандықтың не екендігін шешуге Құдайдың басымдығының символы еді. Данышпандардың түсіндіруі бойынша, Құдай адамды жазалауының себебі бұйрықты бұзғаны үшін емес, жақсылық пен жамандықтың не екенін шешудің Құдайға тиесілі құқығын иемденіп алуға ұмтылуында еді. Бұл теріс қылықтың жазасы берілді: жылан қарғысқа ұшырап, жер бауырлап, өлексемен қоректенетін болды; әйелге ауырсынып бала туу және еріне бағынып жүру жазылды; ер адамға жерде күйінішпен және маңдай терімен еңбектену бұйырды. Адамдар ажалсыздығынан айырылып, өлгеннен кейін жердің қойнына қайтып, Адам ата жаралған тозаңға айналуы тиіс болды. Олай болса, зұлымдық адам болмысының тереңінде, оның иррационалдық еркіндігінде, оның діни жаратылысынан бөлініп кетуінде жатыр, оның ішкі қайнар көзі [3, 237-б.]. Осы оқиғадан түйеріміз әр теріс қылықтың жазасы бар, жазалау институты - Құдайдың өзі бекіткен, дініміздің негізгі постулаты.

Қатыгездіктің не екенін білмейтін хайуаннан ерекшеленетін адам неге қатыгездік жасауға бейім? Э.Фромм: "Адам - өзі сияқты жандарды ешбір пайдасыз немесе олжасыз жоюға бейім бірден-бір тіршілік иесі" деп айтқан [4, 189-190 бб.].

Құдайдың бізді қанышерлікке бейім қылып жаратуы мүмкін емес, сонда жамандықтың бастауы қайда жатыр? Дж.Б. Рассел Ж.Ж. Руссоның мынадай сөзін келтіреді: "Адам, жамандық жасаушыны алыстан іздеме, ол сенің өзіңсің"

[5, 347-б.]. Құранда: "Кім ізгі іс істесе, сонда өзі үшін. Ал, кім жамандық істесе де өзіне тән. Раббың құлдарына зұлымдық істеуші емес" ("Фуссиләт" сүресі 46-аят). Бұл аятта адамның әр әрекетін өз еркімен жасайтыны, ешкімнің мәжбүрлемейтіні айтылған.

З.Фрейд теориясы бойынша, адамның әрекеттерін хайуандық инстинкт басқарады. Оның пікірінше, адамды бұл инстинкт кернейді, өйткені оған оның жаратылысы себепші [6, 374-б.].

Діни көзқарас бойынша, адамның зұлым мінез-құлқы, қатыгездігі, қылмыс жасауы - адамға "зұлым" күштердің әсерінің нәтижесі. Әулие Августин: "Адамның өз әрекетін таңдауға еркіндігі бар, тек зұлым ерік-жігер әсерімен оған зұлым күштердің кіріп кетуінің нәтижесінде ғана қылмыс жасайды" [7, 41-б.].

Құранда: "Кім бір жақсылық келтірсе, оған ондай он есе бар және біреу бір жамандық істесе, сондай жамандық беріледі. Және олар (жамандық) жасағандар әділетсіздікке ұшыратылмайды ("Әнғам" сүресі, 160-аят). Немесе "Сонда кім тозаңның түйірінің салмағындай жақсылық істеген болса, ол оны (сауабын) көреді. Ал және кім тозаңның салмағындай жамандық істесе, оны (жазасын) көреді" ("Зилзала" сүресі 99-сүресі, 7-8-аяттар).

Сонымен діннің ұстанымы бойынша, адам мінсіз емес, өйткені оның жаратылысына ата-бабасы - Адам ата мен Хауа ананың алғашқы күнәсі өшпес ізін қалдырды, ібілістің азғыруына бейім. Алдап-арбауға қарсы тұра алмай, елігіп кеткен адам қылмысқа да бара алады. Осы орайда біздің барлық әрекеттерімізді біліп отыратын Алла "неге адамның қылмыс жасауына рұқсат етеді?" деген орынды сұрақ қойылады. Бұған Иоанн Дамаскин "Православие дінінің дәл баяндалуы" атты шығармасында Құдай - барлық игіліктің бастауы мен себебі болғандықтан, адамның кез келген ізгі ісі оның мақұлдауымен, жәрдемімен, көмегімен жасалады; теріс істі Құдай қаламайды, бірақ оны жасау-жасамауды "еркіне беріп қояды" [8, 115-б.] деп мойындайды. Августиннің пікірінше, күнәға қатысты ғана адамның ықтияры өзінде болуы мүмкін, ал, игілікке ол Құдай сәтін салса ғана ұмтыла алады [9, 250-253 бб.].

"Сот", "Шариғат", "заң"... Бұл сөздер газет-журнал беттерінен және теледидар экрандарынан көрсетілген уақытта бойымызды үрей билейді. Дегенмен, бұл терминдерді жеңіл қабылдайтын адамдар мұның артында не тұрғанын біле ме екен? Ислам құқықтануы – көпшілігіміз үшін белгісіз кеңістік.

Шариғат заңдары мемлекетпен қабылданып жатқан мыңдаған заңнамаларға қарағанда өзгеше. Өзінің дәлелдеуді қажет етпейтін қағидалары мен қолданылу ерекшеліктеріне қарай көп қырлы ілім болып табылады. Ол - қоғамдағы барлық деңгейдегі топтардың құқықтары мен міндеттерін есепке алған заңдардың бірегейі. Мысалы, нақты дәлел ретінде Исламдағы әділдік пен теңдік қағидаларын келтіруге болады. Аса құдіретті Аллаһ Тағала айтты: "Әй, мүміндер! Әділдікте мықты тұрып, егер өздеріңнің, әке-шешелеріңнің және жақындарыңның зиянына болса да, Аллаһ үшін айғақ болыңдар; бай немесе кедей болса да. Өйткені Аллаһ екеуіне де тым жақын. (Олардың халін біледі) Ендеше әділдік істеуде нәпсіге ермендер..." ("Ниса" сүресі, 135-аят).

Раббымыз адам баласын Жаратқан соң, оларды өз беттерінше тастап қойған жоқ, керісінше, дұрыс пен бұрысты ажырататын сана беріп, жетістікке

жетіп өсудің де, азапқа ұшырап құлдыраудың да себептерін айқын түсіндіріп, жол көрсетті.

Қылмыстық процесте істі ашу барысында маңызды дүниелердің бірі - саусақ іздері. Осы саланы зерттеушілер де саусақ іздерінің қайталанбайтын бұлтартпас дәлел екенін жақсы білді. Жер жүзінде мыңдаған адамдардың барлығының да саусақ іздері (бармақ таңбасы) әр түрлі болып келеді. Тіпті бір ұрықты, ДНК құрылымы бірдей болып келетін егіздердің өзінде де айырмашылық болады. Саусақ ізінен қайталанбас, ерекше дизайн байқалады. Бұл із сәби дүниеге келмес бұрын, яғни, құрсақтағы кезінде пайда болады екен және қайтыс болғанша зақымдалуға ұшырамаса, өзгеріссіз сақталып қалады. Сол себепті, саусақ ізі – әрбір адам баласының басты ерекшелігі, өзіне ғана тән белгісі. Ғылымда «саусақ ізі – адамның жеке куәлігі» деген түсінік бар. Бұл жаңалық жүздеген ғалымдардың қатысуымен ХІХ ғасырдың соңында ғана анықталды. Ал адам баласы мұндай зерттеулер жүргізуге қауқарсыз болған ғасырда түсірілген Құранда саусақ іздері туралы айтылған: «Адам баласы, Біз сүйектерін жинай алмайды деп есептей ме? Күмәнсіз, оның саусақтарының ұштарын да қалпына келтіруге күшіміз жетеді» («Қийама» сүресі, 3-4 аяттар).

Қылмыстың ашылуына мол үлес қосатын - куәгерлер. Ұлы жаратушы Алла Құран Кәрімде: «Еркектеріннен екі айғақ қойыңдар. Егер еркек болмаса, онда өздерің ұнатқан айғақтардан бір еркек, екі әйел болады...» ("Бақара" сүресі, 282-аят) делінген. Бұның негізгі шарты әр адам мұсылман болуы тиіс. Мұсылман емес дінсіз адамдардан куәлік алынбайды. Бірақ имам Абу Ханифа мәзһабы бойынша дінсіз адамның куәлігі дінсіздер үшін рұқсат етіледі.

Дінсіз адамның Алла тағаланы жоққа шығарғанындай, өз куәлігінде оп-оңай жоққа шығара алады. Куәгер болудың тағы бір шарты - ол ерікті, кәмелет жасына толған адам болуы. Құлдың және кәмелетке толмаған адамдардың куәлігі қабылданбайды. Куәгер жауап беруге тиіс белгілі шарттары бар: адалдық, әділдік, Алланың үкімдерін толық орындаушы, есі дұрыс, мас емес болуы керек.

Ибн Аббас күнәлардың 70 жуық түрін көрсеткен. Саид ибн Джубаир олардың саны 700-ге жуық деп айтқан. Солардың бірнешеуін атап көрсетсек: 1) Уақытынан бұрын парыз намазын орындау; 2) Себепсіз парыз намаздарын қаза қылу; 3) Міндетті зекетті төлемеу; 4) Жаттап алған құранды ұмытып қалу; 5) Алланың мейірімділігінен үміт үзу; 6) Қасақана адам өлтіру; 7) Джихад соғысы кезінде қашып кету; 8) Өсімқорлық; 9) Жетімнің мүлкін иелену; 10) Рамазан айында оразаны себепсіз үзу; 11) Ата-анаға зиян шектіретіндей тілазарлық; 12) Зинақорлық; 13) Жалған куәгерлік; 14) Алкогольдік ішімдік ішу; 15) Ұрлық; 16) Қарақшылық пен басқаның мүлкін иелену; 17) Мұсылманды қорлау; 18) Туыстық қатынасты үзу; 19) Пайғамбарға тіл тигізу; 20) Парақорлық; 21) Өсек тарату т.б.

Егер мұсылман осындай күнәлардың бірін істесе, тәубесіне келмейінше куәгерлік етуге құқығы болмаған. Ислам талаптары тыйым салған мамандықтар бойынша, атап айтқанда, балгер, астролог, сиқыршы, тіршілік иесін бейнелейтін скульптордың куәлігі қабылданбайды. Ата мен әкесінің бала мен немересіне немесе керісінше бала мен немеренің ата мен әкесіне берген куәлігі қабылданбайды. Адам өз-өзіне куәлік ете алмайды. Әйелі немесе күйеуі бір-

біріне қарсы куәлік етуге жол беріледі. Жауына қарсы куәлік беру қабылданады. Ұмытшақ адамдар мен өз-өзіне сенімсіз адамдардан куәлік қабылданбайды.

Адам өлтіруден кейінгі үлкен күнәлардың бірі неке адалдығын бұзу. Бұны кейбір ғалымдар адам өлтіруденде сорақы күнә деп есептейді. Құранда Әл-Исра сүресі 32-аятта: "Зинаға жоламаңдар. Өйткені, Ол анық арсыздық және жаман жол" - делінген.

Құраннан бұрында жазылған барлық ережелерде де неке адалдығын бұзуға тыйым салынған. Сол үшін мұның жазасы өте қатал. Бұл күнәні жасаған адамдарға ел алдында таспен ұрып жазалаған. Құранда Нұр сүресі 2-аятта: "Зинашы әйел мен ердің әрбіріне жүз дүре соғындар. Егер Аллаға, ақырет күніне сенсеңдер; оларға жұмсақтықтарың ұстамасын. Әрі екеуінің жазасын мүміндерден бір тобы көріп тұрсын"- делінген. Шешімді тек қана имам немесе оның орынбасары шығара алады. Басқалардың шешім шығаруға хақы жоқ.

Қазіргі заманда адамдар Алланың жолынан тайып жатыр. Бұның дәлелі ретінде барлық әлемде заңсыздық орыналуда. Зұлымдықтың көбісі халықты жаншуға және күнәсіз адамдарды жаппай өлтіруге бағытталған дамыған елдердің әскери күштерін қолданатын саясаткерлерден шығады. Бұл зұлымдықтың нәтижесінде ақша мен қызмет үшін адам өлтіріп, лаңкестік әрекеттерге жол беріледі. Бүгінгі қоғамда адамдардың алдында адам өлтіру ауыр күнә немесе қылмыс емес, жеңіл әрі қалыпты жағдайға айналды. Исламда адам өлтіру - Аллаға серік қосудан кейінгі екінші ауыр күнә. Шариғат адам өлтіруге діннен және адамгершіліктің шегінен шыққан қоғамға қауіп төндірген, тоқтату мүмкін болмаған жағдайдан басқа уақытта ешқандай құқық бермейді. Шариғат рұқсат берген кек алу мәселелерінде де адам өмірін сақтап қалуға тырысады.

Шариғат заңдарында қылмысты қасақана не абайсызда жасағанына мән береді. Бұл дәстүр талай дауларды сөзбен тоқтатқан билерде де сақталған. Оларда кісіні қасақана өлтіру, ерекше қаталдықпен өлтіру, зорлап-қинап, азаптап өлтіру, екі не одан да көп кісі өлтіру, жан күйзелу және ашу үстінде (аффект жағдайында) кісі өлтіру жағдайларына қатты назар аударған.

Шариғат заңы бойынша жеке меншікке байланысты қылмыстардың екі түрі қарастырылған: ұрлық және тонау. Он дирхамнан артық ұрлаушылардың қолы кесілген. Түнгі ұрлық пен күндізгі ұрлықтың ара-жігі пайымдалады. Түндегі ұрлық аса қауіпті. Қараңғыда ұры өзін еркін сезінеді. Жәбірленуші басқаны көмекке шақырғанымен, қараңғыда ешкім көрмейді, келмейді, ал күндіз бәрі көреді, көмекке келе алады деп санайды. Ұрының ер не әйел екеніне қарамастан қолдары кесілген. Ұрының қолы не аяғы шабылар алдында темір қыздырылып дайындалған. Өйткені, Мұхаммед (Оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) пайғамбар: "Егер қолын не аяғын шапқаннан соң орнын күйдірмесе, ұрының қаны көп кетіп, қансырап өліп кетуі мүмкін. Ал біздің мақсат өлтіру емес, қылмысы үшін жазалау" деген. Шариғат бойынша тонаушылықты 4-ке бөледі. Олар:

1. Өлтіремін деп қорқытып тонау;
2. Өлтірмей тонап алып, мал-мүлкін пайдалану (біразын);
3. Тоналған мүлікті түгел пайдалану;
4. Тонау өліммен ұштастырылса.



Ал, кісі өлімін 5 түрге бөледі:

1. Қысастықпен кісі өлтіру;
2. Ашу үстінде кісі өлтіру;
3. Абайсызда кісі өлтіру;
4. Соғыста кісі өлтіру;
5. Басқа бір ниетпен кісі өлтіру.

Қысастықпен кісі өлтіргендер міндетті түрде өлтірілген. Қалған түрлері күн төлеген.

Шариғат заңы сауда-саттықта мына нәрселерге тыйым салынады:

1. Арам нәрселерді сату және сатып алуға;
2. Тартып не тонап алынған нәрселерді сату және сатып алуға;
3. Сатушының өз мүлкі болып табылмаса;
4. Құмармен байланысты сауда-саттық істер жасауға;
5. Араластырылған, бір-бірінен ажыратуға болмайтын өнімдерді араластырып сатуға (мысалы, майға басқа бір май, бензинге су т.б.);
6. Сүтқорлық (риба) ниетпен келісім жасауға (яғни өсіммен алу т.б.);

Бұл айтылғандарды арабтар "батил" дейді. Сүтқорлықпен пайдакөрудің күнәсы зинақорлықтан 70 есе ауыр.

Қоғам тірегі де, қуаты да - отбасы. Отбасының бекем болуы көбіне әйел адамдарға байланысты. Алайда әйелдер құқығы жер бетіне ислам діні келгенге дейін адам төзгісіз халде еді. Әйел затының ар-намысын таптау былай тұрсын, оларды тірідей жерге көметін болған. Жахилия дәуірінде дүниеге қыз баланың келуі жанұяны ұятқа қалдыратын жайт саналатын, қыз нәрестелер туыла сала тірідей жерге көмілетін. Тек Құранда ғана сәбилерді өлтіруге тыйым салды: "...жарлылықтан балаларыңды өлтірмендер" де. Сендерді де, оларды да Біз тамақтандырамыз" ("Әнғам" сүресі, 151-аят). Ислам дүниеге келген қыз нәрестелерді өлтіруге тыйым салып қана қойған жоқ, сонымен бірге әйелдерді сыйлауға, жақсы көруге және оған құрметпен қарауға үндейді.

Тек араб елінде ғана емес, әлем бойынша әйелдердің статусы төмен болып, қорланып жатты.

Үнділерде әйелдер ер адамдардың жеке меншігі болып мүлік ретінде саналды. Сати заңы бойынша өлген ерімен бірге әйелі де тірідей өртелген. Бұл әйелінің еріне берілгендігінің нышаны деп түсінген. Осындай тағылық заң XIX ғасырдың ортасында ғана күшін жойды.

Тауратта әйелдерді шайтанның дем берушісі, Адам Атаның жұмақтан қуылуы әйелдің кесірінен деп санаған. Иудейлер заңы бойынша әйел құқықсыз, әке-шешесінің үйінде де күн ретінде қаралған. Әкесі өлсе, ер балалары (бауырлары) қыз баланы сатуға құқығы болған. Қыздардың мирастан үлесі болмағандығы айтпаса да түсінікті. Жапония, Қытай елдерінде әйелдерді шіркеуге кіргізбеген. Бала асырап алу, келісімшарт жасау әйелдерге тән құқық емес еді.

Отбасы - қоғамның негізі. Ислам отбасы құндылықтарына ерекше мән береді. Құран Кәрім ер мен әйел арасындағы бұл табиғи байланысты былай бейнелейді: «сендерге, оған тұрақтауларың үшін өз жыныстарыңнан жұбайлар жаратып, араларыңа сүйіспеншілік, мейірімділік пайда қылғандығы да оның

белгілерінен. Сөз жоқ, осыларды ойланған елге белгілер бар» ("Рұм" сүресі, 21-аят). Қасиетті Құранда жұбайлар арасындағы жақсы қарым-қатынас олардың арасындағы татулықты арттырады. Олар сана-сезімі мен дене жақындығымен біртұтас. Олар бірге келешекке үміт артып, бүгіні үшін тырысады. «Еркектер әйелдерді билеуші, ... жақсы әйелдер бойұсынушылар» ("Ниса" сүресі, 34-аят). Шаңырағы биік отбасының іргетасы - Ислам. Бүгінгі таңдағы қоғам дінсіздік, сенімсіздік вирустарымен зақымдалған, қоғам мен отбасын түбірімен бұзатын некесіз байланыс індетіне бой алдырған.

Құранда ерлер мен әйелдер тек тең құқылы ғана емес, бірін-бірі толықтырып отыратын жаратылыстар. «Сендердің әйелдерің сендер үшін киім сияқты, ал сендер оларға киім сияқтысыңдар...» («Бақара» сүресі, 187-аят) делінген.

Ислам калай жер бетіне нұр болып шашырады, солай әйелдер мен ерлерге теңдей құқық берілді. Әйелдер еркін тыныстап, әйелдік, аналық парыздарын еркін атқаруға мүмкіндік алды. Ислам әйел затына құрметпен қарауды үндеді. Тірідей қыздарын көметін тағылық қағиданы түбегейлі жойды. Керісінше, кімде-кім үш қыз баланы тәрбиелеп өсірсе, жаннаттық деп есептеп, қыз баланың қоғамдағы ролін арттырды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Поздняков Э.А. Философия преступления, 155-156 б;
2. Гоббс Т. Левиафан. 4.2. О государстве. - Гоббс Т. Соч. в 2-х т. М., 1991, т.2, 324 ст;
3. Бердяев Н.А. Мировоззрение Достоевского. М., 2001;
4. Фромм Э. Анатомия человеческой деструктивности. М., 1994;
5. Рассел Дж.Б. Князь тьмы. Пер. с англ. Ларионова И.Ю. СПб. "Евразия", 2002;
6. Фрейд З. Я и оно. Тбилиси, 1991, 380 ст;
7. Творения Блаженного Августина. Киев, 1901;
8. Дамаскин Иоанн. Точное изложение православной веры. Ростов-на-Дону. Приазовский край, 1992.
9. Августин А. О Граде Божьем. В 22-х книгах. М. Изд-во Спасо-Преображенского Вааламского монастыря, 1994.

УДК 358.81 А 21

*Марданова А.**Магистрант Евразийской Юридической Академии имени Д.Кунаева*

## ИСТОРИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ БОРЬБЫ С ТРАНСНАЦИОНАЛЬНОЙ ОРГАНИЗОВАННОЙ ПРЕСТУПНОСТЬЮ

**Аннотация:** в статье рассматриваются исторические аспекты борьбы с транснациональной преступностью, включая ретроспективный анализ транснациональной преступности с момента формирования основ СССР до анализа современного уголовного законодательства.

Целью настоящей статьи является изучение исторических аспектов борьбы с транснациональной преступностью. На сегодняшний день необходимо изучить все исторические этапы формирования транснациональной преступности, начиная от мелких банд, заканчивая организованными преступными группами более высокого ранга.

**Ключевые слова:** транснациональная преступность, история транснациональной преступности, организованная преступность.

## ТРАНСҰЛТТЫҚ ҰЙЫМДАСҚАН ҚЫЛМЫСПЕН КҮРЕСТІҢ ТАРИХИ АСПЕКТІЛЕРІ

**Түйіндеме:** Мақалада трансұлттық қылмысқа қарсы күрестің тарихи аспектілері, оның ішінде КСРО-ның іргетасы қалыптасқан сәттен бастап қазіргі қылмыстық заңнаманы талдауға дейінгі трансұлттық қылмыстың ретроспективті талдауы қарастырылған.

Бұл мақаланың мақсаты – трансұлттық қылмыспен күрестің тарихи аспектілерін зерттеу. Бүгінгі таңда шағын бандалардан бастап жоғары дәрежедегі ұйымдасқан қылмыстық топтарға дейін трансұлттық қылмыстың қалыптасуының барлық тарихи кезеңдерін зерттеу қажет.

**Түйін сөздер:** трансұлттық қылмыс, трансұлттық қылмыс тарихы, ұйымдасқан қылмыс.

## HISTORICAL ASPECTS OF THE FIGHT AGAINST TRANSNATIONAL ORGANIZED CRIME

**Resume:** The article deals with the historical aspects of the fight against transnational crime, including a retrospective analysis of transnational crime from the moment the foundations of the USSR were formed to the analysis of modern criminal legislation.

The purpose of this article is to study the historical aspects of the fight against transnational crime. Today it is necessary to study all the historical stages of the formation of transnational crime, from small gangs to organized criminal groups of a higher rank.

**Key words:** transnational crime, history of transnational crime, organized crime.

Исторический метод исследования является одним из действенных методов познания, который позволяет нам выяснить, каким исследуемое явление было раньше, каким это явление стало сейчас [1, с.14].

До 1930 годов к основным формам организованной преступности в Казахстане являются формирования, совершавшие бандитизм, то есть нападения на граждан или организации. В данное время бандитизм на территории всего постсоветского пространства носил исключительно политический характер [2, с.72-75]. Задачей правоохранительных органов того периода являлась подавление бандитских группировок жесткими методами. Изложенное обусловлено тем, что бандитские формирования в большей части носили политический характер.

В этой связи на первый план выступала борьба с политическими преступниками. Принимая во внимание изложенное, в УК.КазССР в качестве первой главы особенной части Уголовного закона были предусмотрены государственные преступления [3, с.10]. Организованная преступность того периода была характеризовалась тем, что в союзе сложился особый криминальный мир, где большое значение играли воры в законе. Криминальный мир имел свои законы и традиции, которых придерживались все криминальные группировки.

Ситуация началась меняться в начале 1940 годов, поскольку многие воры в законе, авторитеты и лидеры преступной среды перешли на сторону советских властей и стали защищать родину от посягательств Фашистской Германии. После окончания войны, принимая во внимание сложное социально-экономическое положение в государстве, произошел рост преступности, в большей части, корыстно-насильственного характера. Криминальный мир изменился, поскольку большинство функционирующих на тот момент преступных групп отошли от криминальных воровских традиций.

Характерным признаком организованной преступности стало поиск связей с коррумпированными сотрудниками правоохранительных органов. В начале 1950 годов это стало возможным, принимая во внимание рост теневых форм экономики, коррупция в рядах сотрудников правоохранительных органов, а также неспособность функционирования плановой советской экономики.

Таким образом, возник союз между элитными представителями власти и организованной преступностью, которыми пользовались услугами последних в целях получения недоступных товаров и получения недоступных услуг. Взамен представителям криминального мира предоставлялась помощь в виде защиты от уголовного преследования со стороны правоохранительных органов.

Вышеуказанные обстоятельства повлекли также к росту транснациональных преступлений, которые оказывали помощь в контрабанде товаров для реализации их на территории Союза Советских Социалистических Республик. Организованная преступность того периода нуждалась в помощи

аналогичных формирований в соседних странах, уверенно обретая транснациональный характер.

Развитие организованной преступности в Республике Казахстан приходится на конец 1980 годов. Распад великой державы повлек за собой рост коррупции, которая была связана с различными негативными явлениями и процессами, происходящими в стране. На фоне масштабного всплеска коррупции имели место экономические и социальные проблемы.

Особенностью организованной преступности того периода является состав членов преступных группировок, в большей части состоящих из действующих спортсменов и сотрудников государственных органов. После распада Союза Советских Социалистических Республик организованная преступность характеризовалась живучестью. Наблюдалась тенденция сращивание представителей организованной преступности и сотрудников правоохранительных органов Республики Казахстан.

На фоне установления коррупционных связей с представителями государственных структур, наблюдался рост теневой экономики, которая проявлялась в том, что члены преступных организаций открывали различные подпольные предприятия для получения максимальной материальной прибыли. В этой связи деятельность правоохранительных органов по отношению к действующим преступным группировкам была не эффективной. Ярким примером сращивания организованной преступности и сотрудников правоохранительных органов являются многочисленные факты привлечения к уголовной ответственности сотрудником милиции, чья деятельность была связана с крышеванием теневой экономики [4, с.5].

По истечении определенного периода времени представители организованных преступных группировок взяли под контроль все частные предприятия и учреждения, действующие на территории Республики Казахстан. Причем вести успешную деятельность по вымогательству и крышеванию частного бизнеса позволяли покровительственные связи в высших эшелонах власти.

Среди организованных преступных формирований существовала специализация, поскольку сферы деятельности таких группировок были распределены между собой. Одни преступные группировки осуществляли деятельность по крышеванию частного бизнеса, сутенерству, порнобизнесом, совершению уголовных правонарушений корыстно-насильственного характера, то есть носили исключительно локальный характер. Другие преступные группировки носили ярко выраженный транснациональный характер и специализировались на совершение экономической и обычной контрабанды. Речь идет о наркобизнесе и контрабанде наркотических средств, боеприпасов и иных незаконно хранящихся предметов и веществ.

На фоне роста и произвола организованной преступности в республике применялось законодательство, лишь фрагментарно регламентирующая противодействие организованной преступности и коррупции. На фоне отсутствия специализированного закона «О противодействии организованной преступности», который не принят и по сей день, был принят УК КазССР, в

котором имели место нормы права, регламентирующие уголовную ответственность за совершение преступлений в составе организованных преступных формирований.

Так, в ст.63 УК КазССР была предусмотрена уголовная ответственность за бандитизм, то есть организацию вооруженных банд, создаваемых для нападения на государственные или общественные предприятия, учреждения, организации или граждан. Помимо изложенного в ст.63-2 была предусмотрена уголовная ответственность за организацию или руководство преступной группой либо преступным сообществом [5, с.5].

Если провести сравнительно-правовой анализ с законодательством, регламентирующим уголовную ответственность за совершение уголовных правонарушений в составе организованных преступных формирований, то законодательство того периода показывало отношение законодателя к понятиям «организованная преступность» и «коррупция». Считалось, что в СССР нет коррупции и организованной преступности, которые присущи для стран Западной Европы и Америки.

Анализ юридической литературы показывал, что в 1980 годах отмечалась тенденция сращивания организованной и экономической преступности. Ряд зарубежных экспертов полагали, что под контролем организованной преступности находились не только коммерческие организации и банки. Около 40 процентов государственных компаний также находились под тотальным контролем организованной преступности [6, с.661].

Большое влияние на организованную преступность СССР оказывали иностранные спецслужбы, которые имели тесные связи с представителями криминальных структур, с помощью которых в республиках формировался удобный социально-политический строй, который, по сути, и привел к прекращению существования великой державы. В последующем спецслужбы Соединенных Штатов Америки сделали все возможное для не привлечения к уголовной ответственности лиц, причастных к совершению экономических и государственных преступлений [7, с.536].

Накопление капитала сопровождалось его легализацией посредством открытия собственных предпринимательских структур. Наличие капитала позволило лидерам организованной преступности не только находить криминальные связи в структурах власти, но и проникать в исполнительную и законодательную власть. Таким образом, в Союзе Советских Социалистических Республик сформировалась криминальная элита со своими традициями и особенностями. Фактически можно было говорить о сращивании организованной и должностной преступности. Таким образом, в СССР сформировался особый криминальный мир [8, с.23-24].

В 1997 году после распада СССР был принят первый Уголовный закон независимого Казахстана. Он практически полностью воспроизвел нормы УК КазССР в части противодействия проявлениям организованной преступности. Вместе с тем, принимая во внимание ратификацию международных соглашений «О противодействии организованной и транснациональной преступности», в Уголовном законе появилась ответственность за создание и руководство

транснациональной организованной группой (статья 235-2 УК Республики Казахстан) и создание и руководство транснациональным преступным сообществом или организацией (235-3 УК Республики Казахстан) [9, с.87].

В 2014 году был принят новый Уголовный кодекс Республики Казахстан, в котором были реализованы идеи гуманизации действующего права. Гуманизация в большей степени коснулась уголовных правонарушений небольшой и средней тяжести. Вопросы, связанные с противодействием организованной преступности, предусмотренные в УК Республики Казахстан 2014 года, практически воспроизвели положения УК Республики Казахстан 1997 года.

Так, в статьях 264 и 265 Уголовного закона предусмотрена уголовная ответственность за создание и руководство транснациональной организованной группой, организацией и сообществом, как наиболее опасной формой организованных преступных формирований.

Вместе с тем, несмотря на принятия ряда нормативно-правовых актов, на сегодняшний день в законодательстве есть множество концептуальных проблем. К примеру, до сих пор отсутствует научное определение экстремизма в Законе «О противодействии экстремизму», отсутствует законодательная регламентация борьбы с некоторыми формами организованной преступности. Все вышеизложенное факторы в своей совокупности создают системные проблемы в деятельности правоохранительных органов, которые невозможно решить принятием единичных нормативно-правовых актов, регулирующих отдельные аспекты борьбы с транснациональной преступностью. Необходимо проведение системной работы в этом направлении.

Таким образом, резюмируя содержание подраздела, мы пришли к выводу о том, что транснациональная организованная преступность Казахстана на сегодняшний день представляет собой социально-опасное явление, представляющая собой совокупность преступных групп и организаций, специализирующихся на совершение общеуголовных, экономических, коррупционных уголовных правонарушений при покровительстве сотрудников правоохранительных и иных государственных органов. Транснациональная преступность существовала на территории Казахстана на протяжении длительного периода времени, что обусловлена системными проблемами борьбы с ней, начиная от проблем законодательного характера, заканчивая организационными. Негативное влияние на рост транснациональной преступности повлияло отсутствие политической воли на противодействие рассматриваемому явлению. На протяжении практически всего периода существования Союза Советских Социалистических Республик государство скептически относилось к транснациональной преступности и коррупции, считая это пережитками буржуазного строя. В период получения Республикой Казахстан независимости и всего периода существования нашего государства, на законодательном уровне проблемы борьбы с транснациональной преступностью решены не были.

### Список использованных источников

1. Ванеев С.У. Уголовная ответственность за самоуправство по законодательству Российской Федерации: дисс. ... канд. юрид.наук. – М., 2006. – 193 с.
2. Роулинсон П. Российская организованная преступность: краткая история // Российская организованная преступность: новая угроза? М., 2000. С. 72—75.
3. Уголовный кодекс Казахской ССР с изменениями и дополнениями на 1 октября 1996 г.: Учебное издание. – Новосибирск, 1996. – 120 с.
4. Ляпунов Ю.И. Должностные преступления: Учебное пособие. – Киев: НИиРИО Киевской высшей школы МВД СССР, 1988. – 116 с.
5. Уголовный кодекс Республики Казахстан от 22 июля 1959 года // <https://online.zakon.kz/document>
6. Незнамова З.А. Уголовное право. Особенная часть. Учебник для вузов. – М.: Издательская группа ИНФРА-НОРМА, 1998. – 768 с.
7. Криминология: Учебник для вузов / Под общ. ред. А. И. Долговой. 3-е изд., перераб. и доп. М., 2007.
8. Корягин В.С. Деятельность следователя в условиях противодействия организованной преступности: дисс. канд.юрид.наук. – Нижний Новгород, 2006. – 159 с.
9. Уголовный кодекс Республики Казахстан: Учебно-практическое пособие. – Алматы: «Издательство «Норма-К», 2002. – 160 с.

**ӘОЖ 343.847**

***Медетбек М.Қ.***

*Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясы, Қазақстан Республикасы,  
Алматы қ-сы*

### **БЕЛГІЛІ БІР ЛАУАЗЫМДЫ АТҚАРУ НЕМЕСЕ БЕЛГІЛІ БІР ҚЫЗМЕТПЕН АЙНАЛЫСУ ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРУ ТҮРІНДЕГІ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАЗАНЫҢ ДАМУ ЭВОЛЮЦИЯСЫ**

**Түйіндеме..** Осы ғылыми мақалада Ресей империясының кезеңінен бастап Кеңес Одағының алғашқы кезеңдеріне дейінгі аралықта белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі қылмыстық жазасының қазақ даласында даму тарихы талданды.

Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі қылмыстық жазасының даму тарихын зерттеу арқылы біз аталған жазаның құқықтық табиғатын анықтауға мүмкін аламыз. Осы жаза түрінің қазақ жерінде қолданылуы 1845 жылғы Қылмыстық және түзеу жазалар туралы Ереже мен 1903 жылғы Қылмыстық Ережемен байланысты болды.



Ал аталған жаза түрінің әрі қарай даму кезеңі Ұлы Қазан Революциясынан кейінгі кезеңмен байланысты болды. Бұл кезеңде екі рет кодификацияланған Қылмыстық заңдарда аталған жаза түрі бекітілген жаза жүйесінде сақталып қалынды және негізгі жаза түрі ретінде де, қосымша жаза түрі ретінде де тағайындалып отырды.

Әр кезеңде сотталғанның қандай да бір құқықтарынан айырумен байланысты жаза түрлерінің шеңбері өзгеріп отырды, атап айтқанда бірлестіктен белгілі бір мерзімге немесе өмір бойы шығару; лауазымынан айыру; қандай да бір лауазымды иеленуге, немесе орындауға немесе қандай да бір жұмыс түрімен айналысуға тыйым салу; саяси құқықтардан айыру; кеңестерге және кеңестер съездіне сайлау кезінде сайлану және сайлау құқықтарынан айыру; жауапты мемлекеттік лауазымды иелену, қоғамдық міндеттерді орындау және құрмет атағын алып жүру құқығынан айыру; өндірістік немесе сауда ұйымдары мен қоғамдарында сайланбалы лауазымды иелену құқығынан айыру; ата-аналық құқықтардан айыру және т.б.

**Кілтті сөздер:** жаза, сотталған, лауазым, қызмет, айыру, тыйым салу.

## **ЭВОЛЮЦИЯ РАЗВИТИЯ УГОЛОВНОГО НАКАЗАНИЯ В ВИДЕ ЛИШЕНИЯ ПРАВА ЗАНИМАТЬ ОПРЕДЕЛЕННУЮ ДОЛЖНОСТЬ ИЛИ ЗАНИМАТЬСЯ ОПРЕДЕЛЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬЮ**

**Аннотация.** В данной научной статье проанализирована история развития в казахской степи уголовного наказания в виде лишения права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью, начиная с периода Российской империи и заканчивая ранними периодами Советского Союза.

Изучив историю развития уголовного наказания в виде лишения права занимать определенную должность или заниматься определенной деятельностью, мы можем определить правовую природу данного наказания. Применение этого вида наказания на казахской земле было связано с Уложением об уголовных и исправительных наказаниях 1845 года и Уголовным уложением 1903 года.

А период дальнейшего развития данного вида наказания был связан с периодом после Великой Октябрьской революции. В этот период дважды кодифицированные уголовные законы сохраняли данный вид наказания в утвержденной системе наказаний и назначались как основной вид наказания, так и как дополнительный вид наказания.

На каждом этапе менялся круг видов наказания, связанных с лишением осужденного каких-либо прав, а именно исключение из объединения на определенный срок или пожизненно; лишение должности; запрет занимать, или выполнять какую-либо должность или заниматься каким-либо видом деятельности; лишение политических прав; избрание и избрание при выборах в советы и на съезд Советов права на занятие ответственной государственной должности, выполнение общественных обязанностей и ношение почетного

звания; лишение права занимать выборные должности в производственных или торговых организациях и обществах; лишение родительских прав и др.

**Ключевые слова:** наказание, осуждение, должность, служба, лишение, запрет.

## **EVOLUTION OF THE DEVELOPMENT OF CRIMINAL PUNISHMENT IN THE FORM OF DEPRIVATION OF THE RIGHT TO HOLD A CERTAIN POSITION OR ENGAGE IN A CERTAIN ACTIVITY**

**Annotation.** This scientific article analyzes the history of the development of criminal punishment in the Kazakh steppe in the form of deprivation of the right to hold certain positions or engage in certain activities, starting from the period of the Russian Empire and ending with the early periods of the Soviet Union.

Having studied the history of the development of criminal punishment in the form of deprivation of the right to hold a certain position or engage in a certain activity, we can determine the legal nature of this punishment. The application of this type of punishment in the Kazakh land was connected with the Regulations on Criminal and Correctional Punishments of 1845 and the Criminal Regulations of 1903.

And the period of further development of this type of punishment was associated with the period after the Great October Revolution. During this period, twice codified criminal laws preserved this type of punishment in the approved system of punishments and were assigned both the main type of punishment and as an additional type of punishment.

At each stage, the range of types of punishment related to the deprivation of the convicted person of any rights changed, namely, exclusion from the association for a certain period or for life; deprivation of office; prohibition to hold or perform any position or engage in any type of activity; deprivation of political rights; election and election during elections to councils and at the Congress of Soviets, the right to occupy a responsible public position, perform public duties and carry an honorary title; deprivation of the right to hold elected positions in industrial or trade organizations and societies; deprivation of parental rights, etc.

**Key words:** punishment, convicted, position, service, deprivation, prohibition.

Кәзіргі кезде дүние жүзі бойынша қылмыстық жазаларды қолдану аясындағы орын алып отырған үрдістердің бірі қоғамнан оқшаулаусыз жаза түрлерін мүмкіндігінше жиі қолдануға жол беру болып табылады. Қазақстан Республикасында осы бағытта жұмыс жасауда және жасалған жұмыстары нәтижелер әкелуде. 1997 жылы қабылданған қылмыстық[1] және қылмыстық[2] заңнамаларында қазақстандық заңшығарушылар мүмкіндігінше жаза түрлерін, сотталғандардың құқықтары мен бостандықтарын айқындайтын бірқатар халықаралық стандарттарға сәйкес келетін ережелерді қарастырды, алайда сол кезеңде қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамаларында орын алған бірқатар жаңашылдықтар оларды жүзеге асыру барысында жалпы отандық жаза жүйесіне айтарлықтай оң нәтижелер әкеле қойған жоқ. Өйткені бірқатар жазаларды атап айтқанда бас бостандығынан айыру жазасын жиі тағайындау

салдарынан осы жаза түріне сотталғандардың саны жағымсыз статистиканың қалыптасуына ықпал етті. Ал егер бұл жаза түрін тағайындаудың салдары мемлекеттік бюджет үшін шығынды екендігін ескеретін болсақ, мұндай жағдайдың жағымсыз салдарының арта түскені сөсіз. 1997 жылдан 2014 жылғы дейінгі аралақыта ең жиі қолданылған жаза түрлері қатарында айыппұл мен бас бостандығынан айыру жазалары орын алды, ал қалған жазалардың оның ішінде айыппұл жазасын қоспағанда қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалардың қолданылу көрсеткіші өте төмен болды. Бұл жағдай белгілі лауазымды иелену және белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығынан айыру жазасына қатысты орын алды. Ал қоғамнан оқшаулаусыз жазалар ішінде айыппұл жазасының жиі тағайындалуы орын алған проблеманы шешпеді. Әрине тәжірибеден көретіміз, жазалардың аз тағайындалуы қылмыстық құқықбұзушылықтың аз жасалғандығын білдіреді, алайда бізде жағдай өзгеше болды, жасалған қылмыстардың саны өсті, бас бостандығынан айыру мен айыппұл жазаларын қоспағанда, оларға тағайындалатын жаза түрлерінің саны өте төмен болды. Мұндай төмен көрсеткіштің орын алуы бірқатар жағдайларға байланысты болды, атап айтқанда ондай жаза түрлерін қолдануға сәйкес жағдайдың жасалмауы, қамаққа алу үйлерінің салынбауы, жазаны орындайтын қызметкерлердің санының жетіспеуі, электронды бақылау құралдарының болмауы және т.б. Мұның барлығы жеңіл жазадан бірте-бірте қатаң жазаға ауысу қағидасын бұзды. Отандық ғалымдардың арасында германдық тәжірибені пайдалануды, яғни құқықтан айыру, айыппұл және бас бостандығынан айыру түріндегі жазаларды ғана қолдануды ұсынғандар да болды.

Осындай орын алған жағымсыз жағдайға мемлекет тарапынан жауап ретінде бірқатар іс-шаралар жүргізілді. Сондай шаралардың бірі ретінде қолданыстағы жазалардың мазмұнын, оларды атқару механизмдерін елеулі түрде өзгерту орын алды. Нәтижесінде 2014 жылы жаңа Қылмыстық[3] және Қылмыстық-атқару[4] заңнамалары қабылданды. Бұл өзгерістер қарастырып жатқан жаза түріне қатысты орын алды.

Белгілі бір лауазымды иелену немесе белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаның Қазақстан Республикасының аумағында өзіндік даму ерекшелігі бар жазалардың бірі түрі болып табылады. Бұл жаза түрінің шығу тегін анықтай отырып, оның мәнін түсінуге және ашуға болады. Қазақтың әдет құқығында аталған жаза түрі қарастырылмаған. Осы тұрғыдан аталған жаза түрі қазақ жерінде қай кезден бастап қолданыла бастады деген сұрақ туындауы мүмкін. Бұл сұраққа жауап ретінде белгілі ғалым У.С. Жекебаевтың пікірін келтіре кету орынды, атап айтқанда Қазақстан Республикасында қылмыстық құқықтың қалануының және дамуының өзіндік ерекшелігі бар. Қазақстан үш ғасыр бойы Ресей Империясының қол астында болды. Және революцияға дейінгі кезеңде Қазақстан аумағында мемлекеттік қылмыстар, адам өлтіру, тонау, барымта, адам зорлау туралы көптеген қылмыстық істер 1845 жылғы және 1903 жылғы Ережелердің негізінде жалпы империялық соттармен қаралды[5]. Ғалымның бұл пікірін негізге алатын болсақ, сол кезеңдері Қазақ даласында аталған қылмыс түрлеріне қатысты 1845 жылғы Ереже мен 1903 жылғы Ережеде белгіленген жаза түрлері қолданылған.

Сәйкесінше белгілі бір лауазымды иелену немесе белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығынан айыру түріндегі жаза өзінің қолданысын Қазақ жерінде осы кезеңдерде бастаған. 1845 жылғы Ереже «Қылмыстық және түзеу жазалары туралы» деп аталды. Осы Ереженің екінші тарауы жаза түрлеріне арналды. Сол тарауда басқа жазалармен қосымша жаза ретінде жағдайын белгілейтін құқықтарынан айыру жазасы ретінде қарастырылды. Жер аудару жазасы болсын, өлім жазасы болсын, осы жазалармен бірге тағайындалып отырды. Бұл жаза түрі қандай құқықтық шектеулерден тұратындығы осы екінші тараудың басқа ережелерінде белгіленді, атап айтқанда сол кезеңде қоғамда алатын орнына, мәртебесіне қарай анықталып отырды. Осы Ереженің 46-бабына сәйкес ондай шектеулер қатарында:

- 1) мемлекеттік немесе қоғамдық қызметке кіруге;
- 2) гильдияға жазылуға немесе сауда жасауға құқық беретін куәліктің қандай да бір түрін алуға;
- 3) қандай да бір жасалатын келісім-шарттарда және өзгеде актілерде куә болуға, антпен немесе антсыз азаматтық істер бойынша куәлік айғақ беруге, тек сотпен олардың куәлік айғақтары қажет деп танылған жағдайларды қоспағанда;
- 4) аралық соттарға судья ретінде сайлануға;
- 5) қамқоршы немесе қорғаншы болуға;
- 6) кімнің ісі болмасын өкіл болуға тыйым салынады[6].

Ал 56-бабына сәйкес қамалға екі жылдан алты жылға дейін қамау жазасына және тыныштандыру үйіне бір жылдан үш жылға дейінгі қамау жазасына біріктірген кезде ондай шектеулер келесідей мазмұнда болады:

- дворяндар үшін мемлекеттік немесе қоғамдық қызметке кіруге, сайлауға қатысуға, қандай да бір лауазымға сайлануға, дворяндық қамқоршылыққа тағайындау бойынша қамқоршы болуға тыйым салынады;
- діни қызметкерлер үшін өмір бойы діни атағынан айырылады;
- құрметті азаматтар мен көпестер қалалық сайлауларға қатысуға және құрметті немесе қала билігі лауазымымен байланысты лауазымдарға сайлануға тыйым салынады[6].

Сонымен қатар қызметтегі қылмыстар мен теріс қылықтар үшін айрықша жаза түрлері белгіленген, атап айтқанда

- 1) қызметтен босату;
- 2) лауазымнан айыру;
- 3) қызметтік өтілімін азайту;
- 4) лауазымынан босату;
- 5) жоғарғы лауазымнан төменгі лауазымға ауыстыру және т.б.[6].

Осы жердегі қызметтен босатылған тұлға қандай да бір мемлекеттік қызметке қайтан кіруге, сайлауға қатысуға және дворяндыққа, қала және аймақ лауазымдарына сайлану құқығынан айырылады[6].

Ал лауазымынан айырылған тұлғалар лауазымынан айырылған күннен бастап үш жыл ішінде қайтадан мемлекеттік және қоғамдық қызметке кіру құқығынан айырылады[6].

1903 жылғы Қылмыстық Ереженің үшінші бөлімінде жазалар мәселесі қарастырылды[7]. 1845 жылғы Ережедегі сияқты қосымша жаза ретінде

тағайындалуын жалғастырды. Осы Ережеге сәйкес сотталғандарды құқықтарынан айырумен байланысты жазалар жағдайын белгілейтін құқықтарын айырудан, қызметтік құқықтарынан және қандай да бір артықшылықтарынан айырудан тұрды[8,279-281бб.].

Қосымша жаза ретінде құқықтардан айыру үш түрге бөлінді:

1) жағдайын белгілейтін барлық құқықтардан айыру, яғни мемлекеттік немесе қоғамдық қызметке кіру құқығынан айырылды, мүліктік және өзге де құқықтары шектелді;

2) айрықша құқықтарының және артықшылықтарының, сондай-ақ жеке құқықтарынан айрылды, атап айтқанда мемлекеттік және қоғамдық қызметке кіруге, гильдияға жазылуға, аралық судья болуға, өкіл болуға тыйым салынды;

3) кейбір құқықтарынан және артықшылықтарынан айыру сотталған тұлғаның қандай сословиеге жататындығына байланысты болды және сословиелік мекемеге сайлану құқығынан айрылды[9,306-307бб.].

Белгілі бір лауазымды иелену немесе белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаның тарихи дамуының келесі кезеңі Ұлы қазан революциясынан кейінгі кезеңмен байланысты болды. Осы кезеңдегі аталған жаза түрінің мазмұнына сол кезде жүргізілген саясат елеулі ықпал етті.

Ұлы қазан революциясынан кейін алғашқы қабылданған құжаттардың бірі РСФСР Әділет Халық Комиссариатының 1917 жылдың 19 желтоқсанындағы «Революциялық трибунал, оның құрамы, оның қарауына жатқызылған істер, оларға тағайындалатын жазалар туралы және оның отырысын жүргізу тәртібі туралы» Ережесінің 2-тармағында революциялық трибуналмен тағайындалатын жазалардың ішінде кінәлі тұлғаны барлық немесе кейбір саяси құқықтарынан айыру жазасы қарастырылды[10]. Осы Ереженің 1-тармағында трибуналмен қаралатын істердің шеңбері белгіленген, ал нақты қандай қылмыстық құрам бойынша аталған жаза түрі тағайындалатындығы белгіленбеген. Сол кезеңдегі жекелеген құжаттарда сотталғанда кейбір құқық түрлерінен айыру мәселелері қарастырылған болатын. Сондай құжаттардың бірі ретінде Бүкіл ресейлік орталық атқару комитетінің 1918 жылдың 26 сәуіріндегі «Жұмысшы-шаруа қызыл армиясындағы қызмет мерзімі туралы» Декреттің 2-тармағында Қызыл Армия қатарынан қызмет мерзімі бітпей өзбетімен кетіп қалған кез келген солдатқа қатысты Кеңес Республикасының азаматы құқығынан айыру жаза қолданылуы мүмкін[11].

Ал 1919 жылы 12 желтоқсанда болашақта қабылданатын қылмыстық заңдарға негіз болатын сол кезеңдегі алғашқы құжат қабылданды, атап айтқанда РСФСР Әділет халық комиссариатының «Р.С.Ф.С.Р. Қылмыстық құқығы бойынша басшылық бастауалары туралы» Қаулының VI-тарауында қылмыстық жазалар жүйесі белгіленді. Онда сотталғанның қандай да бір құқықтарынан айырумен байланысты жаза түрлерінің шеңбері ұлғайтылды:

- бірлестіктен белгілі бір мерзімге немесе өмір бойы шығару;
- лауазымынан айыру;
- қандай да бір лауазымды иеленуге, немесе орындауға немесе қандай да бір жұмыс түрімен айналысуға тыйым салу;
- саяси құқықтардан айыру[12].

1919 жылдың 27 қарашасындағы Бүкіл ресейлік Орталық атқару комитетінің «Революциялық әскери трибунал туралы» ереженің 33-тармағының ескертпесінде қолданылатын жазалардың ішінде белгілі бір мерзімге немесе мерзімсіз барлық немесе тек қана саяси құқықтардан айыру туралы жаза белгіленді[13].

Ал Кеңес Одағының аумағындағы алғашқы 1922 жылғы РСФСР Қылмыстық кодексінде құқықтардан айыру және лауазымынан алып тастау түріндегі екі жаза қарастырылды. Осы кодекстің 40-бабында құқықтардан айыру жазасының мазмұны және ол жазаны тағайындау мерзімі белгіленді, атап айтқанды ондай айырылуға жататын құқықтардың қатарында сайлау және сайлану құқықтары, кәсіптік және өзгеде ұйымдарға сайлану және сайлау құқықтары, жауапты лауазымды иелену құқығы, халық сотында заседатель болу құқығы, сотта қорғаушы болу құқығы, кепілгер және қамқоршы болу құқықтары қарастырылды[14].

Құқықтардан айыру жазасын тағайындау мерзімінің жоғарғы шегі бес жылдан аспауы тиіс болды, алайда ерекше жағдайларда ондай жаза мерзімсіз уақытқа да тағайындалуы мүмкін. Мысалы, Қылмыстық кодекстің 147-бабына сәйкес саналы түрде сақтану ережелерін сақтамау салдарынан абайсызда адам өліміне әкелсе, өлімге әкелген қызмет түрімен айналысуға белгілі бір мерзімге немесе мерзімсіз уақытқа тыйым салынуы мүмкін[14].

Құқықтардан айыру жазасы қосымша жаза түрі ретінде қаралды және Қылмыстық кодекстің 42-бабына сәйкес мерзімі бір жыл мерзімнен асатын немесе өзге ауыр жаза түрі тағайындалған кезде міндетті болып табылады.

Ал лауазымынан алып тастау сотталушы тұлғаны лауазымында қалдыру мүмкін емес деп сотпен таныған жағдайда қолданылады. Бұл жаза түрі көп жағдайда лауазымды тұлғалармен жасалатын қылмыстар үшін тағайындалады, мысалы, Қылмыстық кодекстің 105-бабына сәйкес билігін теріс пайдаланғандығы үшін тағайындалуы мүмкін.

Сонымен қатар саудагерлер өзара бір-бірімен сөз байласа отырып немесе ереуіл ұйымдастыру арқылы немесе тауарды нарыққа қасақана шығармау арқылы тауарларға бағаны қолдан көтергендігі үшін сауда жасауға тыйым салу жазасы тағайындалуы мүмкін[14].

1924 жылдың 21 қазанында қабылданған КСРО және одақтас республикалардың қылмыстық заңнамасының негізгі бастамаларында[15] заңшығарушы әдеттегі «қылмыстық жаза» деген ұғымнан бас тартып, оның орнына «соттық түзету сипатындағы әлеуметтік қорғау шаралары» деген ұғым қолдана бастады. Соттық түзету сипатындағы әлеуметтік қорғау шаралары қатарында құқықтардан айыру; лауазымнан алып тастау; қандай да бір қызмет немесе кәсіп түрімен айналысуға немесе қандай да бір лауазымды иеленуге тыйым салу белгіленді және бұл жаза түрлерін жеке жаза түрі ретінде немесе қосымша әлеуметтік қорғау шарасы ретінде қолдануға жол берілді.

Құқықтардан айыру әлеуметтік қоғау шарасының мазмұнына келесідей құқық түрлерінен айыру жатқызылды:

- сайлану және сайлау құқықтарынан айыру;
- қоғамдық және кәсіптік ұйымдардың мүшесі болу құқығынан айыру;

- қандай да бір мемлекеттік лауазымды иелену, қоғамдық міндеттерді орындау және құрмет атағын алып жүру құқығынан айыру.

Бұл әлеуметтік қорғау шарасының қолдану шегі негізгі шара немесе қосымша шара ретінде қолданылатындығына байанысты болады. Атап айтсақ негізгі шара ретінде тағайындалатын болса ондай шек бес жылдан аспауы тиіс, ал егер қосымша шара ретінде тағайындалатын болса, негізгі шараның мерзіміне тәуелді болады, атап айтқанда бас бостандығынан айыру шарасына қосымша шара ретінде тағайындалса, бас бостандығынан айыру жазасының мерзімімен оның үстіне сотпен белгіленген мерзім қосылуы мүмкін, бірақ бес жылдан аспауы тиіс.

Ал қандай да бір қызмет немесе кәсіп түрімен айналысуға тыйым салу түріндегі әлеуметтік қорғау шарасының тағайындалу мерзімі бес жылдан аспауы тиіс.

Бұл Заң сол кездегі Одақтас республикаларда қабылдана бастаған қылмыстық заңдарына негіз ретінде алынды.

Атап айтқанда сол кезеңдері Қазақстан аумағында өзінің қолданысын тапқан 1926 жылғы РСФСР Қылмыстық кодексіне[16] де негіз болды. Осы кодекстің 20-бабында әлеуметтік қорғау шаралар жүйесінде саяси және жекелеген азаматтық құқықтардан айыру; қандай да бір лауазымды иеленуге тыйым сала отырып немесе оны қолданбастан лауазымынан алып тастау; қандай да бір қызмет түрімен немесе кәсіппен айналысуға тыйым салу түріндегі шаралар қаралды[16].

Саяси және жекелеген азаматтық құқықтардан айыру түріндегі шараны келесідей құқықтардан айыру қамтыды:

- кеңестерге және кеңестер съездіне сайлау кезінде сайлану және сайлау құқықтарынан айыру;

- жауапты мемлекеттік лауазымды иелену, қоғамдық міндеттерді орындау және құрмет атағын алып жүру құқығынан айыру;

- өндірістік немесе сауда ұйымдары мен қоғамдарында сайланбалы лауазымды иелену құқығынан айыру;

- ата-аналық құқықтардан айыру[16]. Осы жерде айта кететін бір ерекшелік осы қылмыстық заңға дейін қолданыста болған заңдардың біреуінде орын алмаған өзгерістер орын алды, атап айтқанда ата-аналық құқықтардан айыру алғаш рет пайда болды, сонымен қатар аталған құқықтарды толығымен, яғни бір мезгілде аталған барлық құқықтардың жиынтығы бойынша айыруға, сондай-ақ олардың жекелеген түрлерінен айыруға жол берілді. Ата-аналық құқықтардан айырудың негізі ретінде сотталған тарапынан осы құқықтарды теріс пайдалану орын алғанда жол берілді[16].

Сонымен бірге ата-аналық құқықтан басқа аталған алдыңғы үш құқықтан айыруға қосымша жазалаушы элемент ретінде Еңбек және Қызыл Ту ордендерінен айыру қарастырылды және осыны қосымша ретінде қолданған кезде арнайы процедура орын алуы қажетті, атап айтқанда осындай шараны тағайындаушы сот КСРО Орталық атқару комитетінің Президиумына не болмаса Бүкіл ресейлік Орталық атқару комитетіне ұсыныс жасауы қажет, осы ұсыныстың сәйкес нәтижесі бойынша тағайындалады.

Сондай-ақ бұл құқықтардан айыру шарасын қолдану үшін келесідей шарттар орын алуы қажет: бір жылдан асатын мерзімге бас бостандығынан айыру шарасы тағайындалу керек, ал егер осы мерзімнен төмен бас бостандығынан айыру шарасы немесе өзге жұмсақ шара тағайындалатын болса, әрине аталған құқықтардан айыру шарасы қолданылмайды. Яғни заңшығарушы тарапынан бас бостандығынан айыру шарасының немесе өзеге де қатаң шара түрін жазалаушы ықпалын күшейту мақсатында жүзеге асырылады.

Лауазымнан алып тастау шарасын тағайындаудың да өзінің шарты бар: соттау кезінде немесе қылмыс жасау кезінде сотталушыны өзінің лауазымында қалдыру мүмкін болмауы тиіс [16].

Ал қандай да бір қызмет түрімен немесе кәсіп түрімен айналысуға тыйым салу шарасыда осындай кәсіп түрімен немесе қызмет түрімен айналысуды әрі қарай жалғастыру мүмкін болмаған жағдайда тағайындалады. Яғни мемлекеттік мердігерлік және жеткізілім келісім-шарттары бойынша өзіне міндеттеме алуға, мемлекеттік және қоғамдық кәсіпорындармен мекемелермен мәміле жасауға, өзі атынан немесе басқа тұлғалардың тапсырмасы бойынша сауда және комиссондық кәсіпорындарды басқаруға тыйым салудан тұрады [16].

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Уголовный кодекс Республики Казахстан<\*> Сноска. См. Закон РК от 16 июля 1997 г. N 168 ~Z970168// [https://adilet.zan.kz/rus/archive/docs/K970000167\\_/16.07.1997](https://adilet.zan.kz/rus/archive/docs/K970000167_/16.07.1997)
2. Уголовно-исполнительный кодекс Республики Казахстан<\*> Сноска. См. статьи 4-7 Закона РК от 13 декабря 1997 г. N 209 Z970209// [https://adilet.zan.kz/rus/archive/docs/Z970000208\\_/13.12.1997](https://adilet.zan.kz/rus/archive/docs/Z970000208_/13.12.1997)
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі/Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ.// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі/Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 234-V ҚРЗ.// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000234>
5. Жекебаев У.С. К вопросу о преемственности в уголовном праве // Право и государство. 2013. -№ 3. -С.43-47.
6. Уложение о наказаниях уголовных и исправительных 1845 г.//<http://museumreforms.ru/node/13654>
7. Уголовное уложение 1903 года/ <https://determiner.ru/termin/ulozhenie-ugolovnoe-1903-g.html>
8. Российское законодательство X-XX веков: Законодательство периода становления абсолютизма. В 9-ти томах. Т. 4 / Отв. ред.: Маньков А.Г.; Под общ. ред.: Чистяков О.И. - М.: Юрид. лит., 1986. – 512 с.
9. История отечественного государства и права: учебник для вузов по направлению и специальности «юриспруденция». Ч. 1 / под ред. О.И. Чистякова. – 4-е изд., перераб. и доп. – М.: Юристъ, 2007. – С. 306–307.
10. Инструкция Народного Комиссариата Юстиции РСФСР от 19 декабря 1917 г. «О революционном трибунале, его составе, делах, подлежащих



его ведению, налагаемых им наказаний и о порядке ведения его заседаний»//  
<http://www.consultant.ru/cons/cgi/online.cgi?req=doc&base=ESU&n=4311#3uYx84Tqm37thD1C>

11. Всероссийский центральный исполнительный комитет декрет от 26 апреля 1918 года «О сроке службы в рабоче-крестьянской красной армии»//  
<http://www.consultant.ru/cons/cgi/online.cgi?base=ESU&n=3453&req=doc#Gxs294Twhj8VBevY1>

12. Постановление Наркомюста РСФСР от 12.12.1919 "Руководящие начала по уголовному праву Р.С.Ф.С.Р."//  
<http://www.consultant.ru/cons/cgi/online.cgi?req=doc&base=ESU&n=4859#bt3694TEh0ukLi11>

13. Декрет Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета. Положение о Революционных Военных трибуналах. от 27 ноября 1919 года.//<https://istmat.org/node/38779>

14. Всероссийский центральный исполнительный комитет Постановление «О введении в действие Уголовного кодекса РСФСР» с 1-го июня 1922 года//<https://docs.cntd.ru/document/901757375>

15. Основные начала уголовного законодательства Союза ССР и союзных республик 31.10.1924 г.// <http://museumreforms.ru/node/13946/>

16. Всероссийский центральный исполнительный комитет. Постановление от 22 ноября 1926 года «О введении в действие Уголовного кодекса Р.С.Ф.С.Р.» Редакции 1926 года//  
<http://www.consultant.ru/cons/cgi/online.cgi?req=doc&base=ESU&n=3274#110DK4TkVrPE6MKm1>

## УДК 342.4

*Муратбай С.*

*Д.А Қонаев атындағы Еуразиялық Заң Академиясының магистранты*

### **КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС - КОНСТИТУЦИЯНЫ ҚОРҒАУШЫ АРНАЙЫ СУБЪЕКТ РЕТІНДЕ**

**Түйіндеме:**Мақалада, жалпы конституциялық бақылауды жүзеге асырушы институттардың тарихи даму ерекшеліктеріне тоқталу арқылы қазіргі жай күйіне соның ішінде осы демократиялық институтты қамтамасыз ететін Конституцияның жоғарылығын өз күзіретінің негізі етіп алған Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне талдау жасалады. Бұнда жалпы түрде конституциялық қадағалау институты, біздің елімізде осы институттың құрылуы, оның даму жолдары, конституциялық іс жүргізу мәселелері, сондай-ақ тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы қадағалау институты болып табылатын Конституциялық Соттан кейінгі қадағалауды жүзеге асырушы орган Конституциялық Кеңестің келу себептері, өзгешіліктері жайы да айтылған.

Қазақстан Республикасының Конституциясында мемлекеттің негізгі заңын қорғауда дербес институт ретінде бекітілген – Конституциялық Кеңестің билік етуші мемлекеттік органдара, ұйымдарға, лауазымды тұлғаларға немесе азаматтарға тәуелді емес, өз алдына дербес, тек Конституцияға ғана бағынатын орган екендігі жайында сөз етіледі.

Сонымен қатар, Конституциялық Кеңес – биліктің барлық тармақтары Конституцияның сақталуын кепілдеуге бағытталған міндеттерін мүлтіксіз орындауға тиісті екенін бақылау құзиреттеріне ие бірден бір арнайы орган болып табылатынын баяндайды.

Сондай-ақ Конституцияның және оның нормаларының кепілі болып табылатын механизмді құруда өмірдің бір талабы болды. Мұндай механизм болып Конституцияны қорғаушы орган – Конституциялық Кеңес табылатыны туралы нақтыланған.

**Кілт сөздер:** Конституция, Конституциялық Кеңес, конституциялық бақылау, Конституциялық Кеңес өкілеттіктері, Конституция жоғарлылығы, Конституциялық Кеңес құрылу тәртібі, Конституциялық Кеңес құрамы.

## **КОНСТИТУЦИОННЫЙ СОВЕТ - КАК ОСОБЫЙ СУБЪЕКТ ЗАЩИТЫ КОНСТИТУЦИИ**

**Аннотация:** В статье анализируется современное состояние институтов, в том числе Конституционного Совета Республики Казахстан, основанных на верховенстве Конституции, которая обеспечивает этот демократический институт, акцентируя внимание на специфике исторического развития институтов, осуществляющих общий конституционный контроль. В целом институт конституционного надзора, становление этого института в нашей стране, его развитие, вопросы конституционного судопроизводства, а также причины визита Конституционного Совета, органа постсудебного надзора, являющегося первым институтом надзора после обретения независимости.

Конституция Республики Казахстан закрепляет, что Конституционный Совет является самостоятельным институтом в сфере защиты основных законов государства - самостоятельным органом, независимым от правящих государственных органов, организаций, должностных лиц или граждан и подчиняющимся только Конституция.

При этом Конституционный Совет является единственным специальным органом, наделенным полномочиями по надзору за выполнением всеми ветвями власти своих обязанностей, направленных на обеспечение соблюдения Конституции.

**Ключевые слова:** Конституция, Конституционный Совет, конституционный контроль, полномочия Конституционного Совета, верховенство Конституции, порядок формирования Конституционного Совета, состав Конституционного Совета.

## THE CONSTITUTIONAL COUNCIL - AS A SPECIAL SUBJECT OF THE PROTECTION OF THE CONSTITUTION

**Annotation:** The article analyzes the current state of institutions, including the Constitutional Council of the Republic of Kazakhstan, based on the supremacy of the Constitution, which provides this democratic institution, focusing on the specifics of the historical development of institutions exercising general constitutional control.

In general, the institution of constitutional supervision, the formation of this institution in our country, its development, issues of constitutional proceedings, as well as the reasons for the visit of the Constitutional Council, the body of post-judicial supervision, which is the first institution of supervision after gaining independence.

The Constitution of the Republic of Kazakhstan establishes that the Constitutional Council is an independent institution in the field of protecting the fundamental laws of the state - an independent body independent of the ruling state bodies, organizations, officials or citizens and subject only to the Constitution.

At the same time, the Constitutional Council is the only special body empowered to oversee the fulfillment by all branches of government of their duties aimed at ensuring compliance with the Constitution.

**Keywords:** Constitution, Constitutional Council, constitutional control, powers of the Constitutional Council, supremacy of the Constitution, procedure for the formation of the Constitutional Council, composition of the Constitutional Council.

Конституциялық бақылаудың қажеттілігі негізінде бірнеше себептер жатыр. Біріншіден, конституциялық нормалар әдетте құрылтайшылық немесе бастапқы сипатқа ие болып келеді. ҚР Конституциясының преамбуласында Конституцияны Қазақстан халқы қабылдайтындығы көрсетілген: «ҚР халқы республикалық референдумда жалпы халықтың дауыс беру жолымен осы Конституцияны қабылдайды» [1]. Конституциямен көзделген барлық басқа актілер құрылтайшылық билік болып табылатын Конституцияның актілеріне қайшы келмеуі тиіс. Өйткені, Конституциямен белгіленген төмен тұрған және құрылтайшылық билік өкілеттілігіне ие, соған сай олар шығаратын актілер де Конституцияда белгіленген олардың құзіретіне сәйкес болуы керек.

Республикамызда конституциялық бақылау түрлерін жетілдіру, Конституцияның дәлме-дәл орындалуын қамтамасыз ету тұсында басқа елдердің оны ұйымдастыру тәжірибесін оқу қажет болып отыр.

Жай заңдарға қарағанда, Конституция тұрақты, ұзақ мерзімге есептелген болуы қажет. Мәні бойынша Конституцияның шегінде оның қағидаларының негізінде бүкіл мемлекеттің механизмі реттелді және азаматтардың құқықтары мен бостандықтары қорғалды, қамтамасыз етілді, қоғамдық дамудың көптеген сфералары: экономикалық, әлеуметтік, мәдени салалары анықталды. Олай болса негізгі заңның тұрақтылығы конституциялық бақылау жүйесін құруды талап етеді.

Сондықтан, конституциялық реттеуге тек тұғырлы немесе негіз болатын қоғамдық қатынастар жатады.

Конституцияның қоғам өмірінің барлық салаларын құқықтық реттеп отыруға мүмкіндігі жоқ. Сондықтан да құқықтағы кемшіліктер басқа да құқықтық актілермен толықтырылады. Ал бұл құқықтық актілер конституциялық нормаларға қайшы келмеуі тиіс.

Конституциялық бақылау деп – тиісті органдардың Конституцияның және конституциялық заңдылықтардың үстемділігін қамтамасыз ету мақсатындағы қызметі ұғынылады. Ол актілердің және бұхаралық билік органдары қызметінің, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктердің қызметінің Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкестігі мәселесін шешуде көрініс табады.

Сөйтіп конституциялық бақылау немесе қадағалау дегеніміз – бұл заңдар мен өзге актілердің Конституцияға сәйкестігін тексеруді, азаматтардың жоғарғы деңгейде құқықтары мен бостандықтарын қорғауды, билікті бөлу қағидаларын орындауды қамтамасыз ететін демократиялық институттың бірі.

«Конституциялық бақылау» және «Конституциялық қадағалау» ұғымдарының өзара қатынасына келсек, заң әдебиетінде бұл туралы әртүрлі көзқарастар айтылған. Бір авторлар бұл ұғымдар ұқсас, бірдей деп есептесе, келесілері оларды бір-бірінен бөліп қарайды, ал үшінші бір топ авторлары қадағалауды конституциялық бақылаудың бір түріне жатқызады.

Қазақстан Республикасында Конституциялық кеңес – Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында Конституцияның мәртебелілігін қамтамасыз ететін мемлекеттік орган.

Конституцияның мәртебелілігі – билік органының немесе оның лауазымды тұлғасының қандайда болсын құқықтық актісінің, іс-әрекетінің Конституцияға сай келуі, оған қайшы келмеуімен кепілдендіріледі. Конституциялық кеңестің өкілеттіктері де Конституция нормаларының бұзылуына жол бермеуге, оның алдын алуға бағытталған. Конституцияның мәртебелілігін қамтамасыз етуде Конституциялық кеңес дербес және мемлекеттік органдарға, лауазымды тұлғалар мен азаматтарға тәуелсіз болып табылады және тек Конституцияға ғана бағынады, қандай да болсын және басқа саяси себептерді негізге ала алмайды [2, 238 б].

Конституциялық Кеңес Қазақстанның саяси жүйесінде айрықша орынға ие. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі өкілеттіктері алты жылға созылатын жеті мүшеден құралған. Конституциялық Кеңестің өмір бойы мүшелігіне Республиканың Экс-Президенттері құқылы болып табылады.

Конституциялық Кеңестің Төрағасын Республика Президенті тағайындайды және мүшелер дауысы теңдей бөлінген жағдайда оның дауысы шешуші болып табылады.

Конституциялық Кеңестің екі мүшесі Республика Президентімен, екеуі Сенат төрағасымен, екеуі Мәжіліс төрағасымен тағайындалады. Конституциялық Кеңестің қалған мүшелері әр үш жыл сайын жаңартылып тұрады.

Конституциялық Кеңестің ұйымдастырылуы мен қызметі «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» конституциялық заң күші бар жарлығы реттеледі.

Қазақстан Республикасы Президентінің осы жарлығында Конституциялық Кеңес нені көздейтінін айқындап дәл бейнеленген. Онда Конституциялық Кеңестің мемлекеттік орган ретінде Республика Конституциясын Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында үстемдік етуін қамтамасыз ететіндігі айқын айтылған.

Конституциялық Кеңес Конституция үстемдігін қамтамасыз етуі тиіс. Бұл Конституциялық Кеңестің өз қызметінде : Олардың бұлжымастығын, яғни нормативтік құқықтық актілерді қабылдау, ұйымдастырушылық акцияларын жүзеге асыру (сайлау және т.б.) кезінде жоғарғы мемлекеттік органдардың Конституциялық нормаларды мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ететін конституциялық нормаларды;

Мемлекеттің белгілі бір жағдайын айқындайтын, мысалы: мемлекеттің біртұтас нысанын, саяси тұрақтылықты орнықтыратын, т.б. конституциялық қағидаларды;

Конституциялық идеяларды, қағидаларды, мысалы әлеуметтік мемлекет, Қазақстандық патриотизм т.б. идеяларды басшылыққа алуы тиіс.

Республиканың бүкіл аумағында ҚР-ның Конституциясы үстінен қарауды қамтамасыз ететін мемлекеттік орган болып саналады. Конституциялық қадағалаудың үшінші, француздық моделінің үлгісі ретінде Конституциялық Кеңес өз өкілеттілігін жүзеге асырған кезде мемлекеттік органдарға, ұйымдарға, лауазымды тұлғалар мен азаматтарға тәуелді емес, тек Конституцияға бағынады әрі саяси және басқа да себептерге сүйене алмайды.

Конституциялық Кеңес өз іс-әрекетінің процессінде, барлық жағдайда, соттардың және өзге де мемлекеттік органдардың құзіретіне жататын мәселелерді анықтаудан және зерттеуден тартынуға міндетті. Конституциялық Кеңес өкілеттілігі қызметінің ұйымдастырылуы және кепілдігі жағынан соттарға көбірек жуықтағаны мен, билік тармақтарының бірде біреуіне бірікпейді.

ҚР-ның Конституциялық Кеңесі – конституцияның аса жоғарғы заңдық және тікелей орындалуына ықпал жасайтын орган болып табылады. Онда азаматтардың еркіндігі мен бостандығы, мемлекеттік механизмнің дұрыс жұмыс атқаруы мен биліктің бөлінуіне қағидаларына негізделген принциптердің жоғарғы дәрежеде қорғалуына және орындалуына ықпал етеді.

Конституциялық Кеңестің құрылуы мен қызмет атқаруы ҚР-ның Президентінің Жарлығына, Конституциялық заң күші бар «ҚР-ның Конституциялық Кеңесі туралы» 1995 жылғы 29 желтоқсандағы заңымен реттеледі.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясында Конституциялық Кеңеске арналған бөлім бар. Осы мемлекеттік органның қандай мақсатта құрылатындығы Конституцияда көрсетілмеген. Алайда, Конституциялық Кеңестің Конституцияда белгіленген өкілеттілігінен Конституциялық Кеңестің негізгі көздейтіні Конституцияны қорғау екендігі көрінеді.

Көрсетілген мән-жайларға орай Конституциялық Кеңес актілердің конституциялық заңдылықтарын тексерумен ғана шектелмейді. Конституциялық Кеңес қызметінің негізі Қазақстан республикасының

Конституциясы және Президенттің «Конституциялық Кеңес туралы» Жарлығы болып табылады. Осы екі акт Конституциялық Кеңестің өкілеттілігін, құрамын, қалыптасу тәртібін, мүшелеріне қойылатын талапты, Конституциялық Кеңес мүшелерінің мәртебесін, конституциялық іс жүргізуді айқындайды. Өз қызметінің аталған актілермен реттелмеген, ұйымдастырылуы мен тәртібі бойынша Конституциялық Кеңес Регламент қабылдайды.

Конституциялық Кеңестің қарауына жатқызылған мәселелердің сипатына орай, осы органның құзіреті өкілеттіктердің төрт тобынан тұрады.

Даулы мәселелерді шешу жөніндегі өкілеттіліктер бірінші топқа жатады.

Конституциялық Кеңес:

1) Республика Президенті сайлауын;

2) Парламент депутаттары сайлауын;

3) республикалық референдум өткізудің дұрыстығы туралы даулы мәселелерді шешеді. Конституциялық Кеңес аталған шараларды өткізу кезінде Конституцияның, сайлау жөніндегі және өзге де заңдардың бұзылған, бұзылмағандығы туралы мәселені қарайды. Егер жиналған материалдар заңның бұзылғандығына көз жеткізсе, онда Конституциялық Кеңес сайлауды және референдумды заңсыз деп таниды [3].

Конституциялық Кеңес өкілеттігінің екінші тобына:

1) Президент қол қойғанға дейінгі заңдарды және

2) оның Конституцияға сәйкестігін Парламент бекіткенге дейінгі халықаралық шарттарды қарауға қатысты өкілеттіктер жатады.

Конституциялық Кеңес өкілеттігінің үшінші тобына:

1) Конституция нормаларын ресми түсіндіруге;

2) Республика Президентін қызметінен мерзімінен бұрын босату туралы Парламент шешімі шыққанға дейін Президентті қызметінен кетіру туралы түпкілікті шешім – белгіленген конституциялық рәсімдерді сақтау туралы қорытынды беруге қатысты өкілеттіктер жатады.

Конституциялық Кеңес өкілеттігінің төртінші тобына:

1) егер сот қолдануға жататын нормативтік-құқықтық акт адамдар мен азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп шешсе, актінің Конституцияға сәйкес келмейтіндігін тану туралы сот жүгінісін қарауға;

2) конституциялық іс жүргізу тәжірибесін қорыту нәтижесі бойынша конституциялық заңдылықтың республикадағы жай-күйі туралы Президент жолдауының жіберілуіне байланысты өкілеттіктер жатады.

Бірінші мәселе бойынша Конституциялық Кеңестің шешімі шығарылады. Ал жолдау конституциялық заңдылықты нығайту жөніндегі нұсқау мазмұндас болуы мүмкін. Аталған өкілеттік конституциялық өкілеттік деп есептеледі.

Конституцияда аталған мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың Конституциялық Кеңестің қарауына берілген мәселелерді қарап және шешу құқылы. Бұған жататындар: Республика Президенті, Сенат төрағасы, Мәжіліс төрағасы, Парламент депутаттары жалпы санының кемінде бестен бір бөлігі, Республика Премьер-Министрі 78 баптың негізінде өтініш білдіру құқылы субъектілерінің тізбесіне соттар жатады, олар нақты істе қадағалауға жататын

заң немесе өзге де нормативтік актілер адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтірсе, іс жүргізуді тоқтатуға, әрі осы актіні Конституцияға сәйкес емес деп танылғандығы туралы Конституциялық Кеңеске өтініш білдіруге міндетті. Конституциялық Кеңес Төрағасының мәртебесі принципті жағынан Конституциялық Кеңестің кез келген мүшесінің мәртебесіне сәйкес келеді. Дегенмен, төрағаға Конституциялық кеңестің басшысы ретінде қосымша міндеттер жүктеледі [4, 59 б].

Іс жүргізу қызметінде төраға Конституциялық Кеңестің қарауына қойылған мәселелерді әзірлеуге басшылық етеді, Конституциялық Кеңестің отырысына шақырады, онда жүргізетін мәселелерді енгізеді, Конституциялық Кеңестің отырысына төрағалық етеді, отырыстарды өткізуді қамтамасыз ету шараларын белгілейді, Конституциялық Кеңестің шешімдері мен хаттамаларына қол қояды.

Ішкі ұйымдық қарым-қатынастарда Конституциялық Кеңес мүшелері арасындағы міндеттерді бөледі, Конституциялық Кеңеспен оның аппараты мүшелерінің жұмыстарын ұйымдастырады, Конституциялық Кеңеске оның регламентін ұсынады [5, 185 б].

Конституциялық Кеңес аппараты туралы ережені бекітеді, Конституциялық Кеңес аппаратының қызметкерлерін тағайындайды және қызметінен босатады. Төраға Конституциялық Кеңестің басқа мемлекеттік органдар мен қарым-қатынасын ұсынумен қатар Парламент палаталарының бірлескен отырысында Республикада Конституцияның, заңдылықтардың жайы туралы ақпараттар береді.

### **Пайдаланылған дереккөздер:**

1 «Қазақстан Республикасының Конституциясы». 30.08.1995. (10.03.2017. өзгертулермен толықтырулармен) // ПАРАГРАФ информационная система ЮРИСТ.

2 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары» (2001-2005 жж.) Анықтамаламық: Екінші шығарылым./Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты. – Жауапты редактор: В.Н. Шепель; Алматы: “Эдельвейс” Баспа үйі: 2007ж.- 602 б.

3 «Республикасының 1995 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы конституциялық Заңы» // Егемен Қазақстан 1995 жылғы 08 қаңтар.

4 Сапарғалиев Ф. «Қ Р-ның Конституциялық құқығы» Алматы, 2008.- 353 б.

5 Амандыкова С.К. «Конституционное право РК». – Караганда : Болашақ-Баспа, 2005.-310 с.

ӘОЖ 343.847

*Нурасыл А.Ж.**Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясы, Қазақстан Республикасы,  
Алматы қ-сы*

## **БАС БОСТАНДЫҒЫН ШЕКТЕУ ЖАЗАСЫН ОРЫНДАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚҰРАЛДАРЫ**

**Аннотация.** Бұл мақалада бас бостандығын шектеу жазасын орындалуын қамтамасыз ету құралдарын қолдану мәселелері қарастырылған. Осы жаза түріне сотталғандардың жазаны өтеу кезіндегі жүріс-тұрысына бақылау жүргізудің кәзіргі заманғы құралдарының түрлері сипатталған. Мұндай құралдардың үш түрі қарастырылған: дербес бақылау құралдары; техникалық құралдар; мониторинг құрылғылары. Кәзіргі кезде сотталғандарға қатысты электрондық білезік қолданылуда.

Электрондық бақылау құралдарын сотталғандарға қатысты қолданудың арнайы талаптары бар. Ондай құралды қолдану үшін пробация қызметінің басшысының сәйкес шешімі болуы қажет. Осындай шешім қабылдағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде пробация қызметкері сотталғанға бақылау құралын сотталғанның тұрғылықты мекен-жайы немесе болу орны бойынша орнатады және оны пайдалану тәртібі туралы түсіндіріп, сәйкес жаднамасын қолын қойғыза отырып, сотталғанға береді. Мұндай құрылғы бір жыл мерзімге қойылады.

Әрине бұл құралдардың пробация қызметінің қызметкерлерінің бас бостандығын шектеу жазасын орындау бойынша жұмыстарын жеңілдетендігі сөзсіз.

**Кілт сөздер:** бас бостандығын шектеу, электрондық білезік, мониторинг, бақылау, пробация, сотталған.

## **СРЕДСТВА ОБЕСПЕЧЕНИЯ ИСПОЛНЕНИЯ НАКАЗАНИЯ В ВИДЕ ОГРАНИЧЕНИЯ СВОБОДЫ**

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются вопросы применения средств обеспечения исполнения наказания за ограничение свободы. Описаны виды современных средств контроля за поведением осужденных к данному виду наказания при отбывании наказания. Предусмотрено три вида таких средств: автономные средства контроля; технические средства; устройства мониторинга. В настоящее время в отношении осужденных используется электронный браслет.

Существуют специальные требования к применению электронных средств слежения в отношении осужденных. Для применения такого устройства необходимо иметь соответствующее решение руководителя службы пробации. В течение трех рабочих дней после принятия такого решения сотрудник пробации устанавливает осужденному средство контроля по месту жительства или



пребывания осужденного и передает его осужденному под роспись с разъяснением о порядке его использования. Такое устройство ставится сроком на один год.

Безусловно, эти средства облегчили работу сотрудников службы пробации по исполнению наказания в виде ограничения свободы.

**Ключевые слова:** ограничение свободы, электронный браслет, мониторинг, контроль, пробация, осужденный.

## MEANS OF ENSURING THE EXECUTION OF THE PENALTY OF RESTRICTION OF LIBERTY

**Annotation.** This article discusses the issues of the use of means to ensure the execution of punishment for restriction of freedom. The types of modern means of controlling the behavior of convicted persons to this type of punishment while serving their sentence are described. There are three types of such means: autonomous means of control; technical means; monitoring devices. Currently, an electronic bracelet is used in relation to convicts.

There are special requirements for the use of electronic means of tracking in relation to convicts. To use such a device, it is necessary to have an appropriate decision of the head of the probation service. Within three working days after the adoption of such a decision, the probation officer establishes a means of control for the convicted person at the place of residence or stay of the convicted person and transfers it to the convicted person under a signature with an explanation of the procedure for its use. Such a device is installed for a period of one year.

Of course, these funds have facilitated the work of probation officers in the execution of sentences in the form of restriction of freedom.

**Keywords:** restriction of Liberty, electronic bracelet, monitoring, control, probation, convicted.

Бас бостандығын шектеу жазасын орындалуын қамтамасыз ету құралдарына тоқталатын болсақ, кәзіргі техникамен ғылымның даму заманында адамның жүріс-тұрысына қашықтықтан бақылау жасап отыру техникалық құралдары жеткілікті дәрежеде дамыған. Осы бас бостандығын шектеу жазасын өтеуші тұлғалардың жүріс-тұрысына бақылау жүргізу кезінде де электронды мониторинг құралдарын кеңінен пайдалануға жол берілген.

И.А. Борисенконың пікірінше, бақылаудың және қадағалаудың техникалық құралдарын қолданудың алдына қойған үш мақсаты бар: бас бостандығын шектеу жазасына сотталғандармен жасалатын қылмыстардың алдын алу; бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзудың алдын алу; бас бостандығын шектеу жазасына сотталғандардың жүріс-тұрысы туралы қажетті ақпараттар алу[1,24б.].

Ал П.В. Тепляшиннің пікірінше, бас бостандығын шектеу жазасын орындау кезінде электронды мониторингті (қадағалау мен бақылаудың техникалық құралдарын) қолдану сотталғанның жеке басының құлықтылық қасиеттерін түзеуге емес, оның жүріс-тұрысына бақылау жүргізуге бағытталған

қауіпсіздіктің техникалық шарасы болып табылады. Өйткені бас бостандығын шектеу режимінің негізгі түзеушілік бағыты қоғамға қауіпті іс-әрекетті жасауға алып келген қасиеттерді жоюға бағытталған[2,386.].

2012 жылдан бастап ресми түрде электронды мониторинг құралдарын қолдануға жол берілгенімен, іс жүзінде аталған құралдарды қолдануға мүмкіндік болмады және мұндай проблеманың орын алуының бір-бірден бір себебі қаржыландыру болып табылды. Кәзіргі тағды бұл проблема шешілді 2022 жылдың басынан бастап электронды мониторинг құралдары пробация қызметінде белсенді түрде қолданылуда.

ҚР ПМ Қылмыстық-атқару жүйесінің Пробациялық қызметке басшылық жүргізу бойынша басқармасының бастығы А. Тереняның берген сұхбатында кәзіргі кезде электронды білезіктер 290 сотталғанға қатысты қолданылауда, ондай сотталғандардың қатарында жазаны өтеу шарттарын жүйелі түрде бұзатындар, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстарға сотталғандар. Енді алдағы уақытта электрондық білезік 2562 сотталғанға қолданылатындығын алға тартты[3].

Осы электрондық мониторинг құралдарының түрлері «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының қылмыстық-атқару жүйесінің пробация қызметі мен полиция қызметкерлері пайдаланатын электрондық бақылау құралдарының тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларынан құралатын топтардың алдын ала болу қағидаларын бекіту туралы" 2014 жылғы 26 наурыздағы № 266 және "Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының алдын ала болу бойынша шығыстарын өтеу қағидаларын бекіту туралы" 2014 жылғы 2 сәуірдегі № 301 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 7 қарашадағы № 1180 қаулысында бекітілген. Осы Қаулыға сәйкес электронды мониторинг құралдарының түрлері үш топқа жіктелген:

- 1) дербес бақылау құралдары;
- 2) техникалық құралдар;
- 3) мониторинг құрылғылары[4].

Осы жердегі дербес бақылау құралдарына:

1) радиоэлектрондық білезік (қашықтықтан сәйкестендіру және оның жүрген жерін қадағалау мақсатында есепте тұрған адамның денесіне тағуға арналған, рұқсатсыз шешу мен корпусты ашуды бақылаудың ішіне орнатылған жүйесі бар электрондық құрылғы);

2) дербес трекер (ГЛОНАСС/GPS жаһандық навигациялық спутник жүйесінің дабылы бойынша қашықтықтан сәйкестендіру және оның жүрген жерін қадағалау мақсатында есепте тұрған адамның денесіне тағуға арналған, рұқсатсыз шешу мен корпусты ашуды бақылаудың ішіне орнатылған жүйесі бар электрондық құрылғы);

3) стационарлық бақылау құрылғысы (үй-жайда немесе белгіленген аумақта болу режимін бақылау үшін радиоэлектрондық білезік дабылын үздіксіз тәулік бойы қабылдауды және сәйкестендіруді, сондай-ақ радиоэлектрондық білезікті шешуге және бұзуға әрекет етуді және өзге бұзушылықтарды хабарлауды қамтамасыз ететін есепте тұрған адамдарға арналған электрондық құрылғы);

4) мобильді бақылау құрылғысы (есепте тұрған адамдарға белгілі бір жерден тыс болған кезде стационарлық бақылау құрылғысымен жарақталған радиоэлектрондық білезікпен бірге тағуға арналған, ГЛОНАСС/GPS жаһандық навигациялық спутник жүйесінің дабылдары бойынша оның орналасқан жерін қадағалауды, сондай-ақ радиоэлектрондық білезікті шешуге және бұзуға әрекет етуді және өзге бұзушылықтарды хабарлауды қамтамасыз ететін электрондық құрылғы);

5) трансляцияның стационарлық құрылғысы (ГЛОНАСС/GPS жаһандық навигациялық спутник жүйесінің сигналынсыз үй-жайда радиосигнал шығаруға және дербес трекердің жұмысын қамтамасыз етуге арналған электрондық құрылғы);

6) дыбыс-бейнебақылаудың стационарлық құрылғысы (есепте тұрған адамды автоматты түрде көзбен шолуға және дауысымен сәйкестендіруге арналған электрондық құрылғы);

7) фото электр-химиялық бақылаудың стационарлық құрылғысы (автоматты түрде көзбен шолып бақылауға және сәйкестендірілетін есепте тұрған адамның ауаға дем шығаруы арқылы қанындағы алкогольдің көлемін анықтауға арналған электрондық құрылғы) жатқызылғын[4].

Ал мониторингтің техникалық құралдары мен құрылғыларына:

1) мониторинг сервері (қашықтықтан сәйкестендіру, ақпарат алу, өңдеу, сақтау және беру жүйесінің жұмысын қамтамасыз етуге арналған бағдарламалық-аппараттық кешен);

2) дыбыс-бейнебақылау сервері (көзбен шолу және дауысты сәйкестендіру, ақпаратты жазу, өңдеу, сақтау және беру жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге арналған бағдарламалық-аппараттық кешен);

3) оператордың автоматтандырылған жұмыс орны (есепте тұрған адамның белгіленген шектеулерді орындауы туралы ақпаратты өңдеуге және бейнелеуге арналған бағдарламалық-аппараттық кешен);

4) мониторингтің мобильдік пульті (радиоэлектрондық білезіктердің және дербес трекерлердің сигналдарын қабылдауды және сәйкестендіруді, сондай-ақ есепте тұрған адамның белгіленген шектеулерді орындауы туралы ақпаратты өңдеуді және бейнелеуді қамтамасыз ететін тасымалданатын портативті құрылғылар кешені) жатқызылған[4].

Бұл электрондық бақылау құралдары бас бостандығын шектеу жазасына сотталғандармен қатар шартты түрде сотталғандарға, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған тұлғаларға және әкімшілік қадағалау тағайындалған тұлғаларға қатысты қолданылады. Осы құралдарды қолданудағы басты мақсат аталған тұлғалардың жүріс-тұрысына бақылау жасау мақсатында олардың жүрген жері туралы мәліметтер алу болып табылады.

Бас бостандығын шектеу жазасына сотталғанға қатысты электронды бақылау құралдарын қолдануды ұйымдастыру мәселесі «Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР ІІМ бұйрығының 16-тармағында белгіленген.

Осы бұйрықтың 140-бабына сәйкес сотталғанға қатысты электронды бақылау құралдарын қолдану туралы шешімді пробация қызметінің бастығы

қабылдайды. Мұндай шешімді қабылдау үшін бірқатар жағдайлар ескеріледі:

- сотталғанға қатысты белгіленген шектеулер;
- бақылау құралының техникалық мүмкіндігі;
- сотталғанның жеке басын сипаттайтын мәліметтер[5].

А.В. Звонов пен О.В. Соколовтың пікірлері бойынша сотталғанның жеке басының ерекшеліктеріне және қылмысты жасау жағдайына қарай оларға қатысты бақылау құралын қолдану туралы шешімді қабылдауды соттың құзыретіне беру қажет дейді[6,226.].

Сонымен қатар жазалау шарасы ретінде бас бостандығын шектеу жазасын бас бостандығын айыру жазасымен алмастыру туралы жазбаша ескерту қолданылған тұлғаларға қатысты электронды бақылау құралдары бір жыл мерзімге қолданылады. Жалпы электронды бақылау құралдарын қанша мерзімге қолданылатындығы туралы ереже қарастырылмаған. Алайда пробация қызметінің өкілдерінің мәліметі бойынша электронды білезік сотталғанға бір жыл мерзімге тағылады және осы мерзім ішінде сотталған өзін жақсы жағынан көрсете білсе, білезік одан шешіліп алынады[3].

Сотталғанға қатысты электронды бақылау құралын қолдану туралы пробация қызметінің басшысының шешімі сәйкес нысандағы қаулымен рәсімделеді. Мұндай шешіммен сотталған тұлға мен оның жанында бірге тұратын тұлғаларды таныстыра отырып, оларға ол құралды бұзғаны үшін жауаптылықтың туындайтындығы туралы түсіндіреді. Осы қаулы шыққаннан кейін үш жұмыс күні ішінде пробация қызметкері сотталғанға бақылау құралын сотталғанның тұрғылықты мекен-жайы немесе болу орны бойынша орнатады және оны пайдалану тәртібі туралы түсіндіріп, сәйкес жаднамасын қолын қойғыза отырып, сотталғанға береді.

Пробация қызметінің өкілдерінің осы электронды білезікті орнату, пайдалану және жұмыс жасау тәртібі туралы берген түсініктеріне сәйкес сотталғанның тұрып жатқан үйінде бақылау датчиктері орнатылады. Электронды білезік негізінен сотталғанның аяғына орнатылады. Техникалық сипаттамалары бойынша электронды білезік сотталғанның күнделікті өміріне кедергі келтірмейтіндей, су кірмейтін, шаңға төзімді және гипоаллергенді болуы тиіс. Құрылғыдағы желі жоғалмайды, өйткені GPS сигнал тікелей спутниктен келеді. Ал егер сотталған өзіне жүктелген міндеттерін бұзатын болса, атап айтқанда түнгі уақытта үйден кетіп қалса немесе қаланың шегінен шығатын болса, сигнал бірден пробация қызметінің автоматтандырылған жұмыс орнына түседі. Әрине сигнал келіп түскеннен кейін пробация қызметкері бірден ондай сотталғанмен хабарласады, егер ол жауап бермесе, оның үйіне барады. Және мұндай жағдай орынды себебтерге байланысты орын алса (науқастанып емханаға түсу), ол құқық бұзушылық болып саналмайды, ал егер орынсыз себебтермен байланысты болса, пробация қызметі оған жазабаша нысанда ескерту жасайды[3].

Аталған Бұйрықтың 143-тармағында электронды бақылау құралын пайдаланғандығы үшін жауапты пробация қызметкерімен жасалатын іс-әрекеттер белгіленген, оған сәйкес

- 1) сотталғандарға жүктелген шектеулерді сақтау туралы мониторинг

пультінің мәліметтерін қолдану арқылы ақпарат жинақтауды жүзеге асырады;

2) сотталғанның электрондық бақылау құралдарын бұзу фактісі, рұқсатсыз шешу, сотпен белгіленген шектеулерді бұзу туралы ақпарат алған жағдайда, Пробация қызметінің бастығына немесе оны ауыстыратын тұлғаға баянатпен баяндайды және сәйкес нысан бойынша тәртіп бұзушылықтарды есепке алу журналына тиісті белгі жасайды;

Пробация қызметінің бастығына немесе оны ауыстыратын тұлғаға электрондық бақылау құралдарының жұмысында байқалған ақауларды дереу баянатпен баяндайды, сәйкес нысан бойынша электрондық бақылау құралдарының ақауларын тіркеу журналында көрсетеді[5].

Электронды бақылау құралдарын алып тастаудың негіздері келесідей:

1) сотталғанға қатысты белгіленген шектеулер өзгерсе;

2) техникалық себебтерге байланысты ондай құралдарды қолдану мүмкін болмаса[5]. Осы негіздер орын алған жағдай пробация қызметі электронды бақылау құралын қолдануды тоқтату туралы қаулы шығарады және осы қаулы шыққан күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей пробация қызметкері сотталғаннан ондай бақылау құралын алып тастауға міндетті[5].

Әрине бас бостандығын шектеу жазасына сотталғандарға қатысты электронды бақылау құралдарын қолданған өте орынды, бұл арқылы біз пробация қызметінің жүктемесін азайтамыз және олар арқылы сотталғандардың жүріс-тұрысына бақылау жүргізу тиімдірек болады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Борисенко И.В. Организация и правовые основы деятельности уголовно-исполнительных инспекций в сфере предупреждения повторных преступлений осужденных, состоящих на их учете. Автореф. дис. ... канд. юрид. наук / - Псков, 2012. - 31 с.

2. Тепляшин П.В. Новый закон об уголовном наказании в виде ограничения свободы // Законность. 2011. № 3. С. 38-40.

3. Как работают электронные браслеты для осужденных//[https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/kak-rabotayut-elektronnyie-brasletyi-dlya-osujdennyih-467658/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/kak-rabotayut-elektronnyie-brasletyi-dlya-osujdennyih-467658/)

4. «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының қылмыстық-атқару жүйесінің пробация қызметі мен полиция қызметкерлері пайдаланатын электрондық бақылау құралдарының тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларынан құралатын топтардың алдын ала болу қағидаларын бекіту туралы" 2014 жылғы 26 наурыздағы № 266 және "Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының алдын ала болу бойынша шығыстарын өтеу қағидаларын бекіту туралы" 2014 жылғы 2 сәуірдегі № 301 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 7 қарашадағы № 1180 қаулысы//<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400001180>

5. «Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 15 тамыздағы № 511 бұйрығы//<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V14C0009738>

6. Звонов А.В., Соколова О.В. О месте ограничения свободы в системе мер уголовно-правового воздействия//Уголовно-исполнительное право. -2015. - № 4 (22). -С.18-23

## УДК 343

**Нұрбек А.**

*Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының 2-курс магистранты,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы*

**Қуаналиева Г.А.**

*Ғылыми жетекші: Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының  
профессоры, заң ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы, Алматы  
қаласы, e-mail: [kuanalieva.guldanakz@mail.ru](mailto:kuanalieva.guldanakz@mail.ru)*

### **ДЕНСАУЛЫҚҚА ҚАСАҚАНА АУЫР ЗИЯН КЕЛТІРУ ҮШІН ТАҒАЙЫНДАЛАТЫН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚ ЖӘНЕ САРАЛАУ КЕЗІНДЕ ТУЫНДАЙТЫН ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР**

**Аннотация.** Мақала қазіргі таңдағы өзекті тақырыптардың бірі, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру үшін тағайындалатын қылмыстық жауаптылық және саралау кезінде туындайтын қылмыстық-құқықтық мәселелеріне арналған. Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру мәселесі қылмыстық құқықтағы күрмеуі қалың тақырыптардың бірі.

Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру адам өлтіруден кейінгі ең кең таралған жеке тұлғаға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірі. Кейде тіпті денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру салдарынан жәбірленуші қаза болатын кездер сот тергеу тәжірибесінде көп кездеседі.

Мақаланың негізгі зерттеу объектісіне денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтірудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасын зерттеудің негізгі теориялық мәселелерін құрайтын қоғамдық қатынастардың аясы болып табылады.

Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтірудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасын қылмыстық заңнамаға сәйкес дұрыс саралау және қылмыстық жауаптылық мәселесін талдап, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтірудің алдын алуға байланысты мәселелерді кешенді тұрғыда зерттеу болып табылады. Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтірумен күрес жүргізу аясындағы қылмыстық заңнаманы жетілдіруге байланысты тұжырымдар беруге әрекет жасау болып табылады.

**Түйін сөздер:** қылмыстық заң, жаза, қылмыстық құқық бұзушылық, жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру.

## **УГОЛОВНАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА УМЫШЛЕННОЕ ПРИЧИНЕНИЕ ТЯЖКОГО ВРЕДА ЗДОРОВЬЮ И УГОЛОВНО-ПРАВОВЫЕ ВОПРОСЫ, ВОЗНИКАЮЩИЕ ПРИ КВАЛИФИКАЦИИ**

**Аннотация.** Статья посвящена одной из актуальных тем на сегодняшний день, уголовно-правовым вопросам, возникающим при квалификации и уголовной ответственности за умышленное причинение тяжкого вреда здоровью. Проблема умышленного причинения тяжкого вреда здоровью является одной из самых острых тем в уголовном праве.

Умышленное причинение тяжкого вреда здоровью-одно из самых распространенных уголовных правонарушений против личности после убийства. Иногда даже случаи, когда в результате умышленного причинения тяжкого вреда здоровью погибает потерпевший, встречаются в судебной следственной практике достаточно часто.

Основным объектом исследования статьи является сфера общественных отношений, которая составляет основные теоретические вопросы исследования уголовно-правовой характеристики умышленного причинения тяжкого вреда здоровью.

Уголовно-правовая характеристика умышленного причинения тяжкого вреда здоровью заключается в комплексном изучении вопросов, связанных с профилактикой умышленного причинения тяжкого вреда здоровью, с анализом вопроса о правильной квалификации и уголовной ответственности в соответствии с уголовным законодательством. Является попытка дать выводы, связанные с совершенствованием уголовного законодательства в сфере борьбы с умышленным причинением тяжкого вреда здоровью.

**Ключевые слова:** уголовное право, наказание, уголовные правонарушения, уголовные правонарушения против личности, Умышленное причинение тяжкого вреда здоровью.

## **CRIMINAL LIABILITY FOR INTENTIONAL INFLICTION OF SERIOUS HARM TO HEALTH AND CRIMINAL LAW ISSUES ARISING DURING QUALIFICATION**

**Annotation.** The article is devoted to one of the topical issues today, criminal law issues arising during the qualification and criminal liability for intentional infliction of serious harm to health. The problem of intentional infliction of serious harm to health is one of the most acute topics in criminal law.

Intentional infliction of serious harm to health is one of the most common criminal offenses against a person after murder. Sometimes even cases when the victim dies as a result of intentional infliction of serious harm to health occur quite often in judicial investigative practice.

The main object of the research of the article is the sphere of public relations, which constitutes the main theoretical issues of the study of the criminal-legal characteristics of intentional infliction of serious harm to health.

The criminal-legal characteristic of intentional infliction of serious harm to health consists in a comprehensive study of issues related to the prevention of intentional infliction of serious harm to health, with an analysis of the question of the correct qualification and criminal liability in accordance with criminal law. This is an attempt to draw conclusions related to the improvement of criminal legislation in the field of combating intentional infliction of serious harm to health.

**Keywords:** criminal law, punishment, criminal offenses, criminal offenses against the person, Intentional infliction of serious harm to health.

Адам денсаулығы өмір сүру құқығы мен бірге ең маңызды құндылық болып табылады. Адамның денсаулықты қорғау құқығын қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының қылмыстық саясатын іске асырудағы басымдық болып табылады. Жеке қауіпсіздік-Қазақстан Республикасының ұлттық және қоғамдық қауіпсіздігінің құрамдас бөлігі. Жеке тұлғаға қарсы қылмыстық шабуылдар мемлекет пен қоғамдық қауіпсіздікке негізгі қауіптердің бірі болып табылады. Адам денсаулығын сақтау- қоғамдық қауіпсіздіктің басым бағыты. Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында адамның денсаулығына зиян келтіргені үшін жауапкершілікті анықтайтын ережелер бар, алайда «адам денсаулығына зиян келтіру» түсінігінің құқықтық анықтамасы жоқ, онымен қатар құқық бұзушылықты қылмыстық сипаттайтын қылмыстарды жобалаудың заңнамалықәдістерінің анықтылығы мен криминологиялық негіздемесі жоқ. Адам денсаулығының қауіпсіздігі туралы мәселелерде оларды криминализациялау, сонымен қатар қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын-алу бойынша қылмыстық жауапкершіліктің рөлі бәсеңдеп отыр[1, 296].

Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру қылмысы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ішінде кең таралғаны болып табылады.

Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың кең таралуы мен өсуі, қылмысты саралаудағы қиындықтар денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру үшін тағайындалатын қылмыстық жауаптылықтың өзекті мәселелерін теориялық тұрғыдан шешу мен алдын алу шараларын арттыру мақсатында құқық қорғау органдарының қызметін жетілдірудің тәжірибелік қажеттілігін туындататыны белгілі.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 106-бабында денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіргендік үшін жауаптылық көзделген. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі бұл қылмысты ауыр қылмыс санатына жатқызады, ал ерекше ауырлататын жағдайлар болған жағдайда, заң осы аса ауыр қылмыстар санатына жатқызады[2, 208]. Бұл қылмыстың жоғары қауіптілігі бар, ол әрекеттің ауырлығымен де, оның алдарымен де, осы әрекеттердің таралуымен де байланысты. Мұндай қылмыстың субъектісі басқа адамның денсаулығына қасақана зиян келтіреді және сол арқылы ең құнды қасиеттердің бірі денсаулығына қол сұғып, қалпына келтірілмейтін зиян келтіреді. Денсаулыққа ауыр зиян келтіру екі түрлі болуы мүмкін:



1) өмірге қауіп төндіретін;

2) өмірге қауіп төндірмейтін, бірақ заңда көрсетілген нақты салдармен көрінетін зиян.

Денсаулыққа зиян келтірудің зиянды түрлері, қолдану кезінде және қалыпты жағдайда өліммен аяқталатын немесе зардап шегушінің өміріне нақты қауіп төндіретін, ақырғы нәтижеге қарамастан өмірге қауіп төндіретіні деп танылады. Денсаулыққа келтіретін зиянның ерекшелігі- оның қылмыс жасалған уақытта қауіптілігінде. Мемлекет әркімнің өмірі мен денсаулығын бірдей қорғайды, бұл азаматтардың заң алдындағы теңдігін білдіреді. Демек, әрбір азамат өмірді, денсаулықты, ар-намыс пен қадір-қасиетті қорғауға қатысты қалыптасқан қоғамдық қатынастардың қатысушысы болып табылады. Қоғамдық қатынастардың қатысушысы ретінде әрекет ете отырып, қылмыскер қоғамдық қатынастарға зиян келтіреді. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінде қарастырылған қылмыстардың көпшілігі қоғамдық қатынастар субъектісіне әсер етеді. Бұл «жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» бөлімінде қарастырылған қылмыстар ғана емес, сонымен қатар мүлікке, қоғамдық қауіпсіздікке, халықтың денсаулығына, қарсы қылмыстар[3, 152].

Жәбірленушінің әкеп соқтыратын қасақана ауыр зиян келтіру туралы әрбір қылмыстық іс бойынша келесі объективті мән-жайлар белгіленуі тиіс: денеге ауыр зиян келтіру; өлімнің орын алғандығы; денсаулыққа ауыр зиян келтіру мен адамның ниеті арасындағы себептік байланыс; қасақана ауыр дене жарақатын келтіру мен жәбірленушінің қайтыс болуының арасындағы себептік байланыс; денеге ауыр зиян келтіру әдісі; қылмыстың жасалған уақыты мен орны; денеге ауыр зиян келтіретін құрал; қажетті қорғаныс жағдайы; қажетті қорғаныс шегінен шығып кету; жәбірленушінің қайтыс болуына қасақана зиян келтірген кезден басталатын уақыт кезеңінің ұзақтығы; қылмыс нәтижесінде келтірілген материалдық залал[4, 107].

Қылмыстың объективтік жағының маңызды элементі қылмыстық әрекет болып табылады. Өйткені тек қылмыстық әрекет объективтік жақтың келесі байланыстарын тудырады: себептік қатынастар және қылмыстық нәтиже. Денсаулыққа ауыр зиян келтіру қылмысының объективті белгілерін зерделей отырып, жәбірленушінің жеке басына назар аударған жөн. Жәбірленушінің жеке басына тән жалпы әлеуметтік және әлеуметтік психологиялық қасиеттерді зерттеумен қатар, құрбандыққа қатысты аспектілерге де үлкен мән берілді. Жәбірлену дегеніміз- бұл объективті мүмкін болған жағдайда жеке өзін-өзі жәбірленуден аулақ болудың мүмкін еместігімен немесе әлеуметтік рөлге байланысты немесе басқа да жағдайларға байланысты қылмыстың құрбанына айналу ықтималдығымен сипатталатын ерекше сипаттама. Қылмыс құрбандарын зерттеу, бұл жағдайда денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру бойынша арнайы заңдылықтың айқындалуын айтамыз. Көптеген қылмыстар, атап айтқанда, ауыр дене жарақаттарын қасақана зиян келтіру, кінәлі де, жәбірленуші де мас болғанда жасалады. Кейде жәбірленуші құқық бұзушыға қарағанда анағұрлым белсенді рөл атқарады. Ол қылмыскерді ерекше түрде тәрбиелеп, оны қылмыстық оқиғаға алып келеді. Кейде зардап шегушінің өзі тиісті жағдайдың

туындауын ынталандырады. Қасақана ауыр зиян келтірудің субъективтік жағы кінәлілік түрінде болады. Кінәлі адам өзінің іс-әрекеті арқылы басқа адамның денсаулығына нұқсан келтіретінін, әлеуметтік қауіпті салдардың (оның денсаулығына ауыр зиян келтіру) басталуын немесе мүмкін еместігін болжайтынын түсінеді және осы зардаптардың басталуын тілейді.

Кінәлілік пен денсаулыққа зиян келтіргені үшін жауапкершілік мәселелеріне арналған қылмыстық-құқықтық әдебиеттерде белгісіз ниет негізінде бірқатар қарсы пікірлер айтылған. Кейбір авторлар анық және белгісіз ниет ұғымын қатыгез деп таниды, өйткені бұл анықтық пен айқындықты белгісіздік пен болжамға ауыстырады, қылмыстың субъективті белгілерін мұқият талдаудан алшақтатады және біліктіліктің қателіктерін тудырады[5].

Іс жүзінде қылмыскердің қандай ниетпен денсаулыққа ауыр зиян келтіргенін анықтау өте қиын- нақты немесе белгісіз, бұл кейде оның әрекетін дұрыс бағалауға байланысты.

Сот практикасын зерттеу көрсеткендей, соттар мен тергеу органдары көп жағдайда ниет түрлеріндегі айырмашылықтарды ескермейді және қылмыстарды саралау кезінде қателіктер жібереді. Іс-әрекеттің тиісті біліктілігі туралы шешім, егер адам жасаған жарақаттың жәбірленушінің өміріне сәйкес келмейтінін білсе, адам ағзасының өмірлік маңызды мүшелеріне келтірілген дене жарақаттарының сипатын анықтаумен байланысты болуы керек.

Тергеушілер мен судьялардың қылмыстық құқық теориясында және құқық қолдану практикасында жасалған кісі өлтіру мен денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру кезінде абайсызда жәбірленушінің өліміне әкеп соққан қылмыстарды мұқият зерттеп, түсінуін қамтамасыз ету қажет. Осы қылмыстарды бір-бірінен ажырату кезінде жіберілген қателіктер көбінесе объективті жағына қарай бірдей болатындығымен түсіндіріледі. Адам өлтіру мен денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру кезінде абайсызда жәбірленушінің өліміне әкеп соқтыратын қылмыстардың айырмашылықтарын субъективті жағынан қарастыру қажет[6].

П.А.Дубовец «Іс жүзінде адамның дене қол сұғылмаушылығы денсаулыққа ешқандай зиян келтірмей-ақ та бұзылуы мүмкін. Мысалы, қорлау іс-әрекеттері кезінде. Кейбір жағдайларда дене қол сұғылмаушылығының бұзылу фактісінде, тіпті, қылмыс құрамы да болмайды. Мысалы, жеке тұлғаның өзге игіліктеріне қол сұғу белгілерінсіз бір адамның басқа адамның денесіне оның еркіне қарсы қол тигізуі. Сонымен бірге, дене жарақаты дене қол сұғылмаушылығын бұзбай-ақ келтірілуі мүмкін. Мысалы, қорқудың нәтижесіндегі психикалық ауру[7, 132б].

Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру қылмыстық құқық бұзушылығына байланысты көптеген теориялық даулы пікірлер бір арнаға келтірілмеген, осыған байланысты осы қылмыстық құрамын саралау, оны ұқсас қылмыс құрамдарынан ажырату көп қиындықтар туғызуда. Қылмыстық құқықтық теориядағы әлі күнге даулы мәселелердің бірі келтірілген дене жарақатының дәрежесін анықтайтын белгілердің бір жолға қойылмауы. Мұндай кемшіліктерге жол бермеу үшін сот, тергеу материалдарына әртүрлі теориялық пікірлерге толық ғылыми талдау жасалуы қажет.

Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің басты міндеттерінің бірі өз азаматтарының бостандықтары мен заңды құқықтарын барынша тиісті дәрежеде ұрғау болып табылады. Қазақстан Республикасы адам құқықтары мен бостандықтар жөніндегі халықаралық нормаларды толық мойындамай отырып, оны бұлжытпай жүзеге асыруға толық кепілдік береді. Қазақстан Республикасының бүкіл халықтық референдум арқылы қабылданған Конституциясының бабында айтылып кеткендей, адам өмірі жеке денсаулығы ең қымбат игілік болып табылады. Осы негізгі заңды ережелерді ескере отырып, Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінде көрініс тапқан қылмыстардың алдын алу үшін мемлекет өз тарапынан әртүрлі шаралар жасау қажет болып табылады.

Мемлекеттің басты қызметі- адам денсаулығын әртүрлі аурулардың алдын алу, яғни Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрлігінің адамдардың денсаулығын жақсарту мақсатын қамтамасыз ету. Елбасымыз айтқандай кез келген мемлекеттің қуаты-оның халқында, яғни денсаулығы мықты халық, болашағы жарқын ел. Сондықтан кез келген мемлекет өздеріне жүктелген ең басты қызметтерін тұрақты жүзеге асыруы қажет.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясы. –Алматы: ЖШС «Издательство «Норма-К», 2016.-29б.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі «Юрист» баспасы, Алматы. 2015-208 б.
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. –Алматы: Жеті жарғы, 2015.-768 бет.
4. А.Н.Ағыбаев\\Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы Ерекше бөлім-Алматы: «Жеті жарғы» 2011.-302 б.
5. Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 193-IV Кодексі.adilet.zan.kz (жүгіну уақыты 08.02.2022)
6. Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау туралы ҚР Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы N 1 Нормативтік қаулысы. adilet.zan.kz (жүгіну уақыты 08.02.2022)
7. Дубовец П.А. Ответственность за телесные повреждения по уголовному праву. Москва. 1964г. –С.238.

ОӘД 347.9

*Сапарғалиев Д. Е.**Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының 2 курс магистранты  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.***АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ДАУДЫ ШЕШУДЕГІ ТАТУЛАСТЫРУ  
РӘСІМДЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ**

**Андатпа.** Қазақстан Республикасында татуластыру рәсімдерін дамыту, дауларды шешудің және азаматтар мен заңды тұлғалардың бұзылған құқықтарын қорғаудың басым бағыттарының бірі болып табылады. Жалпы жанжалдар, даулар мен қарама-қайшылықтар әрқашан қоғаммен бірге жүрген және олар сөзсіз жойқын болса да, олар қоғамдық қатынастардың дамуына көп ықпал етті. Қоғам өмірінің әртүрлі кезеңдерінде даулар бірнеше жолмен шешілді: күшті адамның құқығы бойынша, шешім қабылдау үшін беделді адамға жүгіну немесе дауласушы тараптарды татуластыру арқылы жүргізілсе сот жүктемесі азаятыны сөзсіз.

Теориялық тұрғыдан медиация рәсімі деп дауды сот талқылауы басталғанға дейін сот шешім шығаруға кеткенге дейін, тараптарының ерікті ерік білдіруі негізінде дауды өзара қолайлы шешу мақсатында құқықтық дауларды шешу әдісі деп түсініледі. Бұл жағдайда дау сот шешімінсіз шешілетін болады.

**Түйінді сөздер.** татуласу рәсімдері, медиация, азаматтық іс жүргізу, азаматтық дау, бітімгершілік келісім.

**ЗНАЧЕНИЕ ПРИМИРИТЕЛЬНЫХ ПРОЦЕДУР В РАЗРЕШЕНИИ  
ГРАЖДАНСКО-ПРАВОВЫХ СПОРОВ**

**Аннотация.** Развитие примирительных процедур в Республике Казахстан является одним из приоритетных направлений разрешения споров и защиты нарушенных прав граждан и юридических лиц. Хотя общие конфликты, споры и противоречия всегда сопровождали общество, и они, несомненно, были разрушительными, они в значительной степени способствовали развитию общественных отношений. На разных этапах жизни общества споры разрешались несколькими способами: по праву сильного человека, при обращении к авторитетному лицу за принятием решения или примирением спорящих сторон, судебная нагрузка несомненно снизится.

Теоретически под процедурой медиации понимается способ разрешения правовых споров с целью взаимоприемлемого разрешения спора на основе добровольного волеизъявления сторон до начала судебного разбирательства спора до ухода суда на вынесение решения. В этом случае спор будет разрешен без судебного решения.

**Ключевые слова.** примирительные процедуры, медиация, гражданское судопроизводство, гражданский спор, мировое соглашение.

## THE SIGNIFICANCE OF PRIMIRITAL PROCEDURES IN THE RESOLUTION OF CIVIL AND LEGAL DISPUTES

**Abstract.** The development of conciliation procedures in the Republic of Kazakhstan is one of the priority directions of dispute resolution and protection of violated rights of citizens and legal entities. General conflicts, disputes and contradictions have always accompanied society, and although they are undoubtedly destructive, they have greatly contributed to the development of Public Relations. At different stages of society's life, disputes were resolved in several ways: by the right of a strong person, by applying to an authoritative person for a decision, or by reconciling the parties to the dispute, the judicial burden would inevitably decrease.

In theory, a mediation procedure is defined as a method of resolving legal disputes in order to resolve the dispute mutually acceptable on the basis of the voluntary expression of the will of the parties before the start of the dispute, before the court leaves for a decision. In this case, the dispute will be resolved without a court decision.

**Key words.** conciliation procedures, mediation, civil proceedings, civil dispute, settlement agreement.

Татуластыру рәсімдерінің қазіргі заманғы дамуы, бұрын Азаматтық іс жүргізу кодексінде болған татуласу келісімін ескере отырып, Қазақстанда 2011 жылы «Медиация туралы» заңды қабылдау жолымен басталды десек қателеспейміз[1]. Заң соттардың жұмыс жүктемесін және сот шығындарын азайту мақсатында қабылданды. 2011 жылғы 28 қаңтардағы медиация туралы заң Қазақстанда медиацияны ұйымдастыру үшін құқықтық негіз болып табылады, ол медиация қағидаттарын айқындайды, медиация рәсімдерін реттейді, медиаторлардың және медиацияны жүргізуді қамтамасыз ететін ұйымдардың құқықтық жағдайын ашады.

2015 жылы қабылданған және 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап заңды күшіне енген ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексі [2] түрлі татуластыру рәсімдерін қолдануды қарастырды. Дауларды реттеудің баламалы рәсімдерінің бұрын болған түрлері партисипативтік рәсіммен және сот медиациясымен толықтырылды. Татуластыру рәсімдері ҚР АПК-нің 17-тарауымен реттеледі. ҚР АПК-нің 174-бабына сәйкес татуластыру рәсімдеріне мыналар жатады: бітімгершілік келісім, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім және дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім. Дауларды шешудің соттан тыс әдістерін дамыту жүктемені азайтады, ал сот жүйесі органдары серіктестермен өнімді қарым-қатынасқа ықпал етеді.

Дауларды соттан тыс шешудің жаңа тәсілдері құқықтық өрісті азаматтық сот ісін жүргізудің тиімді құралдарымен кеңейтеді. Тәжірибе көрсеткендей, олар тұрмыстық, кәсіби, еңбек, шарттық, отбасылық және басқа салалардағы жанжалдарды шешуде қолданылады. Өздеріңіз білетіндей, азаматтық істерді қарау көп уақытты, материалдық ресурстарды қажет етті. Медиацияны, партисипативтік рәсімдерді енгізу даудың теріс аспектісі сияқты маңызды факторды алып тастауға мүмкіндік береді. Талқылау, келіссөздер барысында

медиация мен партисипативтік рәсімдерді қолдана отырып, туындаған жанжалды шешу үшін дауласушы тараптарға берілетін мүмкіндік іскерлік немесе адами қарым-қатынастарды сақтай отырып, тезірек және тез татуласуға әкеледі. Осы рәсімдер, сайып келгенде, екі тарап үшін де тиімді.

Татуластыру рәсімінің белгілері:

- оны өткізудің белгілі бір тәртібі;
- келіспеушіліктерді реттеу ретінде анықталған мақсат;
- тараптардың белсенді қатысуы;
- тараптарға тиесілі таңдау және пайдалану бастамасы.

Татуласу келісімі-бұл тараптар дауды тоқтататын немесе өздерінің құқықтық қатынастарындағы өзге де белгісіздікті өзара жеңілдіктер, олар үшін қолайлы шарттар (жеңілдіктер) арқылы жоятын шарт. Басқаша айтқанда, бітімгершілік келісім-бұл әдеттегі азаматтық-құқықтық келісім, оған сәйкес тараптар сот дауын тоқтатып, жаңа құқықтар мен міндеттер белгілейді.

Бітімгершілік келісім мен басқа азаматтық-құқықтық келісімдердің айырмашылығы-оны сот бекітеді және сот шешімінің күші бар. Бұдан басқа, шарт жасасудың Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінде көзделген қосымша процестік салдары болады. Істі сот талқылауына дайындау кезеңінде де судья тараптарды татуластыру бойынша шаралар қабылдауы керек және тараптар дауды бейбіт жолмен реттеу арқылы процесті аяқтағысы келмейтінін білуі керек [3, 44 б.].

Дауды бейбіт жолмен шешу жөніндегі бастаманы өз мойнына ала отырып, сот оны мемлекеттік мәжбүрлеусіз және тараптар үшін өзара қолайлы шарттарда шешуге ықпал ететін болады. Тараптар татуласу келісімін талап қою ісін жүргізу жағдайларында ғана жасасуға құқылы.

Егер осы Кодексте немесе заңда өзгеше көзделмесе, жария құқықтық қатынастардан туындайтын жағдайларды қоспағанда, ҚР АПК-нің 174-бабының 3-бөлігіне сәйкес дауды татуластыру рәсімдерін қолдана отырып реттеу туралы өтінішхат талап қою ісін жүргізуде берілуі мүмкін. Заң тараптар жасасқан татуласу келісімін жазбаша түрде жасауды талап етеді (Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінің 176-бабы) [2].

Қазақстанда да, қазіргі уақытта барлық жетекші мемлекеттерде де Азаматтық құқық саласындағы жанжалдар мен дауларды шешудің неғұрлым перспективалы рәсімдерінің бірі татуластыру рәсімі болып табылады. Татуластыру рәсімдері немесе балама рәсімдер дауларды сот шешімінен бірқатар артықшылықтарға ие. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының жаңа Азаматтық процестік кодексі (Қазақстан Республикасының АПК) қолданысқа енгізілді. Осы Заңның жаңашылдықтарының бірі дауларды шешудің балама рәсімдерін ілгерілету болып табылады. Дауларды реттеудің баламалы рәсімдерінің бұрын болған түрлері қатысу рәсімімен және сот медиациясымен толықтырылды. Татуластыру рәсімдері Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 17-тарауымен реттеледі. Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 174-бабына сәйкес татуластыру рәсімдеріне мыналар жатады:

- бітімгершілік келісім

– медиация арқылы дауды реттеу туралы келісімді және дауды партисипативтік рәсім арқылы реттеу туралы келісімді басшылыққа алады.

